

Б. Е. КӨМЕКОВ, Т. С. ЖҰМАҒАНБЕТОВ, К. С. ИГІЛКОВА

Қазақстан тарихы

Жалпы білім беретін мектептің
5-сыныбына арналған оқулық

5

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2017

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3 (5 Каз) я 72
К 68

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Пікір жазғандар:

Р. А. Бекназаров, тарих ғылымдарының докторы, профессор
З. У. Инжарова, педагогика ғылымдарының кандидаты
Л. А. Кошелец, жоғары санатты мұғалім

Көмеков Б. Е., т.б.

К68 Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық/Б.Е. Көмеков, Т.С. Жұмағанбетов, К.С. Игілікова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 144 бет.

ISBN 978-601-306-753-7

«Қазақстан тарихы» – отандық тарих ғылымының қазіргі жетістіктеріне негізделген, 12 жылдық білім беретін мектепке арналған оқулық. Оқулық материалы айтарлықтай жаңартылған, ҚР БҒМ-ның бағдарламасы бойынша өзірленген. Қазақстан тарихының ежелгі кезеңінен бастап б.з.б. 5 ғасырға дейінгі мерзімді қамтиды.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3 (5 Каз) я 72

ISBN 978-601-306-753-7

© Көмеков Б.Е., Жұмағанбетов Т.С.,
Игілікова К.С., 2017
© «Атамұра», 2017

ҚЫМБАТТЫ ОҚУШЫЛАР!

Сендер оқулықтың алғашқы бетін аштыңдар. Бұл – кітаптың беті ғана емес, сонымен бірге тарих әлемінің бастапқы жолы. Авторлар бұл жолды тартымды әрі танымдық сипатта беруді мақсат етті.

Біз әлемде аумағы жағынан 9-орын алатын үлкен мемлекетте өмір сүреміз. Елде 100-ден астам ұлт өкілдері тұрады. Оқу жылының соңына дейін оқитын «Қазақстан тарихы» пәні сендерге еліміздің осындай үлкен аумаққа ие болуының себебін, қазақтың қайдан шыққанын білуге көмектеседі.

Оқулық көптеген жаңа ақпараттан тұрады. Оны оқи отырып, табиғаттың құбылыстары – мұздықтардың түсуі мен қайтуы, таулар мен теңіздердің пайда болуы, ауа райының өзгерісі т.б. үдерістерімен таныс боласыңдар. Ең бастысы, адамның жаратылуы мен қалыптасуы және дамуы, оның физикалық, интеллектуалдық, рухани өсуі барысын оқып біле аласыңдар.

Адам үнемі қоғаммен бірге өмір сүреді. Сондықтан сендер қоғамдық қатынастардың алғашқы қауымдық құрылыстан мемлекетке дейінгі даму барысымен танысасыңдар.

Бұл оқулықта адамзат тарихының: ежелгі заманғы миллиондаған жылдарға созылған тас дәуірі, металл өңдеуді меңгерген қола дәуірі, алғаш рет мемлекет құрған темір дәуірі туралы баяндалады.

Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктерді сақ, сармат, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары қалыптастырды. Сендер осылардың әрқайсысының мәдениеті, шаруашылығы мен дүниетанымдық көзқарастарын оқып-үйренесіңдер.

Қазақстан – көпұлтты, тәуелсіз ел, біз онда мекендейтін барлық халықтың тарихы мен дәстүрін құрметтейміз. Еліміздің өткені – Қазақстан тарихын терең меңгеруге міндеттіміз.

КІРІСПЕ

Оқулықтың мақсаты – мектеп оқушыларына тарих барысын бірізділікпен, жан-жақты етіп түсіндіру, адам мен қоғам дамуының барлық кезеңін қарастырып, балаларға оның себеп-салдарлық байланыстарын үйрету. Мәселен, ауа райының суытуы киім мен тұрғын үй дайындауға себепші болды. Мұздықтардың еруі, үлкен аумақтарды су басуы адамдарды балық аулауға мәжбүрледі. Қайықты ойлап тапты, ау және басқа да құралдар жасады.

Оқулық 53 тақырыпқа бөлінген. Авторлар материалды логикалық және хронологиялық тәртіпті сақтай отырып, тарихи бірізділікпен беруге тырысты. Оқулықтың басында адамзат тарихының ежелгі кезеңдері – адамның пайда болуы, еңбек құралдарының шығуы, жаңа кәсіпшіліктің қалыптасуы т.б. қарастырылады. Мұнда ежелгі адамдардың шаруашылық әдістеріне ерекше көңіл бөлінді. Олар дамудың бұл кезеңінде табиғаттың дайын сыйын пайдаланып, өздері әлі ештеңе өндірмеген еді.

Келесі кезең – қола дәуірінде адамдар металл өңдеуді игере бастады. Бұл дамуда үлкен қадам жасауға мүмкіндік берді. Осы өзгерістер ерте темір дәуірінде одан әрі күрделене түсті. Темірді игеру → шаруашылықтың жаңа түрі (бақташылық) → еңбек құралдарын өндіру → қоғамдық еңбек бөлінісінің қалыптасуы, даулы мәселелерді соғыс арқылы шешу → меншік теңсіздігі туындады. Ежелгі тарих бізге «археология» деп аталатын ғылыми зерттеулер арқылы таныс.

Оқулықтың ерекше атап өтетін артықшылығы – адамның рухани және шығармашылық тұрғыдан өсуі мен дүниетанымының жетіле түсуін авторлар ғылыми таным-түсінікпен жеткізді. Қазақстан аумағындағы өркениет үлгісі адамның рухани жетілуінің айғағы болатын ғажайып археологиялық жәдігерлерден көрініс тапты. Оларға Таңбалы шатқалындағы петроглифтер, Қаратау беткейі мен Үстірттен табылған жәдігерлер, Есік, Берел қорғандары және т.б. орындардан кездесетін атақты «аң стилінде» жасалған заттар жатады.

Оқулықта берілген түрлі сұрақтар мен тапсырмалар оқу материалын терең меңгеруге көмектеседі. Олар жеке дайындалуға, сонымен бірге жұптасып, топпен жұмыс жасауға арналған. Әр тақырыпта оқушылардың қалауы бойынша орын-



далатын қосымша тапсырмалар да келтірілген. Тапсырмалар «Қазақстан тарихы» пәні бойынша жан-жақты білім алу мақсатымен өздігінен жұмыс жасап, қосымша дерек іздеуге арналған.

«Қазақстан тарихы» оқулығы ежелгі адамдар, алғашқы тылсым табиғат әлемі, қола және ерте темір дәуірлеріндегі тайпалар туралы нақты ақпарат алуға көмектеседі.

Халқының, туған жерінің тарихын оқыған жеткіншек елінің болашағын ойлайтын азамат болып шығатыны анық. Оқулықта көптеген айтулы оқиғалар, атақты тұлғалар туралы баяндалады. Сондықтан тарихты білу үшін бізге дейін өмір сүрген адамдардың жасампаздық істерінен үлгі алып, қателіктерін қайталамауға тырысу керек.

Тарихты адамдар жасап, өзгертеді. Оқушылар, біз сендердің «Қазақстан тарихын» жүйелі түрде оқып, терең меңгеріп шығуларыңа тілектеспіз.



I тарау

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ
АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІ

§1. «ТАРИХ» ПӘНІ ТУРАЛЫ

«Тарих» ұғымы. Тарих – адамзат туралы ғылым. Ол өмірде өткен маңызды оқиғалар, тарихи тұлғалар туралы ақпарат береді. Тарих үшін барлық үдеріс, адамзат баласының өткен өмірін еске түсіретін барлық оқиға маңызды.


Бұл бізге не үшін керек? Адамдардың бұрын қалай өмір сүргенін білу бізге неге қажет? Орта ғасырдағы атақты ғалым әл-Фараби былай деп жазған: «Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын». Ағартушы ғалым А. Байтұрсынұлы: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих» деген еді.

?? «Тарих» ұғымы қандай мағынаны білдіреді?

Бүгіннен бастап меңгеретін «Қазақстан тарихы» сенімен бірге соңғы сыныпқа дейін оқытылады. Жыл сайын сен қазіргі заманға жақындай түсесің. Біз, осы оқулықтың авторлары, сендер бүгінгі кезеңге кездейсоқ келмегендеріңді түсінеді деп үміттенеміз.

Әр адамның «Біз қайданбыз?», «Кімбіз?» деген басты сұрағына ғылыми әдіспен жауап беруге тырысамыз.

Тарих – халықтар мен мемлекеттердің көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі басынан өткен оқиғаларды жүйелі түрде оқытатын пән.



Геродот

«Тарих» сөзі көне араб тілінен аударғанда әуелі «уақытты анықтау» деген мағына берсе, кейін «оқиғалар тізбегі» дегенді білдірген. Бұл сөз алғаш рет тарихтың атасы атанған ежелгі грек ғалымы Геродот (б.з.б. 484–425 жылдар) еңбектерінде қолданылған.

Геродоттың бізге жеткен «Тарих» атты еңбегі тоғыз кітаптан тұрады. Ол уақыттағы тарихтың міндеті – шынайылықты,

оқиғалар мен дәлелдердің растығын анықтау болатын. Кейіннен өткен оқиғалар туралы кез келген әңгіме «тарих» деп атала бастады. Тарих өте қызықты ғылым саласы.

Тарих, біріншіден, дерек болып қалады, ол – Жердегі өміріміздің айғағы.

Ежелгі тарих барлық әлем бойынша *екі үлкен кезеңге* бөлінеді: «Алғашқы қоғам тарихы» адамзаттың пайда болуынан бастап, б.з.б. 1 мыңжылдыққа дейінгі және б.з.б. 1 мыңжылдықтан б.з.-дың 5 ғасырына дейін созылатын «Ежелгі тарих».



Күлтегін ескерткіші

?! Ежелгі замандағы тарихи оқиғалар туралы қайдан білеміз?

Тарихи деректер. Адамзаттың ертедегі өмірінен жеткен көптеген дүние бар. Олар *археологиялық, жазба, этнологиялық* дерек аталады.

Тарихи дерекке біз адамдар пайдаланған (киім, тұрғын үй, құрал-жабдық) заттар мен құралдарды, сондай-ақ бабаларымыз қалдырған жазба мәліметтерді жатқызамыз.

Көне және ежелгі жазба деректерге: «Авеста» – ежелгі иран деректері, Геродоттың «Тарихы», Страбонның «Географиясы», «Бехистун жазбасы», Гомердің мәліметтері, түркі тілді Күлтегін, Орхон-Енисей жазбалары және т.б. жатады.

Археологиялық деректерге адам қолымен жасалып, қазба жұмыстары кезінде табылған барлық зат жатады.

?! «Археологиялық қазба» дегеніміз не?

Бұл – зерттеу үшін жерден қазып алынған өткен дәуірдің көміліп қалған ескерткіштері. Қазақстанда көне қала Отырарда қазба жұмыстары жүргізілді. «Есік» қорғанындағы зерттеулер арқылы «Алтын адам» ескерткіші табылды. Ертеректе Алтайдан «Алтын қорған» қазылды. Осылардың бәрі еліміздің байырғы тұрғындарының мәдениеті мен тұрмысынан хабар береді. Ежелгі адамдардың тұрмыс-салты мен шаруашылығын білуге көмектеседі.



1. «Тарих» сөзі нені білдіреді?
2. Біз кімді «тарихтың атасы» деп атаймыз?
3. Тарих ғылымы нені зерттейді? Неге әр адам өз елінің, әлемнің тарихын білуі қажет?



Жұп болып талқылаңдар.

Орта ғасырдағы атақты ғалым әл-Фараби былай деп жазды: «Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын». Ағартушы ғалым А. Байтұрсынұлы: «Сөздің ең ұлысы – тарих» деген. *Сен осы ойшылдардың пікіріне келісесің бе? Неліктен?*



Қосымша тапсырма

Интернет қоры мен әдеби деректерді пайдалана отырып, «Археологтер – тарихты заттай дерек бойынша зерттеушілер» деген тақырыпта эссе жазыңдар.

Жазбаша тапсырмаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпты ашу үшін маңызды деректерді таңдап алу.
2. Түрлі суреттермен көркем безендіру.
3. Негізгі ойды жүйелі түрде, нақты жеткізу.

Эссені бағалау өлшемі:

- Мәселенің мазмұнын ашу – 1 балл.
- Өз пікірін жеткізіп, дәлелдеу – 1 балл.
- Келтірілген дәлелінің мазмұны мен сипатын ашу – 3 балл.
- Жоғары балл – 5.

§2. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ ОТАНДЫҚ ТАРИХШЫЛАР

Ежелгі Қазақстан тарихын зерттеушілер. Отанымыздың тарихын зерттеушілерді *ғалымдар* деп атайды. Ежелгі уақытта Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалардың өмірі мен тұрмысы туралы археологиялық деректерден білеміз. Х.А. Алпысбаев, А.Г. Медоев, А.М. Оразбаев сияқты археологтер тас дәуірін, Ө.Х. Марғұлан, М.К. Қадырбаев, В.Ф. Зайберт мыс және қола дәуірін зерттеді. Темір дәуірін С.С. Черников, К.А. Ақышев және т.б. зерттеді. Орта ғасыр дәуірін Б.Е. Көмеков, Т.Н. Сенигова, К.М. Байпақов және т.б. қарастырды. Ға-

лымдардың шығармашылық ізденістері арқылы іргелі ғылыми жаңалықтар ашылды. Олардың ізденімпаздығы, Қазақстан тарихының құпиясын ашуға деген құлшынысы, ата-бабаларымыздың басынан өткен оқиғаларын білуімізге мүмкіндік туғызады.

География – тарих сахнасы. Сендер еліміз әлемдегі 200-ден астам мемлекет арасында жер көлемі бойынша 9-орын алатынын білесіңдер. Қазақстан Республикасының аумағы көптеген халықты біріктіріп келді. Ежелгі уақытта да солай еді. Қазақстанның көне және ежелгі тарихын оқу барысында қазіргі аумақпен шектеліп қала алмаймыз. Мұнда халықтар басқа өңірден де келіп қоныстанды. Біздің тарихымыз – дүниежүзілік тарихтың құрамдас бөлігі. Сондықтан оқулық авторлары Қазақстанның қазіргі шегарасынан тыс тарихи, географиялық ұғымдарды қолданады:

- *Шыңжаң* – қазіргі Қытай Халық Республикасының солтүстік-батыстағы жері. Қазақстанмен шегаралас Тұрфан алқабы мен Тарым өзенін қамтып жатыр. Бұл өлке ежелгі мәдениет пен өркениет пайда болған жерлер болатын.

- *Алтай сілемдері, Саян.* Қазақстанның шығыс бөлігі. Бұл – қазіргі уақытта төрт мемлекетке (Қазақстан, Ресей, Қытай және Монғолия) бөлініп тұрған қарапайым ғана тау емес. Осы аумақта қазақтың бүгінгі физикалық түрі, түркі, монғол және финн-угор тілдерінің қазіргі диалектісі қалыптасты.

- *Есіл, Тобыл, Ертіс аймақтары.* Ежелгі уақытта адамдар осы өзендердің жағалауында көшіп-қонып жүрді.

- *Орал маңы.* Бұл аудан Оңтүстік немесе Далалық Орал маңы деп аталады. Еділден Орал өзеніне дейінгі аумақты және оның жағалауларын алып жатыр.

- *Оңтүстік Орал.* Оралдан Ембі (Жем) өзеніне дейінгі аумақ. Батыс Қазақстан, оны «Орал-Каспий дәлізі» деп те атайды. Ежелгі дәуір мен орта ғасырда Азия халықтары дәл осы аумақ арқылы Еуропаға өтуге талпынса, Еуропа халықтары Азияға енуді көздеген.

- *Орта Азия.* Қазіргі Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан аумағы. Ежелгі уақытта Орта Азияның шұрайлы алқаптарында көне мәдениет ошақтары қалыптасқан.

- Қазіргі *Иран* мен *Ауғанстан* аумағы. Қазақстан аймағын мекендеген халықтар барлық уақытта әрдайым тығыз байланыста болды.

- *Таяу Шығыс.* Еуропаға қатысына орай осылай аталады. Жерорта теңізінің шығыс бөлігінде орналасқан. Бұл аймақтар-



Ө.Х. Марғұлан

дың ежелгі өркениеті әлемге қазіргі *иудизм, христиан және ислам* дінінің негізін таратты.

Ө.Х. Марғұлан – академик, зерттеуші-ғалым. Әлкей Марғұлан 1904 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген (1985 жылы қайтыс болды). Әкесі – Хақан мен анасы – Нұрила өз заманының көзі ашық, сауатты адамдары еді. Олардың үйінде ақындар мен жыршылар, зиялы адамдар жиі болатын.

Болашақ ғалым бастауыш білімді ауыл мектебінен алады. 1915 жылы үш сыныптық орыс мектебіне оқуға түседі. 1917 жылы Ресей империясы екі төңкеріс жасап, Азамат соғысы басталады. Алайда соғысқа қарамастан Ө. Марғұлан 1919 жылы мұғалімдер курсына оқуға түседі. 1920 жылы ол ауылына оралып, мектепте сабақ береді. Жас мұғалім демалыс уақытында әйгілі тарихшы-өлкетанушы Ө. Диваевтың экспедициясына қатысады. 1921 жылы Семей педагогикалық техникумына оқуға түседі. Осы оқу орнында болашақ академик, геолог Қаныш Сәтбаев, жазушы Мұхтар Әуезов оқиды. М. Әуезов 1928 жылы Ө. Марғұланды өзімен бірге Ленинградқа (қазіргі Санкт-Петербург) оқуға түсуге шақырады. Бұл қалада Әлкей Марғұлан бірден үш жоғары оқу орнында – Шығыстану институты, Материалдық мәдениет институты (кейіннен Археология институты) және Өнер институтында оқиды. Ол кезде үлгеретін студентке бірнеше жерде оқуға рұқсат етілетін еді. Әлкей Марғұлан осы жағдайды пайдаланып, сапалы білім алып шығады.

1930 жылы Қазақстан Халық Ағарту Комиссариатының жанындағы жаңа әліпби комитетінде ғылыми қызметкер болып қызмет етеді. Сонымен қатар КСРО Ғылым академиясының материалдық мәдениет тарихы мемлекеттік академиясына аспирантураға түседі.

1934 жылғы сталиндік репрессия жылдары жала жабылып, түрмеде отырады, бірақ көп ұзамай ақталып шығады. Еліне оралып, аспирантурадағы оқуын жалғастырады, кандидаттық диссертациясын қорғайды. 30–40-жылдары КСРО Ғылым академиясы жүйесінде қызмет етеді.

1945 жылы филология ғылымы бойынша докторлық диссертация қорғайды. Осыдан кейін ғалым археологиямен кеңінен айналыса бастайды.

Кеңестік археологтер Қазақстандағы ежелгі қалалар мен тұрақтар өте аз еді деген жаңсақ түсінікте болды. Олар «Ежел-



гі уақытта біздің жерімізде тек жабайы аңшылар, одан кейін ешқандай мәдениет қалыптастырмаған көшпелілер өмір сүрген» деп есептеді. Әлкей Марғұланның Сарыарқа даласына жасаған экспедициясының барысында ежелгі қалалар кеңінен зерттелінді. Отырар, Тараз, Сайрам, Сығанақ және басқа көне қалалар мен тұрақтар Қазақстан аумағы әлемдегі өркениеттің қалыптасқан орны болғанын дәлелдеуге мүмкіндік берді. Академик «Қазақстанның солтүстігі мен шығысында да ежелгі қалалар мен тұрақтардың орны сақталған» деген ғылыми болжам айтты. Бүгінгі зерттеу жұмыстарының нәтижесі ғалымның бұл пікірін растап отыр.

1946–1974 жылдар аралығында Ә.Х. Марғұлан Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі әрі ұйымдастырушысы болды. Ол кейінгі қола дәуіріндегі ірі өркениет ошақтары – Беғазы-Дөңдібай мәдениетін ашты, андрондық мәдениеттің жерлеу салттарын зерттеді. 1958 жылы Ә. Марғұлан ғылымға қосқан зор жетістіктері үшін «академик» болып сайланды. Ол бар өмірін Қазақстан тарихын зерттеуге арнады, ұлттық археология мектебінің негізін қалады. Қазақстанда Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты құрылды. Академик Ә.Х. Марғұлан кейінгі ұрпаққа 14 томнан тұратын үлкен ғылыми мұра қалдырды.



1. Ежелгі Қазақстан тарихын зерттейтін ғалымдарды атаңдар.
2. Неліктен бұл ғалымдардың еңбегін жоғары бағалаймыз?
3. Тарихи географиялық ұғымдарға сипаттама беріңдер.

Ұғым	Аумағы	Ескерту

4. Кестені толтырыңдар.

Хронологиялық дәуірлер	Кім зерттеді?
Тас дәуірі	
Мыс және қола дәуірі	
Темір дәуірі	
Орта ғасырлар	



Жүп болып талқылаңдар.

Ә.Х. Марғұланның әлемдік деңгейдегі атақты ғалым болып қалыптасуына қандай тұлғалық және адами қасиеттері көмектесті? Академиктің ғылыми ерлігі неден байқалады?



**Қосымша тапсырма**

«Қазақстанның аса көрнекті тарихшылары» тақырыбы бойынша ауызша хабарлама әзірлеңдер.

Ауызша хабарламаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыптың өзектілігін ашып көрсету.
2. Қойылған мақсат-міндетті айқындау.
3. Зерттеу жұмысының ерекшелігіне тоқталу.
4. Негізгі түйіндерді тұжырымдау.
5. Ауызша хабарламаға берілетін уақыт – 7 минут.

Хабарлама мына талапқа сай болуы тиіс:

1. Мазмұндылық, ойдың нақтылығы;
2. Баяндаудың дәлелділігі, сенімділігі;
3. Сөйлеудің мәнерлілігі.

Хабарламаның негізгі мазмұнын ашатын слайдты таныстырылым дайындауға болады. Таныстырылым слайдтарын мәтінмен толтырмаған, күңгірт түсті фонда ірі әріптерді қолданбаған жөн екені туралы кеңес береміз.

§3–4. АДАМЗАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Алғашқы адамдар. Алғашқы адамдардың физикалық бет әлпеті маймылдың жетілген түріне жақын келеді.

Шығыс Африка аймағынан ағылшын антропологтері – Р. Дарт пен Л. Люис алғашқы адамдардың 3 млн жыл бұрынғы тасқа айналған сүйектерін тапқан. 1994 және 2009 жылғы археологиялық жәдігерлер Африкадағы ең алғашқы адамдар 4,4 млн жыл бұрын өмір сүргенін айғақтайды.

Адамзаттың қалыптасу тарихы әдетте үш кезеңге бөлінеді:

1) *Ennті адамдар* (homo habiles) – *австралопитек* түріне жататын ең алғашқы адамдар. Ғалымдардың болжамы бойынша, австралопитектер ғана тастан құрал жасаған.

2) *Тік жүретін адамдар* (homo erectus) – синантроп пен питекантроп, неандертальдықтарға жататын алғашқы адамдар.

3) *Қазіргі адамдар, саналы адамдар* (homo sapiens). Оның ежелгі түрі – кроманьондық адам.

Адамзат антропогенезінің (ағылшынша *антропос* – «адам», генезис – «шығу» дегенді білдіреді) арғы тегіне, әдетте *«австралопитек»* («оңтүстік маймыл» адамы) жатқызылады. Олар

маймылдың ең жетілген түрінен төрт белгісі бойынша ажыратылған:

- а) тік жүруі;
- ә) қару-жарақ жасай білуі;
- б) бас бармақтың басқа саусақтардан 90 градус бұрышпен орналасуы;
- в) ми көлемінің үлкендігі.


?? *Айтылғандардың қайсысын негізгі белгі деп санайсың? Өз пікіріңді дәлелде.*

Ұзақ жылдар осы белгілер қазіргі адамдар мен ежелгі адамдардың негізгі айырмашылығы болып есептелінді. Бүгінде бірқатар маймылдардың құралдарды әзірлеп қолдана алатыны анықталып отыр. Олардың кейбір түрінің тік жүретіні, бас бармақтары да адамға ұқсайды. Сондықтан алғашқы адамдарды маймыл төріздестерден ажырататын белгі – мидың көлемі. Ең дамыған, ересек маймылдың көлемі 400 см^3 -ден аспайтын болса, қарапайым австралопитектің миы 650 см^3 -ден асып түскен.

Адамдардың арғы тегіне жатқызылып жүрген тіршілік иелері *архантроп*, *палеантроп* деген жиынтық атаумен беріледі. *Питекантроп* тік жүретін адамдар тобына жатады. Сүйек қалдықтарын зерттеу арқылы питекантроптардың ми көлемі 900 см^3 -ге дейін жеткенін, маңдайы тайқы, қабақ үсті сүйегі шығыңқы болғанын, тік жүргенін білеміз. Иек сүйегінің жетілмегендігі олардың сөйлей алмағанын дәлелдейді. Синантроптардың ми көлемі 1000 см^3 -ден асқан.



Архантроп



Палеантроп



Кроманьондық





Питекантроп

Ежелгі адамдардың ғаламшарды біртіндеп әрі ұзақ уақыт игергені белгілі. Олар мыңжылдықтар бойы ғаламшардың жылы белдеуі бойынша орын ауыстырып отырды. XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап, бұл теорияға қарсы пікір айтушылар болды. Якутиядағы археологиялық зерттеулер Лена өзенінің жағасында мерзімі 3 млн жылға жуық палеолиттік тұрақтарды тапты. Бұндай деректер Қазақстан аумағындағы тұрақтарды қазу кезінде де табылды. Көріп отырғанымыздай, алғашқы адамдар Еуразия құрлығының солтүстік аймағын жылы климатты өлкелерден айтарлықтай ертерек игерген.

«Саналы адам» Адамның төменгі түрден жоғары түрге өтіп, жетілуі, яғни шығу тегі мен қалыптасуы эволюциялық тұрғыда жүзеге асырылды.

Қазіргі заманғы антропология ғылымында австралопитектер, питекантроптар және басқа маймыл тектестер адамның дамыған биологиялық түрі ретінде сипатталады.

Адам тәріздес маймылдардың көптеген түрі адамға айналу үрдісіне қатысты. Саналы адаммен қатар жер бетінде *неандертальдықтар* да мекен еткен. Олар көп уақыт қазіргі адамдардың тікелей тегі саналып келді. Алайда генетикалық зерттеулер неандертальдықтардың саналы адамдардан айтарлықтай алыс жатқандығын көрсетті. Неандертальдықтар саналы адамның арғы тегі болмай шықты.



Неандертальдық адам

Неандертальдықтар күркелерде (шалаш) тұрды, тастан жасалған қаруларды қолданды. Олардың дене бітімі еңкіш, қайратты келді. Неандертальдықтардың қабақүсті сүйегі шығыңқы, маңдайы тайқы, жақ сүйегі ірі, кеспелтек денелі болған. От жаққан, жабайы аң-құс аулаған, жеміс-жидек жинаған. Қарапайым қару жасаған, діни түсініктері қалыптасып, жерлеу рәсімдерін атқарған. Неандертальдықтар тас дәуірінің соңына қарай жойылып кеткен.



?? Алғашқы адам тектестердің ішінен неліктен саналы адам ғана аман қалғаны туралы ойларыңды айтыңдар.

Түр-тұлғасы бүгінгі біздерге ұқсайтын *саналы адам* осыдан 40–35 мың жыл бұрын қалыптасқан. Алғаш рет сүйегі Францияның Кро-Маньон үңгірінде табылғандықтан, саналы адам *кроманьондық* деп аталады. Саналы адамдар табиғатқа бейім әрі қиындықты жеңе білетін еді. Бірқатар адам тектестер табиғаттағы тепе-теңдікті сақтап, бейімделуге тырысты. Алайда олар уақыт өте келе жойылып кетті.

- ?**
1. Адамзаттың қалыптасу тарихы қандай кезеңдерге бөлінеді?
 2. Саналы адамның басқа адамдардан басты айырмашылығы неде?
 3. Кестені толтырыңдар.

Адамзаттың даму барысы

Адамның түрі	Антропологиялық мінездемесі	Кәсібі
Епті адамдар Тік жүретін адамдар Саналы адамдар		

≡ Жүп болып талқылаңдар.

Адамның пайда болуы туралы көзқарастар.

👉 Қосымша тапсырма

«Адамның қалыптасуы» тақырыбына әңгіме жазыңдар.

Бағалау өлшемі:

- Мәселенің мазмұнын ашу – 1 балл.
- Өз тұжырымын айтып, оны дәлелдеу – 1 балл.
- Тұжырымы мен оған келтірілген дәлелінің мазмұны мен сипатын ашу – 3 балл.
- Жоғары балл – 5.




§5–6. ПАЛЕОЛИТ. ЕЖЕЛГІ ТАС ДӘУІРІ

Дәуірдің сипаттамасы. Адамның пайда болуынан *ежелгі тас дәуірі* басталды. Б.з.б. 2,6 млн – б.з.б. 12 мың жыл аралығын қамтитын ежелгі тас дәуірі үш кезеңге бөлінеді: 1. *Ерте палеолит* (б.з.б. 2,6 млн б.з.б. 140 мың жылдар аралығы). 2. *Орта палеолит* немесе *мустье* (б.з.б. 140–40 мыңжылдықтар). 3. *Кейінгі палеолит* (б.з.б. 40–12 мыңжылдықтар аралығы). Палеолит кезеңдері бір-бірінен тастан қару жасау әдістерімен ерекшеленеді. Қазба жұмысы барысында палеолиттік тұрақтың жоғары қабатынан табылған құралдардың ұқыпты жасалғаны байқалады.

Палеолитте еңбек құралдары түрлі тастардан жасалынған. Шақпақ және әктастар кескіш құрал ретінде пайдаланылды. Олардан тас пышақтар мен соғыс қаруларын, базальт пен құмдақ тастардан еңбек құралдарын жасаған.

Ежелгі тас дәуірінде ауа райы ұзақ уақыт суық және жылы болып тұрған. Алғашқы адамдар тас дәуірінің бас кезінде шыққан. *Питекантроптар* мен *австралопитектер* қаумалап аң аулаған. Олардың санының көбеюі өмір сүрген ортасында өзара бәсекелестікке жеткізді.

Алғашқы адамдар үңгірде тұрып, тас құралдарды пайдаланған. Алайда қазіргі кезеңде ежелгі тас дәуіріндегі тұрақтар таудан алыс орманды, жазық жерлерден де табылды. Адамдар үлкен құрастырмалы күркешатырға ұқсас көшпелі баспаналар тұрғызған.



Алғашқы адам

Тас құралдың көмегімен ағаш пен сүйектен тұрмыстық бұйымдардың ондаған түрін дайындаған. Тас құралдар үлкен жетістік саналып, ұрпақтан ұрпаққа киелі мұра ретінде беріліп отырған.

Ежелгі адамдар үшін нағыз сынақ кезеңі палеолит кезеңінің ортасында басталды. Жер бетінде ауа райы күрт салқындап, *мұз басу дәуірі* орын алды. Мұз басу дәуірі бұдан 250 мың жыл бұрын басталды. Жер бетінің көп бөлігін қалың мұз қабаты басып қалды. Дат



Мұз басу дәуіріндегі жануарлар

ғалымдарының айтуынша, мұз қысқа уақытта жер бетін үш рет басып, еріген. Б.з.б. 14–13 мыңыншы жылы қазіргі Арктика шегарасына ауысқан.

? *Қалай ойлайсыңдар, мұз басу дәуірі адамдардың өміріне қандай өзгеріс әкелді?*

Мұздың бірнеше метрлік қалың қабаты шамамен Солтүстік Қытай, Оңтүстік Қазақстан, Орта Азия, Кавказ, Кіші Азияға дейінгі Солтүстік жартышардың үлкен бөлігін басып қалды. Адамдардың өмір сүру ортасы жоғалып, олар қар мен мұз жапқан аймақты тастап кетті.

Мұз басу дәуіріндегі *ежелгі адамдардың* суық ауа райына көндігуіне тура келді. Бәрінен бұрын суық ауа райына *неан-*



Алғашқы адамдардың өмірі



Мамонт. Мұз басу дәуірі

дертальдықтар мен *синантроптар* бейімделді. Мұз уақытша қайтқан кезде адамдар босаған аумақтарды игере бастады. Мұз қайта басқан уақытта тундраның шегарасына кетіп қалды.

Алғашқы қауым адамдары жабайы жылқы мен мамонт, жүндес мүйізтұмсықтарды, солтүстік бұғыларын, бұқаларды аулаған. Бұл кезде табиғат бай, ал оны мекендейтін адам саны аз болатын.

Мектеп оқушыларына кейінгі палеолит адамдарының бейнесі ретінде маймыл тәріздес, мығым денелі, киімнің орнына иығына аң терісін жамылған, қолына жуан шоқпар ұстаған қаһарлы адамдар елестейді. Ұзақ қыс пен қысқа мерзімді жаз жағдайында неандертальдықтар мен синантроптар киімсіз болса, суыққа шыдамай өлген болар еді. Заманауи ғылыми жетістіктерінің нәтижесінде адамдардың бүгінгі Сібір тұрғындары сияқты жылы киім кигені анықталды. Үңгірде емес, жиналмалы үйлерде тұрғанын, тасқа сурет салып, діни ғұрыптарын атқарғанын дәлелдеп отыр. Тас дәуірінің



Францияның Ласко үңгіріндегі суреттер



діни орындарының бәрі бізге жеткен жоқ. Үңгірдегілері ғана сақталған. Олардың қатарында Оңтүстік Оралдағы Капова, Испания мен Франциядағы ғажайып суреттер салынған үңгірлерді атауға болады.

Қазақстандағы алғашқы адамдар. Қазақстан аумағында алғашқы адамдар бұдан 1 млн жыл бұрын пайда болып, аймақты игере бастаған.

?? Бұл кезеңде қандай жағдайлар Қазақстан аумағын игеруге қолайлы болды?

Мұз басу дәуіріне дейін Қазақстан аумағында ауа райы жылы болғаны белгілі. Орта Азия мен Орта Шығыс белдеуі бойынша биік таудың болмауы Қазақстан аумағына Үнді мұхитынан келетін субтропикалық ауа райының жыл бойы сақталып тұруына қолайлы әсер етті.

Бұл кезеңде алғашқы адамдар жер бетінің үлкен аумағын қоныстанды. Аңшылықпен айналысқандықтан, оларға үлкен аймақ керек еді.

Қазіргі уақытта қазақстандық археологтер Қаратау мен Үстірттен алғашқы адамдардың тұрақтары мен еңбек құралдарын тауып отыр. Қаратаудағы Ш. Уәлиханов атындағы және Тәңірқазған, Бөріқазған тұрақтары мен Үстірттегі Шақпақатадан табылған тас құралдары бұдан 1 млн жыл бұрын жасалған.

Қазақстан жерінен табылған ең көне тас құралдар – бір жағында жүзі бар, балтаның алғашқы түрі – **чоппинг**, бір немесе екі жағынан өңделіп, қыр салынған **унифас** пен **бифас**, тастың жан-жағынан шауып алғанда қалған өзегі – **нуклеустер** деп аталады. Ағаш шауып, аң етін кесіп, тері өңдеуде чоппинг пайдаланылған.

Қазақстан аумағында алғашқы адамдардың сүйек қалдықтары табылмаса да, олардың іздері қалған аймақ жеткілікті.



Тастан жасалынған еңбек құралдар





Жердің геологиялық тарихында тау жоталарының түзілуіне байланысты елеулі өзгерістер орын алды. Жер қыртысының күшті қозғалысы ұлы таулар: Алтай, Тянь-Шань, Тибет, Гималай жүйесінің түзілуіне әкелді.

?? Бұл өзгерістің салдары қандай болғаны туралы өз ойларыңды айтыңдар.

Ежелгі тас дәуірінде Қазақстан жерінде жылдың жылы және салқын мезгілдері ауысып тұратын далалық шөлді, шөлейт табиғи орта қалыптасты. Алғашқы адамдар ауа райының бұлайша өзгеруіне бейімделді. Сол уақыттың тұрақтарынан жабайы аңдардың (жылқы, бөкен т.б.) сүйектері, тас құралдар табылды. Мұз дәуірі аяқталғаннан кейін Қазақстан аумағын саналы адамдар игере бастады.

Балама пікір. Кейбір зерттеушілер «Африкаға алғашқы адамдардың бейнесі негроидтарға емес, монголоидтарға жақын» деп есептейді. Монголоидтардың тіс құрылымы ежелгі неандертальдықтар мен тік жүретін адамдарға (*homo erectus*) ұқсас. Монғол өңдес адамдар арктикалық тундрадан бастап экваторлық ылғалды ормандарға дейінгі аумақта өмір сүруге бейімделген. Ал негроидтық нәсілдің балалары жылы ауа райына ғана бейімделген. Олар солтүстік ендікте суыққа шыдай алмай, D витаминінің жетіспеуінен мешел ауруына жиі шалдығады. Алғашқы адамдар қазіргі африкалықтарға ұқсаса, олар Жер шарының барлық аумағына қоныстанып, игере алмас еді.

?? Бұл пікірге өз ойларыңды білдіріңдер.



1. Палеолит қандай кезеңдерден тұрады?
2. Мұз басу дәуірі қашан басталған?
3. «Қазақстан аумағындағы палеолит тұрақтары» кестесін толықтырыңдар.

Тұрақ атауы	Аумағы	Табылған еңбек құралдары

4. Қаратау тұрағынан табылған алғашқы еңбек құралдары қашан жасалған?
5. Жердің геологиялық тарихында қандай өзгеріс орын алды?




6. Өткен тақырыптардың мазмұны бойынша «Алғашқы адамның пайда болуы» кестесін толтырыңдар.

Салыстыруға арналған сұрақтар	Дәстүрлі көзқарас	Бүгінгі зерттеу нәтижелері
Алғашқы адамның пайда болған уақыты		
Жер бетіне таралып, қоныстануы		
Алғашқы адамның қалыптасу кезеңдері		
Алғашқы адам миының жетілу себептері		
Киімі		
Тұрағы		
Алғашқы адамның физикалық түр-түрпаты		

 **Жүп болып талқылаңдар.**

Алғашқы адам тектестердің арасынан суық ауа райына неліктен неандертальдықтар жақсы бейімделді? Ауа райына бейімделгіш болса да не себепті неандертальдықтар жойылып кетті?

 **Қосымша тапсырма**

Интернет қоры мен қосымша деректерді пайдалана отырып, «Палеолит дәуіріндегі Қазақстан» тақырыбында ауызша хабарлама дайындаңдар.

Ауызша хабарламаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыптың өзектілігін ашып көрсету.
2. Қойылған мақсат-міндеттерді айқындау.
3. Зерттеу жұмысының ерекшелігіне тоқталу.
4. Негізгі түйіндерді тұжырымдау.
5. Ауызша хабарламаға берілетін уақыт – 7 минут.

Хабарлама мына талапқа сай болуы тиіс:

1. Мазмұндылық, ойдың нақтылығы;
2. Баяндаудың дәлелділігі, сенімділігі;
3. Сөйлеудің мәнерлілігі.

Хабарламаның негізгі мазмұнын ашатын слайдты таныстырылым дайындауға болады. Таныстырылым слайдтарын мәтінмен толтырмаған, күңгірт түсті фонда ірі әріптерді қолданбаған жөн екені туралы кеңес береміз.

§7. АДАМЗАТ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Адамдар тобыры. Жануарлар тіршілік ету үшін табын не үйірге бірігеді. Шөпқоректі жануарлар үнемі топ-тобымен жүреді. Жыртқыштар, мысалы, қасқырлар ірі жануарларды аулау үшін қыста үйірге топтасады, бірқатар аңдар бұл уақытта қысқы ұйқыға кетеді.

Ежелгі *австралопитектер* алғашында табиғи құралдарды пайдалана алмаған. Австралопитектерге ірі жыртқыш аңдар шабуыл жасап, қырып кетіп отырған.

?? *Австралопитектердің мұндай қауіп-қатерден аман қалуына қандай жағдай әсер етті?*

Алғашқы адамдар шағын топтарға бірігуге мәжбүр болды. Олар жыртқыштардан бірге қорғанып, жабайы аңдарды топтаса жүріп аулады. Тамақ талғамайтын еді.

Алғашқы адамдар уақыт өте келе тас пен таяқты пайдаланды үйренді. Бұл дағдысын одан әрі жетілдіріп, отты қажетіне жаратуды меңгеріп алды.

Отты пайдалану арқылы алғашқы маймыл тектес адамдар жануарлар әлемінен бөлініп шыға бастады. Өз ұрпағын қауіп-қатерден сақтап, оларды тамақпен қамтамасыз ету міндеті тұрды. Алғашқы тобыр *20–30 ересек жандардан* құралып, ұрпағын жыртқыш аңдардан ғана емес, ежелгі адамдардың басқа да топтарынан қорғайтын.

Балалар өсіп, есейген сайын адамдар тобырының құрамы да өзгеріп тұрды. Алғашқы адамдардың күш-қуаты мығым ересектері өз топтарын құратын. Өмір сүру ұзақтығы 20–22 жастан аспады. Адамдар тобыры шағын болғандықтан, шөпқоректі жануарларды аулады, олардың жыртқыш жануарлардан айырмашылығы аз еді. Құрамы жиі өзгеріп тұрса да алғашқы адамдар тобыры қауымдық қоғамның бастапқы түрі болды.

Алғашқы қауымдық қоғам. Питекантроптар кезеңінде адамзаттың алғашқы қауымдық қоғамы қалыптасқан. Тобырлық кезеңнен айырмашылығы – қауым 3–4 мыңдай адамнан құралған. Онда көсемдер мен абыз, беделді аңшылар, қарапайым қауым



Кроманьдықтардың үңгір аюын аулауы

мүшелері болды. Олардың арасында күрделі әлеуметтік қарым-қатынас орнықты. Осы кезеңнен бастап *алғашқы қауымдық қоғам заманы* басталады.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас жекеменшіктің болмауымен, жекелеген адам немесе отбасылардан жоғары тұратын қоғамдық мүдденің үстем болуымен ерекшеленді. Алғашқы қауымдық қоғамда адамдар өздері жасаған жеке дүниелері: киім, аң аулау үшін әзірленген қарулар мен күркелерін ғана иеленді. Аңшылық, терімшілік, балық аулаған кезде жиналған азық-түлік қауым мүшелері арасында тең бөлініп отырды.

Алғашқы адам биологиялық түр ретінде пайда болғанмен, әлі толық қалыптаса қоймаған еді.

?? *Қалай ойлайсыңдар, неліктен солай болды?*

Адам баласы ұжым, қауыммен бірге ғана адам ретінде қалыптаса алады. Қоғамнан тыс олар сөйлеуге дағдылана және еңбек құрал-жабдықтарын пайдалана алмайды.

Қауым мүшелері арасында тыйым салудан олардың қарым-қатынастарын реттейтін заң ережелері келіп шықты. Бұл әлеуметтік қатынастардың туындап, қоғамның пайда болуына әкелді.

Алғашқы қауымдық қоғамда жынысына қарай белгілі бір еңбек түріне мамандану үрдісі қалыптасты. Ерлер аң аулады, әйелдер күркелер мен кепелер тұрғызды, терімшілікпен айна-



Алғашқы қауымдық қоғам

лысты, тұрмыстық заттарды дайындады, ұжымдық асты өзірледі. Ал балалар үлкендерге көмектесті, есейе бастағанда ересектер өміріне дайындалды.

Алғашқы қауымдық қоғам қоныстарының төңірегінде қауымның тұрақты пайдаланатын жері болды.

Тас дәуірінің тайпалары мен рулары. Біртіндеп үлкен алғашқы қауымдық қоғам ыдырай бастады. Бір бөлігі негізгі мекендерден кетіп, жаңа қауым құрды. Жаңа қауым бір-бірімен шаруашылық және туысқандық қарым-қатынасын үзбеді. Бұл *мезолит* (орта тас дәуірі) кезеңінде күшейе түсті. Ауа райы жылына бастады, қар мен мұздың еруі сол дәуірдегі адамдардың аралдарда тұруына да қолайлы жағдай жасады. Шаруашылық және туыстық белгісі бойынша *бірнеше отбасы бірігіп, ру* құрады.

Палеолит қауымының мүшесі жақын туысына үйленсе, енді рулық бөліністің орнауына байланысты неке екі рудың арасында жүзеге асырылатын болды. Бұл қан араласуынан туындайтын аурулардың азаюына, бала санының көбеюіне, ру мүшелері санының артуына жеткізді.

Алғашқыда екі руды тек неке қатынасы байланыстырды, алайда біртіндеп алыс-беріс ұлғая түсті. Шаруашылық дағдысы және ортақ тіл, мәдени құндылықтармен алмасу ірі бірлестік-



Рулық қауым

тердің негізін қалады. Осылайша, мезолитте *тайпалық одақ* қалыптасты.

Неолит – жаңа тас ғасырында Жер шарының жекелеген аймақтарында шаруашылық түрінің жаңа ошақтары шыға бастады. Олар: егіншілік, бақташылық және металл өңдеу кәсіптері еді. Неолит пен *энеолит* (мыс-тас) дәуірінде өндіргіш шаруашылықтың нығаюымен бірге адамның шығу тегін анықтау аналықтан әкелік белгіге ауыса бастады. Ортақ шаруашылық жүргізетін үлкен патриархаттық отбасы қалыптасты.

Тайпа ру көсемдері арасындағы келісімшарт негізінде құрылды. Тайпаға өзара туыстық жақындығы барын сезінген адамдар тобы кірді.

Тайпа – саяси одақ еді. Мұндай одақты бір көсем басқарды. Көсем тайпаға дұрыс басшылық етсе, ұрпақтары да көсем бола алатын. Қоғамда көсемнің жеке тұлғасын дәріптеу, шығу тегін құдаймен байланыстыру үрдісі орныға бастады. Мәселен, түркі халықтары арғы тегін киелі ұғым Көк бөрімен байланыстырды. Ғұн әміршісі өзін *Көктің ұлымын* деп есептеді. Тайпа мүшелері өздерінің артықшылықтарын дәріптейтін аңыз-әңгімелерге сенді. Тайпалардың құдайдың қалауымен жаратылғаны туралы аңыздар кең таралды.



1. Адамдар тобыры мен алғашқы қауымдық қоғамды салыстырыңдар. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылығы неде?
2. Тас дәуірі адамы қанша өмір сүрді? Мұны қалай түсіндіруге болады?
3. Тас дәуірінің кезеңдерінде адамзат қоғамында қандай өзгерістер орын алғаны жайлы кесте толтырыңдар.

Тас дәуірінің кезеңдері	Қауымдағы өзгерістер
Палеолит Мезолит Неолит	



Жұп болып талқылаңдар.

Неліктен алғашқы қауымдық құрылыс адамзат қоғамының көне үлгісі саналады? Дәлел келтіріңдер.



Қосымша тапсырма

«Алғашқы қауымдық қоғам» тақырыбында әңгіме жазыңдар.

Тарихи тақырыптағы әңгімеге қойылатын талаптар:

1. Материалды терең меңгеру.
2. Тақырып бойынша негізгі ұғымдар мен терминдерді дұрыс қолдана білу.
3. Өздігінен шығармашылық ізденіс жүргізу.
4. Өз ойын нақты әрі жүйелі түрде жеткізу.
5. Тақырып бойынша қосымша деректерді пайдалану.

§8. ПАЛЕОЛИТ АДАМДАРЫНЫҢ КӘСІБІ

Дайын өнімді тұтыну. Алғашқы адамдардың ежелгі кәсібі дайын өнімді тұтыну – *терімшілік* еді. Олар табиғи өнімді дайын күйінде пайдаланды. Жабайы жануарлар мен құстарды ұстады, өзен-көлдерден балық аулады, жеуге жарайтын өсімдіктерді жинады. Алғашқы кәсіпшіліктің бұл түрі азық-түлік қорын жасау үшін жерінің көлемді болуын, адамдар ұжымының мүмкіндігінше алшақ қоныстануын талап етті. Сондықтан палеолит тұрақтары оқшау орналасқан.

Алғашқы қауымдық аңшылық. Ежелгі адамдар табиғаттың бір бөлшегі болғандықтан, азығын аң аулаумен тапты.



Ежелгі адамдардың алғашқы кәсіптері:
тас шапқымен өсімдік тамырын қазу; тас кескішпен аң сою

?! Қалай ойлайсыңдар, неліктен?

Аңшылықтың терімшіліктен ерекшелігі – ол барлық маусымда жүзеге асырылатын әрі адамның көбірек азық табуына мүмкіндік берді. Аңшылар аң үйіріне жақын келіп, күтпеген жерден қоршап алатын.

Адамдар тобырдан алғашқы қауымдық қоғамға өткенде аңшылықтың ұйымдасқан әдісі пайда болды. Питекантроптар қауымы тұрағында әйелдер мен балалар аңшылардың олжалы оралуын күтіп отырды. Олардың өмірі аңшылықтың сәтті өтуіне байланысты еді.

Ашық орындарда аңшылықтың ежелгі түрі – дала шөптері мен орманның бір бөлігін өртеу тәсілі қолданылды. Отқа күйіп өлген жануарлар мен құстардың, ірі жәндіктердің қалдықтарын жинап, тамақ ретінде пайдаланған.

?! Аңшылықтың бұл түрі қоршаған ортаға қалай әсер етті?

Өртеу біртіндеп сирей бастады себебі уақыт өткен сайын өсімдіктер қайта шығып үлгермеді, өрттен кейінгі бұл жерлерден тіршілік иелері қаша бастады. Жер қаңырап, су көздері құрғап қалды. Ежелгі адамдар алғаш рет әлемде табиғат пен адам арасында тепе-теңдікті сақтаудың қажеттігін түсінді.

Алғашында ірі жануарлар мен шөпқоректілерді қаумалап аулайтын. Әрине, жекелеген аңшылық түрі де шыға бастады. Алайда мыңдаған адамды тамақтандыру үшін өте көп азықты қажет етті. Алғашқы қауымдық қоғамның тұрғындары күні бойы тек тамақ дайындаумен немесе оларды өндіру үшін қару әзірлеумен айналысты. Аңмен бірге балық аулады, жеуге жарамды өсімдіктер жинады.

Аңшылық әдістері. Мұз басу дәуіріне дейін ұсақ жануарлар қаумалап ауланса, мұз дәуірінде үлкен аңдар да ауланды. Қауымдастық мүшелерін азықтандыру үшін аңшылар аң аулаудың *қаумалап ұстау* әдісін пайдаланды. Осылайша, көп адамды тамақтандыруға мүмкіндік беретін және айтарлықтай ұзақ уақытқа жететін бұғы, аю, жабайы бұқа т.б. аулана басталды.

Жазық жерлерде қаумалап аулау үшін апан-шұңқырлар қазылды. Осы мақсатпен жануарлардың маусымдық қозғалысы кезінде жүретін жерлеріне алдын ала терең орлар қазылып, табиғи сай-жыралар да пайдаланылды. Аңшылардан қашқан үйір шұңқырға құлап, қорыққаннан бір-бірін таптап тастайтын. Бұл әдіс қауымдағы көп адамды тамақпен ұзақ уақыт қамтамасыз етті. Суық күндері етті сақтау қиындық тудырмайтын. Ал жылы кезде ет пен теріні сақтау қиын болды да, тірлікке қауымның барлық мүшесі түгелдей дерлік кірісетін. Көп мөлшердегі етті сақтау оңай емес еді. Ет тұздалды, күнге қақталып, кептірілді.

Мұз дәуірінде тундрадағы арктикалық аймақтарды мекендеген алғашқы қауымдық қоғамдар бизон, солтүстік бұғысы т.б. аңдардың маусымдық өріс жолында орналасты. Қауым кез келген уақытта жиналып, жаңа аңшылық орындарына қоныс аударып отыратын.

Неандертальдықтар отпен және басқа да аңшылық құралдардың көмегімен жекелеген аңдарды үйірінен бөліп, алдын ала



Қаумалап аң аулау



Жаралы бизон.
Альтамир үңгіріндегі
сурет (Испания)

дайындалған апанға немесе сай-жыраға құлататын. Мертіккен аңды жабылып жүріп ұрып өлтіретін. Оның еті үлкен олжа еді, барлық қауым мүшелеріне біразға жетіп, аңшылықтан кейін демалуға мүмкіндік беретін. Мамонттың терісі мен қабырғасы жиналмалы үй-күрке дайындау үшін пайдаланылса, майы үйді жарық ету, жылыту үшін қолданылды.



1. Аңшылықтың ең көне түрін атаңдар.
2. Палеолитте азықпен қамтамасыз етудің негізгі түрі неліктен аңшылық болды?
3. Палеолит адамдары қандай кәсіппен айналысты?



Жүп болып талқылаңдар.

«Палеолит кезеңіндегі аңшылық» тақырыбын талқылау барысында кесте толтырыңдар.

Аңшылық түрі	Аңшылық әдісінің сипаттамасы	Артықшылығы	Кемшілігі



Қосымша тапсырма

Интернет қоры мен әдеби деректерді пайдалана отырып, «Палеолит дәуірінің кәсібі» тақырыбында ауызша хабарлама дайындаңдар.

Ауызша хабарламаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыптың өзектілігін ашып көрсету.
2. Қойылған мақсат пен міндетті айқындау.



3. Зерттеу жұмысының ерекшелігіне тоқталу.
4. Негізгі түйіндерді тұжырымдау.
5. Ауызша хабарламаға берілетін уақыт – 7 минут.

Хабарлама мына талапқа сай болуы тиіс:

1. Мазмұндылық, ойдың нақтылығы;
2. Баяндаудың дәлелділігі, сенімділігі;
3. Сөйлеудің мәнерлілігі.

Хабарламаның негізгі мазмұнын ашатын слайдты таныстырылым дайындауға болады. Таныстырылым слайдтарын мәтінмен толтырмаған, түсті фонда ірі әріптерді қолданбаған жөн екені туралы кеңес береміз.

§9. МЕЗОЛИТ. ОРТА ТАС ДӘУІРІ (б.з.б. 12–5 мыңжылдықтар)*

Ауа райының өзгеруі. Кейінгі палеолит пен мезолит кезеңінің басында ауа райы өзгеріп, мұз ереді. Қазақстан аумағында өзен, көл, батпақ көбейіп, қылқанжапырақты өсімдіктер қаулап шықты. Палеолит пен жаңа тас дәуірі аралығындағы кезең – мезолитте адамның қазіргі заманғы келбеті толықтай қалыптасты. Олар басым биологиялық түрге айналды. Мұздықтар еріп, солтүстікке қарай қозғалды, олармен бірге мамонт, салқын ауа райын бейімделген адамдар да жылжыды. Қиыр солтүстікке адамдардың мезолит дәуірінде келгені, олардың палеоазиат, монголоид өңдес болғаны анықталды.

Бұл кезеңде адамдар шымыр, ширақ болды. Олар бір орыннан екінші орынға жиі ауысып отырды. Мезолитте адамдар тұрақты тұрғын үйді сирек тұрғызды және үлкен аумақта үнемі дерлік көшіп-қонып жүрді. Сондықтан олардың тұрақтарында айтарлықтай мәдени қабат қалыптасып үлгермеді. Археологиялық зерттеулерде бұл дәуірдің тұрақтары аз анықталған.

Мезолит дәуіріндегі шаруашылық. Мезолит дәуірінің тағы бір ерекшелігі – жануарлардың кейбір түрлері көбейді. Мысалы, қоян, бұғы, қасқыр және т.б. Бұл аңдарды жекелеген аңшылар аулады. Жүйрік аңдарды аулау үшін қару-жарақтың жаңа түрі – *садақ* пен *жебе* пайда болды.

?? *Садақ пен жебе неге мезолит дәуірінде ойлап табылды?*

* Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, мезолит б.з.б. 10–7 мыңжылдықтар аралығын қамтиды.



Балық аулау

Халық саны көбейіп, аңшылық жерлердің жетіспеуіне байланысты ежелгі адамдардың бір бөлігі мезолит дәуірінде солтүстік аймақтарды мекендей бастады. Олар Есіл, Тобыл, Торғай, Жайық өзендерінің бойын қоныстанды. Тамақ табудың басты көзі балық аулаумен айналысты. Еріген мұздықтар өзен-көлдердің деңгейін көтерді. Соның нәтижесінде адамдар қайық, ау, сүйектен жасалған сүңгіні ойлап тапты.


Балық аулау арқылы бір мезгілде жеткілікті мөлшерде көп тамақ табуға болатын еді. Сонымен қатар адамдар жағалаудағы құстарды да ұстап, жұмыртқаларын жинады, қамыс арасындағы аңдарды, яғни жолбарыс пен қабан, құндыз т.б. аулады.

?! Мезолит дәуірінде балық аулау неліктен кәсіптің негізгі түрі болғанын түсіндіріңдер.

Тұрақтар өзен-көлдердің жағалауына орналасты. Есіл өзенінің алқабынан едені терең қазылмаған, қабырғасы бөренелерден тұрғызылған, аумағы 40–60 м² келетін тікбұрышты құрылыстар табылды. Сондай-ақ балықшылар күркесінің іздері де анықталып отыр.

Мезолитте еңбек құралдарын жасау техникасында түбегейлі өзгерістер орнықты.

Кейінгі мезолит дәуірінде адамдар *микролит* – ұзындығы 1–2 сантиметрлік ұсақ тас құрал жасауды үйренді. Микролит тас тілігінен немесе жаңқадан дайындалды. Екі шеті, кейде бір



Мезолит құралдары



Микролиттер түрлері

қыры мен ұшы өткір етіп жасалған микролит жебенің ұшы, пышақтың жүзі ретінде пайдаланылды.

Адамдар құрал жасауда өзегі сүйек не ағаштан дайындалған құрамалы техника әдісін қолдана бастады. Ұсақ өткір тастар (микролит) ағаштың ұзына бойына тілінген саңылауына бекітілді.

Ағаш не сүйектің жарық өзегіне өткір жүзді ұсақ тастарды (микролит) орнатып, пышақ жасалды. Ағаш сапқа үшкір тастарды тарамыспен байлау арқылы жебе мен найза жасады. Аң терісі мен сүйекті өңдейтін қырғыш, кескіш, түрлі пышақ пен тескіш құралдар, ине, жебе, найза ұштары кеңінен қолданыла бастады.

Мезолит тайпаларының қоғамдық ұйымы. Шаруашылық пен қоғамдық ұйым өзара байланысты дамиды. Мезолит кезеңінде қаумалап аң аулау әдісі қажетсіз болып қалды. Бұрынғы ірі аңдардың орнына ұсақ аңдар ауланды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, жаңа кәсіп түрінің пайда болуына байланысты үлкен палеолит қауымы ұсақ қауымдастықтарға бөлінді. Өр қауымдастық өз шаруашылығын жеке жүргізгенмен, өзара бірлігі сақталды. Үлкен қауымдастықтың ыдырауынан әлемдегі халық саны артты. Өмір сүру жағдайы жақсарды, адамның ой-өрісі жетіліп, биологиялық тұрғыда дамыды.



Малды қолға үйрету

Мезолиттің соңғы кезінде адамдар жабайы аңдарды қолға үйретіп, жабайы өсімдіктерді мәдени өсім-

Мезолиттің соңғы кезінде адамдар жабайы аңдарды қолға үйретіп, жабайы өсімдіктерді мәдени өсім-



дікке алмастыра бастады. Қой, ешкі, сиыр, шошқа, жылқы, ит қолға үйретілді. Адамдар өзен жағалауына бидай мен күріштің ежелгі тұқымдарын өсіре бастады.

Жоларалық анықтамалық. Егін шаруашылығының ошақтары Месопотамия мен Кіші Азия аумағында б.з.б. X мыңжылдықта қалыптасты. Осы жерлерде ғана бидай мен басқа да дәнді дақылдар өсірілді. Неолит дәуірінде егіншілік одан әрі дамыды.



1. Мезолит дәуірінің хронологиялық мерзімін анықтаңдар.
2. Археологиялық зерттеулерде мезолит дәуірінің тұрақтары аз болды. Оның себебі неде деп ойлайсыңдар?
3. Не себепті мезолит тұрғындарының негізгі кәсібі балық аулау еді?
4. Мезолит кезеңінде тас өңдеу техникасында қандай өзгерістер болды?
5. «Мезолит дәуірінің ерекшеліктері» кестесін толтырыңдар.

Табиғи жағдайы	
Адамдардың биологиялық түрі	
Тұрақтар мен тұрғын үйлер	
Тас өңдеу техникасы	
Еңбек құралдары	
Қауымдастық түрі	
Кәсібі	
Жетістігі	



Жүп болып талқылаңдар.

Мезолит дәуіріндегі адамдардың өмірінде қандай өзгерістер болды?



Қосымша тапсырма

«Жабайы жануарларды қолға үйрету тарихы» тақырыбында ауызша хабарлама дайындаңдар.

Ауызша хабарламаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыптың өзектілігін ашып көрсету.



2. Қойылған мақсат-міндеттерді айқындау.
3. Зерттеу ерекшелігіне тоқталу.
4. Негізгі түйіндерді тұжырымдау.

Хабарлама мына талапқа сай болуы тиіс:

1. Мазмұндылық, ойдың нақтылығы;
2. Баяндаудың дәлелділігі, сенімділігі;
3. Сөйлеудің мәнерлілігі.

Хабарламаның негізгі мазмұнын ашатын слайдты таныстырылым дайындауға болады.

§10. НЕОЛИТ. ЖАҢА ТАС ДӘУІРІ (б.з.б. 5–3 мыңжылдықтар)*

Дәуір сипаттамасы. Неолит дәуіріндегі Қазақстан аумағының климаттық-табиғи жағдайы қазіргіге ұқсас келді. Мезолит кезеңінің табиғаты батпақты аралдар, орман, өзен-көл түрінде Арал төңірегінде, сондай-ақ Көкшетау, Есіл, Алакөл аудандарында ғана сақталды.


Бұл дәуірде еліміздің аумағында палеоазиялық тайпалар мекен еткен еді. Мезолит дәуірінде қалыптасқан бұл тайпалардың бет пішіні монғолоид өңдес болды. Олар балық пен су құстарын, өзен-көл жағалауын мекендеген аңдар аулап, жеуге жарайтын өсімдіктер мен тамырларды, құстардың жұмыртқаларын жинады.

Неолиттен бастап барлық әлем тайпаларының материалдық мәдениеті тек дәуір сипаты бойынша ғана емес, аумақтың өзіндік белгілеріне байланысты ерекшелене бастады. Сол аумаққа ғана тән еңбек құралдары мен тұрмыстық бұйымдар қолданылды. Неолит тайпалары жекелеген аймақтардың климаттық-табиғи ерекшеліктеріне бейімделді.

Археологиялық мәдениеттер. Қазақстан аумағында неолиттің үш археологиялық мәдениеті жақсы зерттелінген. Олар: *Келтеминар, Атбасар және Жібелі*.

Келтеминарлықтар ежелгі Арал ойпатының жазиралы аймақтарында өмір сүрген. Келтеминар қоныстары Арал өңірінің

* Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, неолит б.з.б. 6–4 мыңжылдықтар аралығын қамтиды.



Ежелгі қоныс

аумағында жақсы зерттелген. Олардың ежелгі тұрақтары Әмудария өзенінің жағалауында сақталған. Бұл тұрақтар келтеминарлықтар ішінде ошағы бар үлкен тікбұрышты үйлерде тұрғанын дәлелдейді. Табылған сүйектер, керамика қалдықтары мен микролиттерге қарап, олардың негізгі кәсібі балықшылық пен терімшілік болғанын, су құстарын, жабайы аңдарды аулағанын білеміз. Кейін ежелгі Арал ойпатын теңіз суы басты. Келтеминарлықтар біртіндеп солтүстік-батысқа, қазіргі Батыс Қазақстан аумағына жылжыды. Олар өзен-көлдерден балық аулады, аңшылықпен де айналысты.

Батыс Қазақстан жерінде соңғы Келтеминар мәдениетіне жататын екі ескерткіш – Ақжайық ауданының *Солянка* және Тасқала ауданындағы *Бауыржан-аяқ* тұрақтары табылған. Олар өзен жағалауында шағын қоныс түрінде орналасқан. Бұл тұрақтардан балық аулау кәсібіне қатысты көптеген құралдар мен бұйымдар табылды.

Солтүстік Қазақстандағы археологиялық қазба жұмыстары Атбасар археологиялық мәдениетін анықтады. Атбасар археологиялық мәдениетінің Есіл маңындағы тұрақтары табылып, зерттелді.

Неолиттік Жебелі мәдениеті Үстіртте орналасқан. Жебеліліктер қой мен ешкіні қолға үйреткен. Олар күрке тәріздес маусымдық тұрғын үйлерді паналаған. Сонымен қатар үңгірлердегі, мысалы, *Жебелі* немесе *Дам-Дам-Чашма II* тұрақтары табылды.

Бұл археологиялық мәдениеттер үндіран тайпаларының Орталық Азияға жаппай көшуінің алдында өмір сүрген.

Неолит төңкерісі. Неолит кезеңі «неолит төңкерісі» құбылысы ретінде сипатталады. Бұл кезеңде жер бетін мекендеген



Неолиттің қыш ыдысы

адамдар алтын, күміс, мыс, қалайы, қола сияқты түсті металдар қорытты. Екіншілік пен бақташылық дамып, аңшылық кәсібін ығыстыра бастады. Сонымен, неолиттің басты ерекшелігі – *өндіруші шаруашылық* қалыптасты. «Қыш құмыралар заманы» аталатын неолиттің үлкен жаңалығы – адамдардың қыш ыдыс жасауды меңгере бастауы еді.

?? Дайын өнімді тұтыну мен өндіруші шаруашылықтың айырмашылығы неде?

Бұл үрдіс ежелгі халықтар: Еуропадағы арийлер, Үндістандағы дравидтер, Қиыр Шығыстағы алтай-маньчжур тайпалары арасында тез дамыды.

Жоларалық анықтамалық. Неолитте қалыптасқан *өндіруші шаруашылық*: мал шаруашылығы, екіншілік, қолөнер түрлері «неолит төңкерісі» деп аталады.

?? Неліктен өндіруші шаруашылық «неолит төңкерісі» деп аталады?

Қазақстан аумағында бақташылық пен жартылай егін шаруашылығы қалыптаса бастады. Орталық Қазақстандағы Атбасар мәдениетінен археологтер жабайы аңдарды, көбінесе жылқыны қолға үйреткен іздерді тапты. Бұл мәдениет адамдарының қымызды кеңінен пайдаланғаны анықталды. Үстірттегі Жебелі мәдениетінде көбінесе ешкіні қолға үйреткен. Неолит дәуірінде құнарлы топырақты өзен-көл алқаптарында кешенді отырықшы-егіншілік пен мал шаруашылығы қалыптасты.



1. Неолит дәуірінің хронологиялық мерзімін атаңдар.
2. «Неолит төңкерісі» тіркесіне анықтама беріңдер.
3. Неолит дәуіріндегі адамдардың өмірі қалай өзгерді?
4. Қазақстан аумағындағы неолит дәуірінің басты мәдениеттеріне сипаттама беріңдер. Оларды картадан көрсетіңдер.
5. Неолит дәуірін кейде «қыш құмыралар заманы» деп те атайды. Неліктен?
6. Кестені толтырыңдар.

Неолит дәуірінің ерекшеліктері

Сұрақтар	Неолит
Адамның биологиялық түрі	
Адамның физикалық түрі	
Археологиялық мәдениет	
Шаруашылық түрі	
Кәсібі	
Жетістіктері	


Жүп болып талқылаңдар.

Қай шаруашылық тиімді: тұтынушылық па, өндірушілік пе? Неліктен? Өндіруші шаруашылық қалай дамыды?


Қосымша тапсырма

«Қазақстандағы неолит төңкерісі: себептері, мәні мен нәтижесі» тақырыбына баяндама дайындаңдар.


Баяндаманы қалай дайындау керек:

- Негізгі ой мен ұғымды анықтау.
- Өр ұғымның мазмұнын қысқаша жазу (тезис).
- Өр тезиске дәлелдер, деректер, дәйексөз бен нақты тұжырым келтіру.
- Талдап, қорытынды жасау. Баяндаманың құрылымын нақтылап алу (сөйлем қызықты деректен басталуы керек).

Баяндамаға қойылатын талаптар:

- Тақырыпқа сай болуы мен оның терең ашылуы.
- Жоспар желісін құру (мәтінді бөліктерге бөлу: басы, азат жолдары).
- Мәтіннің стилистикалық тұрғыдан сауатты рәсімделуі.
- Сілтемелер мен дәйексөздердің жүйелі түрде келтірілуі.
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімінің талапқа сай берілуі.

§11. НЕОЛИТ АДАМДАРЫ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР



Ежелгі еуропеид

Халықтың қалыптасу аумақтары. Неолит кезеңінде ежелгі халықтар қалыптасты. Олар ортақ мәдениеті мен тілі негізінде тайпалық одақтарға бірікті. Қазіргі уақытта ежелгі халықтардың Еуразия құрлығында қалыптасқаны анықталды.


Үндістан түбегінің оңтүстігі мен Цейлон аралында ежелгі дравидтер өркениеті пайда болды. Олар егіншілікпен айналысты, баспана тұрғызып, алғашқы қалаларын салды. Бұл өркениеттер біздің еліміздің тарихында ешқандай рөл атқармады. Дегенмен Орталық Азияда өмір сүрген жейтундықтар дравидтердің солтүстігіндегі мәдениетіне ұқсас болды.

Жоларалық анықтамалық. Археологтер Түрікменстанның Жейтун ауылының жанынан ежелгі өркениеттің орнын тапты. Осы өркениеттің негізін қалаған тұрғындар кейін жейтундықтар деп аталды. Жейтундықтар бидай егіп, егістікті арық-атыздар арқылы суарған. Сазбалшықтан үй тұрғызып, қыш ыдыс жасады. Ғалымдар олардың дравидтерге жататынын анықтады.

Еуропаның орталығы мен Скандинавия түбегінің оңтүстігінде үндіеуропалықтардың ежелгі өркениеті құрылды. Олар өздерін «арийлер» деп атады.

Қиыр Шығыста, қазіргі Қытайдың солтүстік-шығысында, *алтай-маньчжур* халықтарының ежелгі өркениеті қалыптасты. Олардан Азия халықтарының: түрік, қазақ, қытай, тұңғыс, көріс және т.б. арғы ата-бабалары шықты.

Ежелгі халықтардың шаруашылығы. Басқа тайпаларға қарағанда бұл халықтарда егіншілік, бақташылық ерте дамыды, яғни *неолит төңкерісі* өтті. Олар алғашқылардың қатарында үй жануарларын: қой, ешкі, жылқы мен итті қолға үйретті. Кейін мал шаруашылығымен айналысты. Бұдан басқа бидай мен тары, ал Қиыр Шығыста күріш егуді үйренді. Неолиттің соңында Азия халықтарының арғы ата-бабалары алғаш рет металл қорытуды меңгеріп, қару дайындады. Мыс пен қалайы, алтын мен күмістен әшекей бұйымдар жасады.



Көшпелілердің қонысы

Дәруменге бай дәнді дақыл өсіру арқылы адамдар кең-байтақ кеңістіктен үнемі тамақ іздеу қажеттігінен босады. Дәнді дақылдар күн суытқанға дейін өсірілді, жиналған қор жыл бойына жетті.

Ежелгі адамдардың тайпалық бірлестіктері: арийлер, дравидтер, алтай-маньчжурлар бұл жетістікті отырықшы-егіншілікті мал шаруашылығымен кешенді түрде ұштастырды.

?? *Арийлер, дравидтер, алтай-маньчжур тайпалық бірлестіктерінің кешенді отырықшы-егіншілік пен мал шаруашылығын қалыптастыра алуына не себеп болды? Бұған көзқарасың қалай?*

Әр қауымның өз шеберлері болды. Қауым мүшелері жазғы уақытта мыс және басқа кен өндіретін жерлерге кетті. Мал бақты, жер суаратын арық-атыз қазды.

Өмір сүру жағдайының жақсаруына байланысты тайпадағы адам саны күрт өсті. Сол себепті олар жаңа жерлерге қоныстана бастады.

Жаңа аумақты меңгеру. Неолит дәуіріне дейін Еуразия құрлығында адам саны аз еді. Аңшылық, терімшілік, балық аулау адам санының тез өсуіне әсер ете алмады. Алғашқы қауымдық құрылыста адамдар жиі ашықты. Ерлер аңшылықта, ал әйелдер ауыр тұрмыстан жиі қайтыс болатын.

?? *Өндіруші шаруашылықтың туындауы адам өмірін қалай өзгертті?*

Б.з.б. 5 мыңжылдықта үндіеуропалық тайпалар саны өсе түсті. Бұл тайпалар ежелгі *үндіиран* халықтарын құрады. Олар екі топқа бөлініп, шығысқа қарай бағыт алды. Тайпаның бір бөлігі Қара теңіз бен Каспий теңізінің солтүстігінен, екіншісі оңтүстігінен айнала көшті.



Үндіран тайпаларының оңтүстік тобы Кіші Азиядан бастап Солтүстік Үндістанның барлық аумағына қоныстанды. Солтүстік тобы қазіргі Румыния жерінен Алтай таулары мен Тарым ойпатына дейінгі кең-байтақ далалық аймақты иемденді. Осылайша, б.з.б. 4–2 мыңжылдыққа дейін үндіран тайпалары біртіндеп, шаруашылық тұрғысынан қазіргі Қазақстан аумағын толықтай меңгерді. Үндіран тайпалары өзен-көлдердің сағаларын жайлады. Олардың бірқатары өзге тұрғындармен жиі араласып тұрса, шағын бөлігі бұрынғы дәстүрлерін сақтап қалды.

Бұл уақытта Қиыр Шығыстағы *алтай-маньчжур* тайпалары да екі топқа бөлінді. Тайпаның бір тобы Тынық мұхит жағалауын игере бастады. Екінші тобы – болашақ түркі-монғол-угор тайпаларын құрушылар ақырындап Батысқа қарай қозғалды. Олар б.з.б. 4–2 мыңжылдықтар аралығында Оңтүстік Сібір, Ішкі Азия, сондай-ақ Сібір тайгасының оңтүстік жиегіне орналасты. Б.з.б. 2 мыңжылдықта, қола дәуірі кезеңінде үндірандықтар мен түркі-монғол тайпалары бір-бірімен Алтай-Шығыс Түркістан (Шыңжаң) торабында ұшырасты. Екі мәдениеттің кездесуі бейбіт түрде өтті. Б.з.б. 2 мыңжылдыққа дейін бұл шеғара өзгеріссіз қалды.



1. Жер бетінде ежелгі халықтардың қалыптасуы қашан жүзеге асты?
2. Картадан ежелгі халықтардың орналасу қоныстарын көрсетіңдер.
3. Неолит кезеңіндегі халықтың белсенді көшіп-қонуын немен түсіндіруге болады?
4. Неолит дәуірінде жаңа аумақтар қалай игерілді?
5. Үндіран тайпалары Қазақстан жеріне қашан қоныстанды?



Жүп болып талқылаңдар.

Егіншілік пен мал шаруашылығының аңшылық пен терімшіліктен артықшылығы неде?



Қосымша тапсырма

Кешенді отырықшы-егіншілік пен мал шаруашылығы және оның ерекшеліктерін сипаттап жазыңдар.

Жазбаша тапсырмаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпты ашуда маңызды ақпарат пен деректерді іріктеп алу.



2. Тақырыпты жүйелі түрде баяндау (қорытынды мен тұжырымдар жасау).
3. Қосымша материалдарды пайдалану.
4. Жұмыстың дербес орындалуы.

§12–13. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЭНЕОЛИТ

Дәуір сипаттамасы. Металл өңдеу мен оның кең таралуы адамзат тарихын түбегейлі өзгертті. Адам баласы, ең алдымен, мысты өндіріп, игерген.

?! Мыс құралдардың кемшілігі мен артықшылығы неде?

Мыс құралдар мен әшекейлердің пайда болуы тайпалар арасындағы өзара алмасуды тездетті. Мыс кен орындары барлық жерге бірдей таралмады. Мыс – жеңіл еритін, жұмсақ металл, сондықтан адамдар тұрмыста тас құралдарды негізінен микролиттерді пайдаланды. *Энеолит* (лат. *aeneus* – мыс, грекше *litos* – тас), мыс-тас – тастан қолаға ауысқан дәуірдің атауын білдіреді. Энеолит пен қола кезеңін тарихта «*Ерте металл дәуірі*» деп те атайды. Еуразияның далалық аймағында мыс-тас дәуірі бір мыңдай жылды қамтиды. Біздің аумаққа үндіран тайпаларының келуімен байланыстырылады.

Еңбек және аңшылық құралдарын дайындаудың негізгі материалдары тас пен ағаш және сүйек болып қала берді.

?! Неге мыс еңбек құралдарын жасауда сүйек пен ағаш, тасты толықтай ауыстыра алмады?

Энеолит дәуірі *өндіруші* шаруашылықтың кең таралуымен, сондай-ақ қос дөңгелекті арбаны ойлап табумен сипатталады. Қос дөңгелекті арбаға бірден төрт атқа дейін желілген. Айдаушы арбада тұрып, жылқыларды басқарды.

Адамдар мысты алғашында таза ірі кесек түрінде тапты. Мыс кесегін тас ретінде қабылдады. Мыстың таза кесегі сындыруға келмеді, керісінше, соққан кезде түрі өзгерді. Оны қыз-



Қос дөңгелекті арба

дырып соғу әдісімен қажетті пішінге келтірді. Қола алу үшін мысты басқа металмен қосып ерітуді адамдар ол кезде әлі білмейтін еді.

Энеолитте мыстың аз таралуы металдың жұмсақтығына ғана емес, таза құйма кесегінің жетіспеуіне байланысты еді. Мыс кені көп ауданда ол тасты ығыстыра бастады. Жұмсақтығына қарамастан, мыс дегенмен де тастан артық еді.

Археолог-ғалымдар ең ежелгі мыс құралдарды Алдыңғы Азияның егіншілікпен айналысқан тұрақтарынан тапты. Б.з.б. 3 мыңжылдықтың соңынан бастап мыс пен қола құралдары Қазақстан аумағына кең таралып, тас құралдарды толық ығыстырып шығарды.

Тайпалардың қоныс аударуы. Қазақстан аумағына жаңа тайпалар біртіндеп қоныс аудара бастады. Б.з.б. 4 мыңжылдықта үндіран тайпалары Солтүстік Балқаннан Орал өзеніне дейінгі далалы аймаққа таралып қоныстанды.

Далалық аймақтарды меңгерген тайпалар энеолит дәуірінде Қазақстанның батыс өңіріне де жетті. Еділ өзенінің шығысын қоныстана бастаған тайпалар бұл дәуірдің екі: *самарлық* және *көне шұңқырлы* мәдениетін құрды. Бұл мәдениеттер өзара өте ұқсас келді және Еділ мен Жем өзендері аралығында орналасты.

Самарлық мәдениет тайпаларының қоныстары мен қабірлері табылған. Қайтыс болған адамдарын олар қабір қуысына жерлеген. Бір қабірде бір адамнан үш адамға дейін жерленгені анықталды. Қабірлерден жылқы сүйектерінің қалдықтары да шыққан, яғни марқұмдарды жерлегенде жанына тамақ қойған. Адамды бұл өмірде киген киімімен көміп, жанына тұтынған заттарын салған. Қарулары – шақпақтас пен сүйектен жасалынған қанжарлар мен пышақтар жерленген адамның (тіпті жас

баланың да) қолы тұсына немесе бас жағына қойылған. Мұндай қабірлерден, сондай-ақ шақпақтастан және сүйектен жасалған найза мен жебе ұштары да кездеседі. Самарлық мәдениет өкілдері қабірдің үстіне шағын төмпешік тұрғызған. Бұл қорғанның алғашқы үлгісі болатын.

Самарлықтар сазбалшықтан жасалған жалпақ түпті ыдыстарды кең қолданған. Ыдыстар геометриялық өрнектермен безендірілді Әшекей ретінде түр-



Қыш ыдыстар жасау

лі сызықтар, ирек жолақ немесе ойық салынды. Әйелдер ыдыстарды күйдірмес бұрын, оларға қарапайым өрнек салып әшекейлеген. Олар бұтақпен және тырнағымен жырып (тырнақ өрнегі) немесе тарақты ыдыс қабырғасына батырып (тарақ өрнегі) із салған.



Қыш ыдыстар

Өрнектің мәні ыдысқа жоғарыдан қарағанда анық байқалды: бұл көбіне күнді дәріптеуді білдірді. Ыдыстың мойны Күнді, ирек сызықтары Күн шапағын бейнелейтін еді.

Археологтер Қазақстан аумағынан ғажайып **Ботай мәдениетін** тапты. Ескерткіш өзіндік сипаты жағынан үндірандықтардың ескерткішінен ерекшеленеді. Ботай тұрағы біршама жақсы зерттелген. Ол әлемдік деңгейдегі құнды тарихи жәдігер.

Бұл тұрақ Солтүстік Қазақстан облысындағы Ботай ауылында орналасқан. Тұрақтан жекелеген тұрғын үйлердің 160-қа жуық қалдықтары табылған. Үйлер көшенің екі жағына орналасқан. Тұрғын үйлер негізінен жертөле түрінде салынып, қабырғаларының жартысы жер астына тұрғызылған.

Тұрақтан тас пен сүйектен, сазбалшықтан жасалған заттар: тас пышақ, қанжар, найза мен жебенің ұштары табылды. Бұдан басқа тас кетпен, балға, балта, қырғыш және сүйек біз бен ине ұшырасқан.

Ботай тұрғындары қайтыс болған адамдарын қонысқа жақын жердегі ескі қорымға жерлеген. Қабірді айналдыра жылқының бас сүйектерін қойған. Олар жылқы қайтқан адамға о дүниеде қызмет етеді деп сенген.

Жылқысының саны жағынан ботайлықтар Еуразия даласындағы ең бай тұрғындар саналды. Негізгі тұрақтардан мыңдаған жылқының қалдықтары табылды. Бұл жылқыны әлемде алғаш қолға үйреткен ботайлықтар деген тұжырым жасауға толық мүмкіндік береді.



1. Энеолит дәуіріне анықтама беріңдер.
2. Ботай мәдениетін сипаттаңдар. Оның ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар?
3. Үндіран тайпаларының көші-қоны туралы не білесіңдер? Қазақстан аумағында қандай мәдениет таралған?
4. Кестені толтырыңдар.



Энеолит дәуірінің мәдениеті

Мәдениет атауы	Хронологиялық ауқымы	Таралу аймағы	Ерекшеліктері

Жүп болып талқылаңдар.

Неолит дәуірінің энеолиттен ерекшелігі неде? Энеолит дәуірінде адамдардың өмірінде қандай өзгерістер орын алды?

Қосымша тапсырма

«*Ботай мәдениеті*» тақырыбында ауызша хабарлама дайындаңдар.

Зерттеу тақырыбы бойынша ауызша хабарлама 5 минут.

Хабарлама мына талапқа сай болуы тиіс:

1. Мазмұндылық, ойдың нақтылығы;
2. Баяндаудың дәлелділігі, сенімділігі;
3. Сөйлеудің мәнерлілігі.

Хабарламаның негізгі мазмұнын ашатын слайдты таныстырылым дайындау қарастырылады.

§14–15. ҚОЛА ДӘУІРІ (б.з.б. 2–1 мыңжылдықтар)*

Дәуір сипаттамасы. Археологтер қола дәуірін *ерте, орта, кейінгі* деп үш кезеңге бөледі.

Мыс, алтын мен күміс, қалайыны өңдеуді үйренген адамдар олардан сапалы қоспалар алу үшін тәжірибе жүргізе бастады. Адамға күнделікті пайдаланатын пышақ пен соқа, балта қажет болды.

?? *Қола дәуіріне дейін адамдар қандай еңбек құралдарын пайдаланғанын естеріңе түсіріңдер.*

* Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, қола дәуірі 3–1 мыңжылдықтар аралығын қамтиды.

Қола алу тәсілі, яғни металл қорыту ойлап табылды. Мысқа қалайыны қосу арқылы сапалы берік металл өндіріле бастады. Мыс пен қалайының қосындысы «қола» деп аталды.

?! Сонымен, қола дегеніміз – ...?

Мыс және басқа түсті металдармен салыстырғанда қоланың бірнеше артықшылығы бар. Қола мықтылығымен, төменгі температурада балқуымен, әдемі алтын тәріздес түсімен ерекшеленді. Қола еңбек құрал-жабдықтары мен соғыс қаруларын дайындайтын негізгі шикізатқа айналды.

Түсті металға бай Қазақстан жері ежелгі металлургия ошақтарының пайда болуына әсер етті. Тайпалар мал шаруашылығы мен егіншілік кәсібіне көшуді толық аяқтады. Шаруашылықтың бұл түрі ғасырлар бойы табиғи-климаттық өзгеріске сай жетілдіре түсті.

Б.з.б. 2–1 мыңжылдықта құрлықтағы ауа райы өзгеріске ұшырады. Өзен-көлдердің деңгейі төмендеп жауын-шашын азайды. 2 мыңжылдықтың соңында бірқатар өзен-көлдер тартылып, қуаңшылық күшейді.

?! Қазақстандағы ауа райы өзгеруінің қандай салдары болды?

Қола дәуірінде Қазақстанда біртіндеп көшпелі немесе *жайылымдық мал шаруашылығы* орныға бастады. Батыс және Орталық Қазақстан тұрғындарында құдық қазу әдісі шықты. Арий тайпалары бұл кезеңде Қазақстан аумағына толықтай орнықты.

Андрон мәдениеті. Қола дәуірінде Қазақстанның батыстан басқа аумағын андрондық мәдени-тарихи қауымдастық тайпалары қоныстанды.

?! Қазақстандағы қола дәуірі мәдениеті неліктен «андрондық» деп аталады?

Мәдениеттің атауы Батыс Сібірдегі Андронов селосының атына байланысты қойылды.

Жоларалық анықтамалық. Андрондықтар еуропеоид өңдес келген. Академик В.П. Алексеев андрондықтардың бет-бейнесіне мынадай анықтама береді: «Андрондықтар мұрынды келген, бет сүйегі шығыңқы емес, көздері үлкен. Кескін-кейпі ірі, дене құрылысы мығым, келбетті адамдар болған».



Еңбек құралдары

Еңбек құралдары салты мен қыштан жасалған ыдыстарының алуандығымен ерекшеленді.

Андрондық тайпалар Қазақстан жерінде өзіндік айшықты мәдениет қалдырды. Олардың қоныстары өзен-көл жағалауындағы кең алқапты шабындықтарда орналасты. Терең орлар және дуалдармен қоршалған қоныстары бірнеше үйден тұрды. Үйлері жартылай жертөле сияқты салынды. Андрондықтарда қоладан жасалған еңбек құралдары – найза мен жебе ұштары, пышақ пен балта, білезік, айна, моншақ т.б. зергерлік бұйымдар кеңінен таралды.

Андрондықтар өзіндік жерлеу

?? Жерлеу салты мен қыштан жасалған ыдыстардың ерекшелігі неліктен андрондық мәдениеттің басты белгісі болып саналады? Өз ойла-рыңды айтыңдар.

Қайтыс болған тайпаластарын андрондықтар өртеген немесе қабір шұңқырына бір бүйірімен қойған. Қабір шұңқырының қабырғасы тас плиталармен немесе ағаш бөренелермен бекітілген. Мәйітті тікбұрышты ақымға жатқызған. Жерленген адамның бас жағына андрондықтардың ұғымынша о дүниеде де қажет деген сеніммен, ішіне тағам салынған ыдыстар қалдырған.



Андрондық әйелдің мүсіні (қайта қалпына келтірілген)

Ыдыстардың бүйірі шығыңқы, түбі тегіс келген. Андрон құмыралары тарақ жүзді, үзік сызықты үшбұрышты және геометриялық өрнектермен безендірілген. Андрон тайпалары әртүрлі зергерлік бұйымдар – сырға, салпыншақ әшекей, алқа, моншақ, шиыршықталған білезіктер жасаған. Бұл қолөнер туындылары Андрон мәдениеті деңгейінің жоғары болғанын көрсетеді.

Үй маңылық бақташылық пен жер жыртуға негізделген егіншілік-отырықшы тұрмыс-салтының орнығуы мен металлургияның дамуына әкелді. Алайда далалық аймақтың орталық өңірін қоныстанған кейбір андрондық тайпалар б.з.б. 2 мың-



жылдың соңы мен 1 мыңжылдың басында ауа райының өзгеруіне байланысты шаруашылықтарын қайта құрды. Мал бағумен айналысқан адамдар саны егіншілік кәсібімен шұғылданушылардан көбейе түсті. Біртіндеп шаруашылықтың жаңа түрі – *жайылымдық бақташылық* орныға бастады. Бұл өзгерістер Орталық Қазақстанда *Бегазы-Дәндібай* мәдениетінің қалыптасуына әсер етті.

Қима мәдениеті. Аталмыш мәдениет Батыс Қазақстан аумағында орналасты. Андрондықтар секілді қима мәдениеті тұрғындары да кешенді егіншілік-бақташылық кәсібімен айналысты. Өзен-көлдердің алқаптарында қоныстанды.

Археологтер қима мәдениетінің металл бұйымдары мен ұсталық құралдарын тапты.

Бұл мәдениеттің жерлеу дәстүріне тән өзіндік ерекшелігі – қабір шұңқыры қима ағаштармен бекітілуі еді. Осыдан мәдениет атауы шықты. Кейіннен анықталғанындай, олар көбінесе өлген адамды таяздау қазылған, қарапайым қабір шұңқырына жерлеген. Мәйітті бүктетілген қалыпта, басын солтүстікке қарата жатқызған. Жанына ирек сызықпен өрнектелген қыш ыдыстар қойған. Түбі тегіс, геометриялық өрнек салынған ыдыстар қолдан жасалған. Қола құралдар, қарулар мен әшекейлер арнайы қалыптарда дайындалған. Қазбалардан балта мен пышақтар, қанжар, найза ұштары, орақ, қазан, сондай-ақ асыл металмен көмкерілген әшекейлер табылған.

Қималықтар қабірдің үстіне шағын оба тұрғызған. Олар андрондықтар сияқты кешенді егіншілік-бақташылық шаруашылығымен айналысқан. Бір отырықшы қауымдастықта малшылар мен егіншілер қатар өмір сүрген.

Қима мәдениеті тайпаларының қоныстары өзен-көл жағалауына орналасты. Кейінгі кезеңде бұл мәдениеттің тұрғындары өз қоныстарын сыртқы жаулардан қорғау үшін айналасына ор



Мыс жапсырма




Қола түйреуіш



Көзілдірік тәрізед
қола салпыншақ





Қола дәуірінің қонысы

қазып, дуалмен қоршаған. Тұрғын үйлер жартылай жеркепе түрінде орманды жерлерде бөренелерден тұрғызылған.

Бегазы-Дәндібай мәдениеті. Бұл андрон мәдениетінен сақ тайпаларының мәдениетіне көшу кезеңі. Бегазы-Дәндібай мәдениеті Орталық Қазақстан аумағында орналасты.

Қола дәуірінің соңғы кезеңінде жылқы тек күш көлігі ғана емес, сонымен қатар мініс көлігі ретінде де қолданыла бастады. Адамдар бұл кезеңде біртіндеп атқа салт мінуді меңгеріп алды. Бұны Степняк, Айдабол, Тастыбұлақтағы тұрақтар мен қоныстардан табылған айыл, жүген, тартпа сияқты жәдігерлер растайды. Жылқыны көші-қон құралы есебінде пайдалану кеңбайтақ дала мен тау бөктерін мал жайылымдығы ретінде игеруге мүмкіндік берді. Орталық Қазақстан даласында жабайы түйе қолға үйретіле бастады. Мұның айқын дәлелі ретінде Екінші Ақсу-Аюлы обаларынан қазба жұмыстары кезінде ботаның және Алексеев қонысынан түйенің сүйектері табылды.



1. Қазақстан аумағындағы қола дәуіріне сипаттама беріңдер.
2. Қола дәуірінің хронологиялық мерзімін анықтаңдар.
3. «Қазақстан аумағындағы қола дәуірі мәдениеті» кестесін толтырыңдар.

Мәдениет атауы	Таралу аумағы	Мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері

4. Қола дәуірі мәдениетінің таралу аумағын сұлбалы картадан белгілеңдер.





Жүп болып талқылаңдар.

Қола дәуірінде қандай жаңалықтар болды? Қола дәуірінде адам өмірінің сапасы қалай өзгерді?



Қосымша тапсырма

Сурет бойынша Андрон қонысына сипаттама беріңдер.



§16–17. ЕРТЕ МЕТАЛЛ ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙПАЛАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Қоныстар. Ерте металл дәуірінің барлық мәдениетінен қоныс пен қабірлер, қорымдар табылған. Энеолиттік мәдениеттің қоныстары шағын болды. Ал кейінгі қола дәуірі тұрғындары қоныстарын терең ор, дуал, ағаш шарбақтармен қоршап, бекіткен.

Қабірлердің үстіне оба үйілді, өлікті бір қырынан жатқызды. Жанына тамақ салынған қыш ыдыстар қойылды. Беғазы-Дөңдібай мәдениеті адамдары мәйітті шалқасынан жерлеген.

Қоныстар әр дәуірдің шаруашылық сипатын нақты бейнеледі.

Қазақстан аймағынан ерте металл дәуірінің жүзден астам қонысы табылды. Олардың отызына археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Қоныстар өзен жағалауларында, кең жайы-

лымды алқаптарда, бұлақ басында немесе көлді жағалай малға жайлы, шөбі шүйгін, егіншілікке қолайлы жерлерде орналасты.

Қонысқа жақын жерлерде тайпалық зират болды. Арийлер тайпасының қонысы әдетте 6–10-нан 20–50-ге дейінгі үйлерден құралды. Тұрақтар дөңгелене, ортасына алаң қалдыра салынды. Алаңда қоғамдық немесе әскери қақтығыстар кезінде жиындар өткізілді. Тұрақтар жартылай жер үй түрінде тұрғызылды. Тұрғын үйдің аумағы 100-ден 300–400 шаршы метрге дейін жететін еді. Жартылай жер үйлердің төбесі бөренелермен жабылды. Үйдің ішкі қабырғалары таспен қаланды. Сондай үйдің бірі – еңбек құралдары мен қарулар жасаушы шеберлер тұрағы арнайы зерттелінді. Діни рәсім өткізетін орындар да болған.

Кәсібі. Ерте металл дәуірінің тұрғындары мал шаруашылығымен, сондай-ақ аң және балық аулаумен айналысты. Қоныстардан жабайы аңдардың сүйектері үй жануарларынан да артық кездеседі. Ежелгі аңшылар – қоян, арқар, құндыз, аю, түлкі, борсық, елік, жабайы бұқа мен қабан, сондай-ақ құс пен балық аулаған. Ерте металл дәуірі тайпаларының қоныстарынан тас пен сүйектен жасалынған жебе ұштары, найза мен қылыш, қайрақ тас, аң етін кесетін пышақ, тері тазалайтын қырғыш, егеу табылған. Сонымен қатар балық аулауға қажетті сүйек сүңгі, қармақ пен ау тоқитын жіптер, тас бастырғылар да кездескен.

Мал шаруашылығының негізін жылқы мен ірі қара құрады, бұл отырықшылық өмір салтының орныққанын көрсетеді.



Қоладан жасалған найзаның ұшы мен қанжарлар

?! Шаруашылықта ірі қара малдың басым болуы неліктен отырықшылық салттың үстемдігін білдіреді?

Бұл дәуірдің егіншілік кәсібі су көздері жанындағы шөгінді қара топырақты жерлерде ғана жүзеге асырылуы мүмкін еді. Тұрғындар суармалы егіншілікпен айналысты. Жер суару үшін өзеннен арық тартты. Адамдар далалық жерді өңдей алмады. Қола және тас түренді соқа, тесемен жер өңдеу қиынға түсті. Мүмкін болған жағдайдың өзінде, жиі суарғанда да екі-үш жылда егістік алқабын сор басып отырды.

Себебі ол жерлердің минералды тұздары өте көп еді. Кейінгі қола дәуірінде адам санының артуы, андрондықтар мен ежелгі қима қоғамының егінші тұрғындарын дағдарысқа ұшыратты.

Қола дәуірінде жайылымды бақташылық кәсібі орнықты. Табында мүйізді ірі қара мал ұсталып, шұрайлы алқаптарда бағылды.

Қой мен жылқы аз болды. Жылдың жылы маусымында мал қонысқа жақын жердегі жайлауда ұсталды. Қыста малды әрбір отбасы бөліп алды. Жаз мезгілінде қысқа арналып мал азығы дайындалды. Соңғы қола дәуірінде үй маңылық бақташылық біртіндеп жайылымдық түрге ауыса бастады.



Моншақтар

?! Қалай ойлайсыңдар, неге кейінгі қола дәуірінде адамдар үй маңылық бақташылықтан жайылымдық мал шаруашылығына көшті? Алдағы уақытта мал шаруашылығы қалай өзгеруі мүмкін еді? Болжап көріңдер.

Жайылымдық бақташылықта малшылар малдарымен бірге бір жайлаудан екінші жайлауға көшіп жүрді. Біртіндеп ұсақ малдың, мысалы, қой, ешкі, сондай-ақ жылқы саны арта бастады.

Ежелгі қималықтар мен андрондықтар үлкен патриархалды отбасыларынан құралғаны байқалады. Қауым мүшелерінің жері мен малы ортақ болды. Қауымдастықта жекеменшік әлі толық орнықпаған еді. Адамдардың тек өзі ғана пайдаланатын меншігі, мәселен, аңшы жақсы садақ жасаса, садақ тек соныкі саналды. Ол адам қайтыс болса, садағы қабірге қоса көмілді.

Тау кен ісі және металлургия. Қола дәуіріндегі мал шаруашылығы, егіншілікпен қатар кен өндіру, тас пен сүйек өңдеу ісі адамзат қоғамының дамуында маңызды рөл атқарды. Қазақстан аумағы ежелден мыс, қалайы мен алтынның бай кен орындары болғаны белгілі. Мыс кені Жезқазған жеріндегі кеніштерден өндірілген. Қалайы Атасу таулы жоталарынан, ал алтын кені Степняк т.б. кеніштерден алынған. Бұл өңірлер Қазақстан аумағы ежелден кен ісінің орталығы болғанын дәлелдейді. Ғалымдардың зерттеуі бойынша көне заманда-ақ Жезқазған кенішінен 100 мың тоннадай мыс қорытылған. Ежелгі Имантау кен орнындағы қалдықтарға қарағанда, бір кеніштен ғана 48 мың тонна мыс өндірілгені анықталып отыр.



Еңбек құралдары мен қаруларды қоладан құйып жасау: қалып, балта, жебе

Қола дәуірі зергерлік өнерінің Қазақстан жерінен табылған тамаша үлгілері – білезіктер, моншақтар, алтын жалатылған түрлі салпыншақтар мен сақиналар. Зергерлер сол уақыттың өзінде асыл тастарды асқан шеберлікпен өңдеген.



1. Қола дәуіріндегі кәсіптің түрлерін атаңдар.

?? Жоғарыда келтірілген сандар нені білдіреді?

Кеніштер мен одан алынған кен көлемі қалайы мен алтын кен орындарының бірнеше жыл үздіксіз пайдаланылғанын көрсетеді. Мыс пен қалайы кені қарапайым құралдар – қайла, балта және теселермен қазып алынған. Бұл үшін жердің беткі және терең кен қабатына от жағып, қыздырған. Тау жыныстары қызған кезде оған су құйған. Босаған кен кесектерін тері қапшықтарға салып жер бетіне шығарған. Шахта опырылып құлап, кен қазушыларды жиі басып қалып отырған. Бұның айғағы ретінде кен толтырылған тері қап арқалаған адам қаңқалары табылды. Жиналған кенді тас балғамен соғып ұсатып, сумен жуып, таза металды бөліп алған.

Мыс кенін ерітіп алғаннан кейін бұл құймаға қажетті мөлшерде қалайы қосып қола алған.

Қоныстарда металл қорытатын, өңдейтін шеберханалар орналасқан. Осындай қоныстардың бірінен шаруашылыққа, күнделікті тұрмысқа қажетті еңбек құралдары – қолорақ, пышақ, балта мен найза және жебе ұштарын дайындайтын түрлі қалыптар табылған.

Қолөнер кәсібінің ең дамыған түрі зергерлік бұйым жасау ісі еді. Өшекей бұйымдар негізінен қақтау, сығымдау, шеку әдісімен дайындалған. Қола дәуірі зергерлік өнерінің Қазақстан жерінен табылған тамаша үлгілері – білезіктер, моншақтар, алтын жалатылған түрлі салпыншақтар мен сақиналар. Зергерлер сол уақыттың өзінде асыл тастарды асқан шеберлікпен өңдеген.





2. Кен алу тәсілдері туралы айтыңдар. Неліктен кен қазу жұмысы қауіпті болды?
3. Кен орындарынан табылған еңбек құралдарын атаңдар, сипаттама беріңдер.
4. Қазақстан аумағындағы негізгі металл кенін өндіретін орындарды анықтаңдар.
5. Қола дәуірі адамдарының зергерлік бұйым дайындауда шеберлік деңгейіне жеткендігін дәлелдеңдер. Қола дәуірі әшекейлерін кейінгі кезеңнің зергерлік бұйымдарымен салыстырыңдар.
6. Тас және қола дәуірлерін салыстырып, сипаттама беріңдер.

№	Салыстыруға арналған сұрақтар	Тас дәуірі	Қола дәуірі
1.	Хронологиялық мерзімі		
2.	Кәсібі		
3.	Еңбек құралдары		
4.	Тұрақтары		
5.	Жекеменшік түрі		
6.	Қоғамдық құрылымы		



Жүп болып талқылаңдар.

Кейінгі қола дәуірі шаруашылығында қандай өзгерістер орын алды?




Қосымша тапсырма

«Ерте металл дәуірі тайпаларының шаруашылығы» тақырыбында Б. Блум танымы деңгейіне сай қарапайымнан күрделіге қарай 10 сұрақ дайындаңдар.

§18–19. ЕРТЕ МЕТАЛЛ ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙПАЛАРДЫҢ ДІНИ ТҮСІНІГІ

Үндірандықтар мифологиясы. Арий тайпалары Жер беті төрт бұрышты, әр бұрышында өз құдайы билік құрады деп түсінген. Жер күн құдайы күймесімен саяхаттайтын мөлдір күмбезбен жабылған деп есептеген. Археологиялық қазба деректері қола дәуірінде үндіран тайпаларының бөріне ортақ діни түсі-





Тастағы бейнелер

ніктің қалыптасқанын көрсетеді. Ежелгі үндірандықтардың ұғымынша адам өлмейді, ол ерекше түрдегі терең «ұйқыға» кетіп, Жер-Ана қойнына оралады деп сенген. Сондықтан өмірден озған тайпаластарын «ананың құрсағында» жатқандай, қабір шұңқырына аяқ-қолын бауырына жиғыза жатқызып, онымен бірге о дүниеде қажет болады-ау деген заттарын қоса көмген. Қабірдің үстіне әлемнің дөңгелек бейнесін елестететіндей оба тұрғызған. Андрондықтар өліктің басын батысқа қаратып жатқызса, ежелгі қималықтар солтүстікке қаратқан.

Арийлер өздерін қолдап жүруі үшін ата-баба аруағына сиынған. Күшті, ерік-жігері мықты адамдар тайпаластарына о дүниеде де көмектесе алады деп сенген. Осылайша, көсемдер мен ержүрек жауынгерлер, тәжірибелі аңшылар, көреген абыздардың қабіріне үлкен обалар тұрғызған. Ата-баба аруағына табынып, рухының көңілінен шығуға тырысқан. Сондықтан қола дәуіріндегі адамдар марқұмды мүмкіндігінше жақсы киімімен, еңбек құралдары, әшекейлерімен қоса жерлеген.

Самарлық мәдениет тайпалары сиыр, жылқы, қойдың басы мен дене мүшелерін арнайы ыдысқа салған. Үстіне қызыл

бояу сеуіп, мейіт жерленген обаларға онша терең емес етіп көміп қойған. Қызыл түсті бояу қанның және ерекше құдірет иесінің белгісі. Сонымен қатар отты білдірген және жаман рухтардан сақтану қабілетін арттыратын магиялық күш саналған.

Қызыл бояуды өліктің үстіне де сепкен, көбінесе бұл рәсім балаларды жерлеуде қолданылған. Арийлер аруақтардың мейірімін аудару үшін сый-сияпаттық тамақтар апарып тұрған.

Қабірлерден әдейі бүлдірілген еңбек құралдары табылған. «Затты бүлдіру» жорасы жерлеуді аяқтар алдында жасалады, яғни ол тұтынған бұйымдар мен құрал-жабдықтар да адаммен бірге «өлуі» тиіс саналған.

?? Қола дәуіріндегі адамдар неліктен ата-баба аруағына сиынғаны туралы өз болжамдарыңды айтыңдар.



Діни дүниетанымдағы өзгерістер. Қола дәуірінде аруақтарға арнап құрбан шалу рәсімі пайда болды. Қауым мүшелері аруақтардың өздеріне жақсы қарауын сұрап, құрбандыққа тамақ апарған.

?? *Қалай ойлайсыңдар, қола дәуіріндегі адамдарда мұндай рәсім неліктен пайда болған?*

Арнайы құрбан шалатын жерлер қоныс жанында орналасты. Олар тас шеңбер немесе топырақ үйінді етіп жасалды. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде діни рәсімдік жоралғылар өткізетін орындардан үйілген дән қалдықтары, дәнүккіштер, мал сүйектері мен күлдің орны және әртүрлі ыдыстың сынықтары, келсаптар табылған. Қола дәуірі жерлеу орындарынан жыртқыш аңдар (қасқыр, түлкі) мен үй жануарларының (ит, жылқы) тістері кездескен. Бұлар адамды жаман рухтардан қорғайтын бойтұмар және аңның күшқайратын адам бойына да сіңіре алады деуден туындады.

Қола дәуірі тайпаларының тұрмысы мен өмірі табиғатқа тәуелді еді. Басты құдай Күн саналды, сондай-ақ от, кейбір жануарлар мен өсімдіктерге де сиынды. Күн мен от жылылық береді, адамды мейірімді, мықты рухпен байланыстырады деп есептеген. Күн құдайының басты нышаны ретінде жиектері қайырылған күншуақты айқыш (крест) белгісі алынды. Қима мәдениеті ыдыстарының түбінен бұл белгіні жиі көруге болады.

Жоларалық анықтамалық. Неміс фашистері ХХ ғасырдың 30–40-жылдары айқыш белгісін сәл өзгертіп, өздерінің рәмізі ретінде пайдаланды. Қазіргі уақытта ғылым бұл белгінің алғашқы мағынасын нақты анықтап отыр.

Қола дәуірінің соңғы кезеңінде шаруашылықтың жаңа түрі – бақташылықтың дамуымен ай мен жұлдызға табыну жоралғысы да шықты. Малшылар кешкі және түнгі уақыттарда ай мен жұлдызға қарап бағытты анықтады.

Қола дәуірі тайпаларында отқа табыну дәстүрі кең таралды. От денені зұлымдықтан тазартатын, қайтыс болғандарды жаман рухтан қорғайтын күш, басқа әлемнің босағасы ретінде сипатталды.

Кейінгі қола дәуірінде мүліктік теңсіздік пайда болды. Бірқатар тайпаларда көсемнің малы мен қаруын ұстауға тыйым салынды. Осылайша, жекеменшік қалыптаса бастады.

?? *Қалай ойлайсыңдар, қауымдық меншік пен жекеменшіктің бірібірінен айырмашылығы неде? Жекеменшіктің шығуы қоғамдағы қарым-қатынасқа қалай әсер етті?*

Адамзаттың ұзақ жылдар бойы жинақтаған тәжірибесі оның табиғат туралы білімі мен қоршаған орта жайлы түсінігін күрделендіріп, діни көзқарасты қалыптастырды.



1. Үндірандықтар мифологиясына сипаттама беріңдер. Олар қоршаған әлемді қалай елестетті?
2. Үндірандықтарда ата-баба аруағына сиыну көрінісі неден байқалады?
3. Қола дәуірінің жерлеу рәсімі қалай атқарылған?
4. Қола дәуірі адамдарының діни түсініктерінде қандай өзгерістер пайда болды?
5. Крестің алғашқы мағынасы қандай еді?
6. Қола дәуірі адамдары неге табынды?
7. Жекеменшік дегеніміз не? Ол қашан және неліктен пайда болды?



Жұп болып талқылаңдар.

Қола дәуіріндегі діни ұғымдар мен салт-дәстүр бүгінде сақталған ба? Болса, қандай? Ол нені білдіреді?



Қосымша тапсырма

«Ерте металл дәуірінің діни түсініктері: сиыну, салт-дәстүр, сенімдер» тақырыбында мультимедиалық слайдты таныстырылым дайындаңдар. Уақыты 7 минут.

Мультимедиалық таныстырылымға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпқа сәйкестігі;
2. Көркем безендірілуі;
3. Мәтіннің нақтылығы;
4. Түрлі деректермен жұмыс жасау білігі.

Рәсімделуі:

1. Таныстырылым үйлесімді, эстетикалық талапқа сай, безендірілуі мазмұнына сәйкес келуі керек.
2. Таныстырылымның бейнеленуі тартымды, қызықты әрі мәтіннен ауытқымауы тиіс.
3. Мәтін жеңіл оқылатын және слайдтар соған сәйкес келуі керек.
4. Тізім, кесте, диаграмма мен сызбалар таныстырылымда ретімен орналастырылғаны жөн.

Таныстырылымды қорғауға қойылатын талаптар:

1. Таныстырылым материалын мүмкіндігінше толық меңгеру.
2. Анық және түсінікті етіп жеткізе білу.
3. Аудиториямен еркін қарым-қатынас орнату (қызықтыра білу, сұраққа сауатты жауап беру).
4. Регламент сақтау.

§20–21. ДӘУІРДІҢ НЕГІЗГІ
СИПАТТАМАСЫ

Жайылымдық мал шаруашылығы. Б.з.б. 1 мыңыншы жылынан Қазақстан тарихында жаңа кезең басталады. Ол б.з.-дың VI ғасырына дейінгі аралықты қамтиды. Археолог-ғалымдар оған *Ерте темір дәуірі* деген атау берсе, тарихшылар *Ежелгі Қазақстан* деп атайды. Бұл кезең күрделі тарихи өзгерістермен сипатталады. Еуразия құрлығының барлық аумағында *көшпелі* немесе *номадизм* деп аталған *жайылымдық мал шаруашылығы* дамып, кең тарала бастады. Бұл адамның жылқы малын мініс көлігі ретінде пайдалануының нәтижесінде жүзеге асырылды. Жер бетінде темір өндіріліп, күнделікті өмірге енгізілді.

Малды қолға үйрету б.з.б. 10 мыңжылдықта басталды. Б.з.б. 1 мыңжылдықта мал шаруашылығы өз алдына жеке кәсіп түрі ретінде бөлініп шықты. Егіншілік және бақташылықпен айналысатын тайпалар арасында еңбек бөлінісі қалыптасты. Бұған дейін де бақташылықпен ғана айналысқан тайпалар бар еді, бірақ олар аз болатын.

Бұлай бөлінудің басты себебі – табиғи-климаттық жағдайға байланысты адамдар еңбекке мамандана бастаған еді. Қола дәуірінің соңында, бұрын атап өткеніміздей, адам саны артты. Қазіргі Қазақстан аумағында егіншілікпен шұғылдануға жарамды жерлердің аз болуы жергілікті тұрғындарды шаруашылықтың өзге саласын таңдауына мәжбүр етті. Бұл уақытта қола дәуірі тұрғындары барлық аумақта қоныстанып, отырықшы-егіншілік көсібімен айналысатын еді.

Еуразия құрлығының дала өңіріндегі артып келе жатқан адам санын азықпен қамтамасыз ету үшін мал басын көбейту қажет болды. Қола дәуірінде Еуразияның бос жатқан далалы алқаптары игеріліп, қыста азығын қар астынан тұяғымен аршып жеуге бейімделген мал түліктері өсіріле бастады. Адамдар енді бос жатқан иесіз жерді, қуаңшылық өңірлерді игере бастады.

Осылайша, б.з.б. 1 мыңжылдықта жайылымдық мал шаруашылығы, бір жағынан, табиғи-климаттық жағдайға, екінші жағынан, адам санының артуына байланысты қалыптасты.



Аттың жүгені,
қола ауыздықтар

Әйгілі зерттеуші И.Я. Златкиннің пікірі бойынша: «...Көшпелі мал шаруашылығының шығуы мен дамуы ауа райына емес, адам санының өсуіне байланысты болды, малды асырап-бағу бақташының жаңа еңбек жағдайына бейімделуіне мәжбүр етті».

Қола дәуірінде тайпалар малды бір жайылымнан екіншісіне ауыстырып, баққан. Табиғи көші-қон мезгілі жайылымдық мал бағу уақытымен және маусымдық төл алу, жүн қырку, құдық қазу сияқты еңбек түрлерімен сәйкес келді.

Жайылымдық мал шаруашылығы сақ, сармат, скиф және басқа халықтарда жылқыны мініс көлігі ретінде пайдалану нәтижесінде дамыды. Атқа мінген бақташы ендігіде малды ұзатып жаюға, жүздеген шақырым жерге баруға мүмкіндік алды.

Адам атты басқарып отыратын металдан жасалған ауыздық ойлап тапты. Атқа міну дәстүрі отырықшы-егіншілікпен айналысатындарға дала халықтарынан таралды. Далалықтар алысқа шабатын сәйгүлік, жауынгерлік қазанат тұқымдарын өсірді. Асыл тұқымды жылқылар ерекше қорғалды. Қытайлықтар Ферғана өлкесінде көгілдір түсті асыл тұқымды жылқы туралы естіп, оны қолға түсіру мақсатымен арнайы сапар ұйымдастырған. Асыл тұқымды жылқылар сол кезде де және бүгінгі күні де өте жоғары бағаланды.

Жайылымдық мал шаруашылық түрлері. Ғылыми әдебиеттерде жайылымдық мал бағу немесе көшпелі бақташылық шаруашылықтың бір түрі ретінде сипатталып келді.

Шындығында мал шаруашылығының Қазақстан аумағында жайылымдық, тау етегіндегі жазық далалық, тебінді-өрістік түрлері болды. Мал шаруашылығының мұндай салалары жер бедері мен бақташының әлеуметтік жағдайына тікелей байланысты еді.

Қазіргі қазақстандық тарих ғылымы Қазақстан аумағында шаруашылықтың бұл түрі үстемдік еткен кезде де, егіншілік кәсібі сақталынып қалғанын анықтады. Сондықтан Қазақстанның барлық тұрғындарын түгелдей дерлік «көшпелі» деп айту дұрыс емес.

Сол себепті бұған дейін айтылып келген «көшпелі мал шаруашылығы» ұғымын біз «жайылымдық мал шаруашылығы» деген атаумен ауыстырдық.

?! «Көшпелі мал шаруашылығы» және «жайылымдық мал шаруашылығы» терминдеріне қатысты өз пікірлеріңді білдіріңдер. Қайсысы дұрыс деп ойлайсыңдар?

Жайылымдық мал шаруашылығы малға жеке отбасылық меншікті заңдастырды. Оның нәтижесінде қоғамда әлеуметтік теңсіздік орнықты. Бай шаруашылықтардың арасынан ру-тайпа көсемдері шықты. Біртіндеп қоғамдағы билік дәулетті адамдарға ауыса бастады.

Мал шаруашылығында жыл бойы қой мен ешкі, жылқы өсірілді. Осы түліктер тебіндеп жайылатын, яғни қыста қардың астынан шөпті тұяқтарымен аршып жей алатын еді.

Жоларалық анықтамалық. Малдың үш түрі ғана тұяғымен қар астындағы шөпке тебіндеп жайыла алады. Олар қой мен ешкі, жылқы. Сиыр тебіндеп жайыла алмайды, сондықтан оған арнап жемшөп, қысқы азық даярланады.


Сиырды әдетте кедей отбасылар ұстады, себебі олардың маусымдық көшіп-қонуға мүмкіндіктері жоқ еді. Сиыр сүтті көп берді. Кедейлер негізінен сүт тағамдарымен қоректенді.

Жайылымдық мал шаруашылығының басты түлігі қой еді. Қой күтімді аса қажет етпейді, тез өсіп-өніп, жүн мен тері, етті көп береді, суық пен ыстыққа төзімді келеді.

Ерте темір дәуірінің басты жаңалығы – адамдардың темір өңдеуді меңгеруі дедік. Б.з.б. 1 мыңжылдықта адамдар метеориттік темірді ғана білді. Темір алтыннан да қымбат бағаланып, Көк құдайының сыйы есептелінді.

Қола дәуірінің соңында адамдар жер бетінен темір кенін тапты. Темір біртіндеп кең таралған металға айналды. Еңбек құралдары мен соғыс қарулары сапасы мен беріктігі жағынан басқа түсті металдардан асып түсті.

Мал шаруашылығымен айналысқан дала тұрғындары темірді отырықшы-егіншілік кәсібімен айналысатын халықтармен бірдей меңгеріп алды. Темірден жасалған еңбек құралдары бақташы тайпалардың күнделікті тұрмысында кең қолданылды. Ат әбзелдері мен қару-жарақ жасауда пайдаланыла бастады.



Көшпелілердің тұрмысы



Қола дәуірінің кен қорыту пештері темірді балқытуға да пайдаланылды. Бірақ мұндай темірде қоспалар да жетерлік еді. Бұл оның сапасына кері әсер етті. Біртіндеп адамдар тәжірибе жинақтап, темірді балқытпай қыздыру арқылы еңбек құралдары мен қару-жарақ жасайтын болды. Темірді өңдеудің бұл тәсілі қазіргі күнге дейін қолданып келеді, оны металды «салқын өңдеу» деп атайды.



1. Темір дәуірі шаруашылығында қандай өзгерістер орын алды?
2. Б.з.б. 1 мыңжылдықта жайылымдық мал шаруашылығының қалыптасуына қандай факторлар әсер етті?
3. Темір дәуірінде меншіктің қандай түрі пайда болды?



Жұп болып талқылаңдар.

Қазіргі қазақстандық тарих ғылымында «көшпелі мал шаруашылығы» атауының орнына неліктен жаңа ұғым – «жайылымдық мал шаруашылығы» термині қолданылады?



Қосымша тапсырма

«Дәуірдің негізгі сипаттамасы» тақырыбында ауызша хабарлама дайындаңдар.

§22–23. САҚТАР ТУРАЛЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР

Дала өркениетінің қалыптасуы. Қазақстан аумағында мал шаруашылығымен айналысатын тайпалар қола дәуірінде ортақ этникалық негізде біртұтас мәдениет қалыптастырды.

Белгілі қазақстандық антрополог О. Ысмағұлов үндірандық сақтардың арғы тегі андрондықтар екендігін дәлелдеп шықты. Ежелгі Иран аумағында өркениетті мемлекет құра бастаған парсылар далалық үндірандықтарды жинақы атаумен «тұрандықтар» деп атады. Парсы деректері тұрандықтардың отырықшы ирандықтармен үнемі жауласып өткенін көрсетеді.

Бұл кезеңде атты әскер үлгісінде жақсы қаруланған, «сақскифтік аң стилі» мәдениетіндегі жетілген тайпалар бірлестігі қалыптасты. Ерте темір дәуірі тұрғындарында металл өңдеу кәсібі дамыды, сауда гүлденіп, ірі жетістіктерге жетті.



Парсы деректеріндегі сақтар бейнесі

Тайпаның бай үстем тап өкілдері – өмірші-көсем, әскербасылар мен абыздар ақсүйектерге айналды. Үлкен «патшалық» қорғандар, яғни көсемдерді қымбат бұйымдары, қару-жарағы, әшекейлерімен қоса жерлейтін күрделі қабірлер тарала бастады.

Даланың бақташы тұрғындары жайлы жазба деректер. Ертедегі мал шаруашылығымен айналысқан ірі тайпалық бірлестіктер туралы жазба деректер өте аз кездеседі. Олар жайлы біз тек парсы, рим, грек жазба деректерінен біле аламыз. Бұл деректер өз уақытының энциклопедиясы сынды тарихи, географиялық еңбектерде сақталған.

Иран аумағында үлкен Бехистун жартасы орналасқан. Сол жартасқа Ахеменид әулеті билеушісінің жазбалары қашап жа-



Томирис. А. Дүзелхановтың суреті

зылған. Ежелгі парсы империясының билеушілері солтүстік шегарадағы мал шаруашылығымен айналысатын тайпаларға үнемі дерлік жорықтар ұйымдастырып отырған. Парсы патшасы I Дарийдің осындай бір жорығында сақтарды жеңіп, көсемін тұтқынға алғаны жазылған.

Грек тарихшысы Геродот грек-парсы соғыстары тарихын жазып қалдырған. Геродоттың мәліметінше, парсы патшасы Кир әскерімен Сырдарияға келіп, массагеттердің көсемі Томириске (Тұмар ханым) елші жібереді. Парсылар массагеттердің бағынуын талап еткенмен, сақ көсемі одан бас тартады. Кир Томирисінің ұлы Спаргаписті қапыда қолға түсіреді. Спаргапис тұтқында өзін-өзі өлтіреді. Ұлының өлімі туралы хабарды естіген Томирис үлкен әскермен Кирге қарсы аттанады. Б.з.б. 529 жылы Сыр бойында қанды шайқас өтіп, парсылар қатты шығынға ұшырайды. Геродоттың айтуынша, патшайым Томирисінің сарбаздары жаяу және аттың үстінде соғысқан. Аңыз бойынша, Томирис парсы патшасы Кирді өлтіреді. Қан толтырылған торсыққа оның басын салып: «Сен қанға тоймаушы едің, енді тойғаныңша іші!» – деген екен. Геродот бұл оқиғаның негізінде аңыз жатқанын баса айтады.

Кирдің Орта Азияны жаулау саясатын оның ізбасары I Дарий (б.з.б. 521–486 жылдар) жалғастырды. Антикалық автор Полиэн I Дарийдің үлкен әскер жасақтап, сақ жеріне енгенін жазады. Сусыз шөлден I Дарий әскерді қиындықпен алып шығады, алайда жорық сәтсіз аяқталады. I Дарий әрең дегенде далалық тайпаларды күшпен бағындырып, салық төлеуге мәжбүр етеді. Сақтардың бір бөлігін өзіне қосып алады. Парсы әскері құрамында сақтар Мысыр мен Грекияда соғысады. Фермопильдегі шайқаста ерлігімен көзге түседі. Платея түбіндегі ұрыста батырлықтың таңғажайып үлгісін көрсеткен сақтар барлық грек-парсы соғыстарына қатысқан.



Парсы әскері



Сақтар сонымен қатар Ахеменидтер мемлекетін бағындырған Ескендір Зұлқарнайынмен (Александр Македонский) де соғысқан. Ескендір б.з.б. 330–327 жылдары Соғды астанасы Маракананы (Самарқан) басып алып, Сырдарияға бағыт алады.

Сырдария бойындағы қалаларды бағындырады. Ескендірдің бұйрығымен Сыр бойында Александр-Эсхата (шеткі Александрия) аталған қала тұрғызылады. Қаланың салынуы жергілікті тайпалардың мазасын кетіреді. Олар гректерді өзеннің екінші жағында тұрып садақпен ата бастайды. Сақтардың күтпеген жерден бас салатын қолайсыз шабуылдары Ескендірдің әскерін кері шегінуге мәжбүр етеді.

Сақ тайпаларының көсемі Аршак парсы жерінің бірқатар аймағын басып алып, Парфия мемлекетінің негізін қалады. Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстандағы үндірандық тайпалары бақташылық пен егін шаруашылығын ұштастырған іргелі өркениет құрды.



1. Сақтардың тарихына қатысты қандай жазба деректер бар?
2. Қазақстан аумағындағы сақ тайпаларының орналасуы қандай деректерде айтылған?
3. «Сақ тарихы бойынша жазба деректер» кестесін толтырыңдар.

Дерек атауы	Авторы	Мәліметтер

4. Ескендір Зұлқарнайын Қазақстан аумағында қай уақытта болды?

5. Сақтардың парсылар және Ескендір Зұлқарнайын әскерімен шайқасы туралы баяндаңдар.



Жүп болып талқылаңдар.

Сақтар көрші халықтармен қандай қарым-қатынас жасады?



Қосымша тапсырма

«Өлем тарихындағы сақ тайпалары. Сақтардың парсы және Ескендір Зұлқарнайын әскеріне қарсы күресі» тақырыбы бойынша ауызша хабарлама дайындаңдар.

Ауызша хабарламаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыптың өзектілігін ашып көрсету.





2. Қойылған мақсат-міндетті айқындау.
3. Зерттеу жұмысының ерекшелігіне тоқталу.
4. Негізгі түйіндерді тұжырымдау.
5. Ауызша хабарламаға берілетін уақыт – 7 минут.

Хабарлама мына талапқа сай болуы тиіс:

1. Мазмұндылық, ойдың нақтылығы;
2. Баяндаудың дәлелділігі, сенімділігі;
3. Сөйлеудің мәнерлілігі.

Хабарламаның негізгі мазмұнын ашатын слайдтармен көркем безендірілген таныстырылым дайындау қарастырылады.

§24. ДАЛАЛЫҚ ТАЙПАЛАР БІРЛЕСТІКТЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ

Дәуір тоғысындағы Орталық Азия жері. Археолог-ғалымдар ежелгі ескерткіштерді зерттеумен қатар, Қазақстан аумағынан б.з.б. VIII–III ғасырларға жататын бақташылар мәдениеттерін тапты. Осы археологиялық мәдениет аймағын парсы, грек жазба деректерімен салыстыра отырып, бірнеше тайпалық бірлестіктердің аумағын анықтады. Бұл аумақтық мәдени бірлестікті иран тілінің шығыс диалектінде сөйлейтін, еурпеоид өңдес тайпалар құрған.

Олар жайылымды, өрісті мал шаруашылығымен бірге аң аулау, суармалы егіншілік, балықшылық кәсібімен де айналысқан.

Қазіргі уақытта бұл бақташы тайпалар өзара жақын – сақ, тохар-юечжий, массагет, савроматтарға жатқызылады.

Сақ тайпаларының қоныстануы. Б.з.б. VII–IV ғасырларда Дон өзенінен Оралдың оңтүстігі, Мұғалжар таулары мен Жем өзеніне дейінгі даланы малшы-савроматтар мекен еткен. Олар ірі тайпалық бірлестік құрды. Бұл кезеңде Арал мен Каспий теңізінің аралығын *дахтар* мекендеді. Солтүстік-шығыс Арал өңіріне жартылай отырықшы Жетіасар археологиялық мәдениетін құрған ежелгі қаңлылар қоныстанды. Қола дәуірінің соңында қаңлы, аорс, дах тағы басқа да Сырдың төменгі ағысынан Үстіртке дейін жайлаған тайпалар ірі массагет бірлестігін құрды. Ерте темір дәуірінің бас кезеңінде бұл тайпалық одақ ыдырады.

Б.з.б. VIII–III ғасырларда Сырдарияның орта ағысы мен Жетісу жерінде «шошақ төбелі баскиім киетін» *тиграхауда* сақ



бірлестігі қалыптасты. Орталық Қазақстанды *исседондар*, Алтай мен Оңтүстік-батыс Сібір жазығын *аримаспылар* мен *аргинпейлер* мекендеген. Жетісу мен Орта Азия аумағында *хаумаварга* тайпалары тұрған. *Хаумаварга* (хаома) атауы парсы тілінен аударғанда сусын ішушілер дегенді білдіреді. Хаумаваргалар – сақ тайпасының отырықшы-егіншілік кәсібімен айналысатын бір бөлігі, алайда олар ешқашан ірі тайпалық бірлестік құрмаған. Кейінірек оларды «соғдылар», «хорезмдіктер» деп те атаған. Сақтардың бұл тобы қазіргі Орта Азия аумағының жазиралы жерлері Зеравшан мен Мұрғаб өзендері аралығын жайлаған.

Қоғамдық құрылымы. Б.з.б. IV–III ғасырларда Қазақстан аумағында бақташы тайпалардың мемлекеттік бірлестігі қалыптаса бастады. Бұл қоғамда ерлер мен әйелдер тең құқылы саналды. Б.з.б. VI ғасырда массагеттерді Томирис патшайым басқарғанын атап өттік. Сақ-массагет үш топқа: *әскери көсемдер* мен *рубасыларынан* тұратын ақсүйектер, абыздардан құралған екінші топ және қатардағы *қауым мүшелері малшылар* (үшінші топ) болып бөлінді.



Сақ қоғамы



Сақ көші

?? Сақ қоғамы үш топқа қандай негізде бөлінген?

Қоғамның үш топқа бөлінуі бұрынғы туысқандыққа негізделген ұжымдық-қауымдық шаруашылық дәстүрін ыдырата бастады. Өр топтың киімі түсіне қарай ерекшеленді. Тайпа көсемдері мен әскер басшылары қызыл, абыздар ақ, қатардағы қарапайым малшылар мен егіншілер сары мен көк түсті киім киген. Көсемдер – тайпаның әміршісі құдайлар әлемі мен халықтың арасын байланыстырушы тұлға, бас абыз саналды.

Ірі тайпалық одақтар мен ру бірлестіктері орналасқан аумақтарда мал шаруашылығының көші-қон бағыты реттеле бастады. Маусымдық көші-қон мен жайылымдықты пайдалану жүйесі тәртіпке келтіріліп, басқа да жерге қатысты мәселелер өз шешімін тапты.

Ру-тайпалардың көсемдері ел басқарумен қатар бас қолбасшы, сот билігі және абыздың міндетін де атқарды.

Тайпа көсемі қауымдастары арасында мал жайылымдарын бөліске салып, көші-қон бағытын, әркімнің жер аумағын белгілеп отырды. Бұл тайпаның ішкі бірлігін сақтау, өзара әскери қақтығыстарды болдырмау, жер пайдалану жүйесін қатаң қадағалау мақсатында жасалды. Көсем әскери жорықтарды ұйымдастырып отырды. Көсемдердің әлеуметтік мәртебесі Есік қорғанынан табылған алтын киім мен таңба белгісінен анық байқалады.

- ?**
1. Картадан Қазақстан аумағындағы сақ тайпалары қоныстанған аймақтарды көрсетіңдер.
 2. Сақ қоғамы қандай топтарға бөлінді? Сақтардың қоғамдық құрылымына сипаттама беріңдер.

3. Сақ топтарының негізгі айырмашылықтарын атаңдар.
4. Ру және тайпа көсемдері қандай қызмет атқарды?



Жүп болып талқылаңдар.

Ерте темір дәуірі мен қола дәуірінің қоғамдық құрылымын салыстырыңдар.



Қосымша тапсырма

Сақ патшайымы Томирис туралы өңгіме жазыңдар.

Жазбаша тапсырмаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпты ашуда маңызды ақпарат пен деректерді іріктеп алу.
2. Тақырыпты жүйелі түрде баяндау (қорытынды жасау).
3. Қосымша материалдарды пайдалану.
4. Жұмыстың дербес орындалуы.

§25–26. СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАЛ ӨСІРУШІЛЕРІ

Көсемдердің қабірлері. Алтай тауларында, Ертіс өзені мен оның салаларындағы жазықтардан көптеген сақ обалары табылды. Алғашқы зерттеулер обалар көп шоғырланған Шілікті жазығынан басталды. Обалардың құрылысы жер ерекшелігіне қарай әртүрлі болып келеді. Таулы аудандарда тас көп болғандықтан оба үйінділері тастан қаланған. Жоғарғы Ертістің бойындағы үйінділер малтатас араласқан топырақпен, Ертістің орталық бөлігіндегілер тек топырақтан тұрғызылған.

Шығыс Қазақстанды мекендеген ар-гиппейлер «алтын қорышы самұрық тайпалары» деп есептеледі. Ұзақ уақыт аңыз ретінде айтылып келген бұл атаудың негізі бар екенін Алтай қорымдарындағы қазба жұмыстары дәлелдеп берді. Үнді-иран тайпаларының тарихында ерекше орын алатын ескерткіштер – Берелдің тоң басқан обалары мен Пазырық қорымы. Шілікті алтын қорымдары да жерлеу дәстүрі жағынан соларға ұқсас болып ке-



Самұрық
(Берел қорымы)





Берел қабіріндегі жылқылар



Алтындатқан ер-тұрманы қайта қалпына келтірілген жылқы (Берел қорымы)

леді. Тарихшылардың пайымдауына, Алтайдағы көсемдердің алып қорғандарын салушылар табиғат жағдайын ескеріп, оны қабірді тонаушылардан қорғау үшін пайдалана білген. Біріншіден, алып обалар теңіз деңгейінен 1100 метрден кем емес биіктікте орналасқандықтан, оны қазу оңай болмаған. Екіншіден, бұл биіктік тоң жүретін қабатта болғандықтан, қабірде мұз қатып, суық температура сақталынған. Соның арқасында сүйектен, ағаштан, теріден жасалған заттар бүлінбей, мумияланған адамдардың мәйіті мен жылқылар бізге дейін жеткен.

Енді қайтыс болған көсемді қалай жерлегенін елестетіп көрейік.

Тайпа көсемі қайтыс болғаннан кейін ру ақсақалдары жедел кеңес шақыртқан. Тайпаның беделді адамдары: абыздар, әскербасылар, көсемнің туыстары бірігіп, жерлеу мәселесін ақылдасқан. Кеңес көсемнің қайда,

қашан жерленетінін шешкен. Жазда қайтыс болса, тайпа мүшелерінің алыс жайылымдарда қоныстанғандары да ескерілген. Руластары көсеммен қоштасуы үшін мүмкіндік керек еді. Сондықтан көсемнің мәйітін белгілі бір бағытпен ұзақ шақырымдық соңғы сапарға алып жүрген. Көсемнің денесі қоштасу сапарында бүлінбес үшін абыздар денені мумиялаған. Сонан соң ашық арбаға салып руластарын аралатып, жерлеу орнына апаратын бағытты белгілеген.

Бұл кезде арнайы іріктелген ағаш кесушілер бөренелерді кесіп, кептіріп, жалпақ тақтайлар әзірлеген. Қауым мүшелері таудың биігінде көсем үшін терең лақат қазған. Тас плиталар төселген шұңқырдың түбіне ағаш астау-табыт орналастырылған. Оның беті шірімес үшін ерекше сұйықтықпен өңдеген. Жанынан жіппен байлап қабірге түсіру үшін құлақшалар жасалған.

Саркофаг өлген көсем мен оның жұбайының жерленуіне, бір не екі мәйітке арналып жасалды. Берел қорымының бір обасындағы табытта көсем мәйітінен кейін әйел жерленгені анықталған. Астау тәріздес саркофаг екі бөліктен тұрады. Біреуінде мәйіт жерленсе, екіншісіне қыштан, ағаштан, металдан жасалған ыдыс-



тар, еңбек құралдары мен қару-жарақ қойылды. Алтын мен күмістен жасалған бұйымдармен бірге басқа жақтан әкелген әшекей бұйымдар да кездеседі. Саркофагтың сыртқы жағында әбзелдері сән-салтанатпен әсем безендірілген жылқы сүйектері жатыр. Өлген иесіне о дүниеде қызмет етуі үшін жылқылар да бірге көмілген. Үстіне жота тәрізді тас оба үйілген. Қысқа қарай оба мүзбен көмкеріліп, құрылыс қатып қалған.

Астау-табыт – саркофагтың қақпағында төрт құстың қоладан құйылған шағын мүсіні бейнеленген. Самұрықтың мүсіндері марқұмның жаны мен денесін жаман рухтардан қорғайтынына сенген.



Самұрықтар
(Берел қорымы)

Ежелгі гректер осы жерлеу ғұрыптарын білгендіктен, «алтын қорушы самұрық құс» туралы аңыздарды ойлап тапқан болуы керек.

Алтай обаларының құрылымы. XX ғасырдың басында Алтайдың ресейлік бөлігіндегі Пазырық қорымында үндіран тайпаларының обалары зерттеле бастады. Бірінші Пазырық обасы шұңқырының тереңдігі 4 м, ал жалпы көлемі – 52 м². Тас үйіндінің астындағы ағаш сағананың қосарланған қабырғалары, едені, төбесі бар. Төбе алты жуан діңгекпен бекітілген сырғауылдармен жабылған. Сағананың іші тақтаймен бөлініп, сырты бөренемен қиюластырылған. Ашық жерлеріне қиыршық тастар толтырылған. Сағананың төбесінен қабір шұңқырының жиегіне дейін 300-ден астам бөрене салынған. Жер бетінен биіктігі 2,2 м, диаметрі 47 м үйінді тұрғызылған.

Оба ертеректе тоналғанымен, ондағы металдан, ағаштан, теріден, жүннен жасалған бұйымдар мен сүйек, шаш жақсы сақталған. Жерлеу орны тау басындағы мәңгілік тоңға айналған. Тонау кезінде бұзылған қабірге күзде су аққан, ал қыста ол қатып, мұз қабатына айналған, жазда еріп үлгермеген.

Ағаш табытта ерекше ыждағатпен мумияланған ер адам мен әйелдің мәйіті болған. Ғалымдардың болжауынша, ер адам атақты қолбасшы не тайпа көсемі болуы ықтимал, ал әйел күңі болса керек. Мәйіттердің ішкі органдары мен бұлшық еттерінің орны құрғақ шөппен нығыздалып, жылқы қылымен тігілген. Әр қабірде ұштаған (мосы) үстіне беті жібек матамен жабылған, дала шөптерінің тұқымдары салынған тегене қойылған. Бұл жа-





Әшекей бөліктері

кигізілген. Мүйізді бетперде сыңар мүйізді сәйгүлікті бейнелеген.

Үлкен бесінші Пазырық обасынан табылған жәдігерлер ерекше қызығушылық туғызды. Археологтер обадан өте жақсы сақталған парсы кілемін, салт атты адамның бейнесі салынған киіз төсеніш тапты. Обадан жиналмалы шатыр, арба бөліктері мен жегілетін төрт жылқы, қытай күймесі және Үнді мұхитының ұлу қабыршықтарынан жасалған әшекейлер табылды.

Алтайдың қазақстандық бөлігінен археолог С. Черников ашқан Шілікті «алтын» обасы ғылымға ежелгі тұрғындардың мәдениеті мен өнері туралы қызықты жаңалық әкелді. Обаның диаметрі – 66 м, биіктігі – 6 м. Оба ертеректе тоналғандықтан, құрылымы мен жерлеу дәстүрі туралы толық мағлұмат алу мүмкін болмады.

Саркофаг шұңқырының тереңдігі – 1 метр, ал көлемі – 57 м². Ағаш табытқа екі адам жерленген.

Қабірден табылған бұйым көп, олардың ішінде 13 қола жебе, бұғы не жылқы терісінен жасалған қорамсақтың жұрнағы шықты. Қорамсақ тарамыспен тігіліп, бұғы бейнесіндегі қаптырмамен безендірілген. Бұғының аяғы ішке бүгіліп, мүйіздері артқа қайырылған. Көздері мен құлақтарына көк ақық тас (бирюза) орнатылған.

Бүркіт, бүктетілген қабылан мүсіні киімді безендіру үшін қолданылған. Қанатын жайған құс, геометриялық пішіндегі қаптырмалар көркемдігімен ерекшеленеді.

Берелдің №11 обасынан археолог-ғалым З. Самашевтің зерттеуі барысында ғажайып жәдігер табылды. Б.з.б. VIII ғасырға жататын патшалық жерлеу орнын З-Шілікті қорымының №1 обасынан белгілі археолог-этнолог, профессор Ә. Төлеубаев ашты. Ол сақ дәуірінің жарқын ескерткіші саналады.

Солтүстік Қазақстан сақтары. Тобыл мен Есілдің далалық аймақтарын сақ тайпалары мекендеді. Сақ тайпалық одақтарының археологиялық мәдениеті б.з.б. VIII ғасырдан б.з.б. I ғасырға дейінгі аралықты қамтиды. Олар өздерінен кейін обалар мен қоныстар қалдырған. Солтүстік сақ көсемдерінің оба-

лары Алтай мен Жетісу обаларындай алып емес. Олардың биіктігі 4 метрден аспайды. Обалардың көпшілігі төбелері ағашпен жабылған қарапайым төртбұрышты лақаттар. Онда қарапайым қауым мүшелері бастары батысқа қаратылып жерленген. Мәйіттің қасына қажет заттар: қыштан жасалған ыдыстар, ат әбзелдері, жебе ұштары қойылған. Әйел қабірлерінен аяқтары оймышталып өрнектелген тас құрбандық үстелдері жиі кездесті. Құрбандық ошақтары мен ішінде ұнтақ заттары бар құмыраға қарап, абыз әйелдер жерленген деуге негіз бар. Олар көсемдерін айрықша дәстүрмен жерлеген.



Бұғы мүсіні

Жердің бетіне бөренеден қиюластырылған 1 м биіктіктегі сағана тұрғызылған, оның жоғары жағынан көлденең тақтай орнатылып, мәйітті сол арқылы қабірге түсірген. Мәйіттің қасына қыш ыдыстар, ат әбзелдері, қола айналар мен жебе ұштары қойылған. Бөрене үй жартылай өртеліп, үстін топырақпен бастырып, оба үйіндісін тұрғызған.

Обалардан табылған бұйымдар арқылы Шығыс Қазақстан мен Солтүстік Қазақстандағы сақтардың Үндістан және парсы елі, Қытаймен сауда жасағанын білуге болады.



1. Картадан сақ кезеңінің ескерткіштерін белгілеңдер.
2. Алтайдағы сақ обаларының құрылысын сипаттаңдар.
3. Солтүстік Қазақстан сақ обаларының ерекшелігі қандай?
4. Жерлеу дәстүрінің жалпы ұқсастықтары неден көрінеді?
5. «Қазақстан аумағындағы сақтар» сызбасын толтырыңдар.

Орналасу аймағы	Тайпа атаулары	Мәдениеті мен ерекшеліктері



Жұп болып талқылаңдар.

Алтай мен Солтүстік Қазақстан археологиялық ескерткіштерінің қандай ұқсастық, айырмашылықтары бар?





Қосымша тапсырма

«Шығыс Қазақстан мен Солтүстік Қазақстан сақтарының археологиялық ескерткіштері» тақырыбында слайдтық таныстырылым өзірлеңдер. Уақыты – 7 минут.

Мультимедиалық таныстырылымға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпқа сәйкестігі;
2. Көркем безендірілуі;
3. Мәтіннің нақтылығы;
4. Деректердің шынайылығы.

Рәсімделуі:

1. Таныстырылым үйлесімді, эстетикалық талапқа сай, безендірілуі мазмұнына сәйкес келуі керек.
2. Таныстырылымның бейнеленуі тартымды, қызықты әрі мәтіннен ауытқымауы тиіс.
3. Мәтін жеңіл оқылатын, слайдтар соған сәйкес келуі керек.
4. Тізім, кесте, диаграмма мен сызбалар таныстырылымда ретімен орналастырылғаны жөн.

Таныстырылымды қорғау:

1. Таныстырылым материалын мүмкіндігінше толық меңгеру.
2. Анық және түсінікті етіп жеткізе білу.
3. Аудиториямен еркін қарым-қатынас орнату (қызықтыра білу, сұраққа сауатты жауап беру).
4. Регламент сақтау.

§27–28. ОҢТҮСТІК ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН САҚТАРЫ

Көсемдердің обалары. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы сақ обалары құрылымы мен жерлеу дәстүрі жағынан Солтүстік Қазақстан обаларына жақын келеді. Сақтар негізінен Іле мен Есік алқабын мекендеді. Мұндағы қысқы жайылымдарда сақ көсемдерінің обалары – номадтар пирамидалары тұрғызылды.

Жетісудың сақ мәдениеті б.з.б. VIII–III ғасырлар аралығын қамтиды. Б.з.б. 1 мыңжылдықтың ортасына жататын Бесшатыр қорымы мен Есік обасы сақ кезеңінің археологиялық ескерткіштері туралы анағұрлым көп мағлұмат береді.

Бесшатыр қорымы Іле өзенінің оң жағасында, Шылбыр қойнауында орналасқан, бірнеше обадан тұрады. Бұл жерде



Бесшатыр қорымы

сақ көсемдері және қатардағы қауым мүшелері де жерленген. Сондықтан обалардың орташа диаметрі 105 м-ден 18 метрге дейін, биіктігі 18 метрден 6 метр, 2 метрге дейін ауытқып отырады. Үлкен Бесшатыр обасының диаметрі – 104 метр, биіктігі – 17 метр. Есік обасы бұдан анағұрлым аласа, оның биіктігі – 6 метр. Жетісудағы жерлеу ғұрпын жаңғыртып сараласақ, оның Алтай ескерткіштерімен көп ұқсастығы барын байқауға болады.

Жетісу сақтары қабір шұңқырларын қазбаған, олар жазықтағы табиғи төбешікке ағаш сағана тұрғызған. Ол төртбұрышты (төбесінен қарағанда) жерлеу бөлмесі мен дәлізден тұрды. Құрылыстың қабырғалары 15 қатар бөренеден құралған. Бөренелер бір-біріне кіріктірілген, өзара бекітілмеген, қабырға құлап кетпес үшін сыртқы жағына тас тірелген.

Сағана көлденең бөренелермен жабылған. Үстіне арқандармен буылған қамыс төсеніш төселіп, қиыршықтастан біршама биік үйінді жасалған.

Жерлеу бөлмесінің тақтай еденіне киіз, кілем төселген. Көсемнің жанына тұрмысқа қажет заттар, қару-жарақ, алтын, күміс, қоладан жасалған әшекей бұйымдар қойылған. Саз ыдыстарға ас-су құйылған. Құдайдың алдына баратындықтан көсемге салтанатты киім кигізілген. Жерлеу аяқталған соң дәліз тастармен бекітілген.

Қорым обалары тоналғанмен, тонаушылар барлығын әкете алмаған. Темір қанжар-ақинақ, қола ұшты жебелер салынған қорамсақ қалдықтары мен басқа да бұйымдар археологтерге көп ақпарат береді.

Есік обасы Алматыдан шығысқа қарай 50 км жерде, Іле Алатауының баурайында орналасқан Есік обасының өзіндік





Есік обасы

ерекшелігі байқалады. Атауы обаға жақын жердегі Есік қаласынан алынған.

Бір үйіндінің астына екі – орталық және бүйірдегі қабірлер орналасқан. Орталық қабір тоналған, бірақ тонаушылар үйіндінің астында тағы бір қабір барын білмеген. Сөйтіп, 1970 жылы профессор К. Ақышев бастаған археологтер алғаш рет тоналмаған сақ көсемінің жерлеу орнын тапқан.

?? Бұл археологиялық ескерткіш қандай шартты атауға ие болды?

Қабір ағаш лақат $3 \times 1,5$ м³ жерлеу бөлмесі мен дәлізден тұрады.

Жақсы өңделген 10 тақтайдан еден орнатылған. Еденнің мәйіт жатқан тұсына алтын қаптырмалармен безендірілген мата төселген. Матаның үстіне сәнді киім кигізіліп, бес қаруы түгел асылған мәйіт қойылған. Ол шалқасынан жатқызылып, басы батысқа қаратылған. Ғалымдар қайтыс болған адамның жасы 17–18 жаста, бойы 165 см болғанын анықтады.

Оңтүстік қабырғаға жақын ағаш ыдыстар: табақша, тегенелер мен ожау қойылған. Осы жерден сабында аққұтанның басы бейнеленген күміс қасық, жазуы бар күміс тостаған табылды. Бас жағындағы алтын жалатылған тостағанда сиқырлы бойтұмар – жыртықш құстың тырнағы мен тұмсығы тәріздес алтын қапсырмалар жатты. Сол қолының қасына алтын ұшты жебе қойылған.

Металл әшекей. Белдіктің оң жағына қызыл қынға салынған ұзын семсер, сол жағына ақиғақ – қанжар ілінген. Қанжар жүзінің ортасына алтыннан ирелеңдеген жылан бейнесі салынған. Есік обасы б.з.б. IV ғасырға жатады.



?! «Алтын адам» неліктен еліміздің мақтанышына айналды?

Тас қоршау бағандармен (менгир) қоршалған көсем обаларымен қатар қатардағы қауым мүшелері мен қарапайым жауынгерлердің обалары да орналасқан. Қабірде басы батысқа қаратылған адамның сүйегі жатыр. Жерленген мәйіттің жанында тұрпайылау өңделген саз ыдыс, жебенің қола ұштары, ағаш садақ, темір пышақ тәрізді заттар қойылған. Қабір үстіне онша биік емес үйінді үйілген.


Тасмола мәдениеті. Орталық Қазақстанның Мұғалжар тауларына дейінгі аумағында б.з.б. VII–III ғасырларда Тасмола мәдениеті қалыптасты. Ол өз атауын қорымдар орналасқан Тасмола қойнауынан алды. Бұл мәдениетті *сақ исседондар* қалдырды деген болжам айтылады. Бірақ бұл обалардың сыртқы түрі мен мазмұны басқа аумақтан табылған сақ обаларына ұқсамайды.

Тасмола мәдениетіне жататын обалардың шет жағында тас тізбектері бар. Бұл обаларға төбеден қарағанда тас тізбектер мұртқа ұқсайды, сондықтан шартты түрде оларды «Мұртты обалар» деп атайды.

Сақ исседондар көсемдерін қыстық жайылымдағы жерлеу орнына апарған. Жауынгердің мініс атына да адам тәрізді құр-



«Алтын киімді адам»



Орталық Қазақстандағы «мұртты» обалар



«Мұртты» обалардан табылған қыш ыдыстар

метпен қаралды. Сондықтан өлген адамның аты да иесімен бірге жерленген. Қайтыс болған адамды тереңдігі екі метрге жуық шұңқыр етіп қазылған жерлеу орнына жеткізген. Мәйітті қамыспен, киізбен жабылған ағаш зембілмен лақатқа түсіріп, басын солтүстікке қаратқан.

Қабірдің ішіне ілмекті сабы бар қола айналар, тас құрбандық ыдыстары, темір пышақтар және ақинақтар, үш қырлы қола жебелер салынған.

Сақ исседондар алғашқы болып темірден жебе ұштарын дайындады. Өйткені Орталық Қазақстанда темірдің бай қоры бар еді.

Адам қабірінің шығыс жағындағы шұңқырға қыш, ағаш ыдыстар қойылып, жылқы көмілген. Қазбалардан қола ауыздық және жүген табылған. Кей кезде жылқыны өртеген. Мұндай кезде археологтер оттың орнын немесе күйген қабатты ғана тапқан.

Қайтыс болған адамның үстіне үлкен оба, ал жылқы көмілген жерге кіші үйінді тұрғызылған. Сөйтіп, үлкен және кіші обалар пайда болды. Кіші обадан шығысқа қарай бағыттталып доға тәрізді тас тізбектер қаланған. Бұл тізбектер алып қоңыздың мұртын еске түсіргендей.

Б.з.б. V–III ғасырлардағы Сақ көсемдерінің жерленуінен алғашқы мемлекеттік басқару жүйесі қалыптасқанын байқаймыз. Есік пен Тасмола т.б. қорымдардан табылған жәдігерлер сақ қоғамы көсем, жауынгер, абыз, қатардағы қауым мүшелерінен тұратын күрделі әлеуметтік құрылым екенін айғақтайды.



1. Бесшатыр қорымын сипаттаңдар.
2. Есік обасы туралы не білесіңдер?
3. Картадан Тасмола мәдениетін көрсетіңдер.
4. Сақтардың жерлеу орындары қандай мәліметтер береді?



Жүп болып талқылаңдар.

Б.з.б. V–III ғасырларда Оңтүстік және Орталық Қазақстан сақтарында алғашқы мемлекеттік құрылым болғанын дәлелдейтін дәйектер мен деректер келтіріңдер.



Қосымша тапсырма

«Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Қазақстанның археологиялық ескерткіштері» салыстырмалы сызбасын құрыңдар.

§29–30. САВРОМАТТАР МЕН МАССАГЕТТЕР

Жазба деректер. Савроматтар б.з.б. VII–IV ғасырларда Дон өзені мен Азов теңізінен Жем өзеніне дейінгі аралықты мекен еткен. Олар ішінара егіншілікпен де айналысқан. Бұл тайпалар жөніндегі жазба деректер аз. Олар туралы Геродоттың I Дарийдің жорықтары жайлы еңбегінде алғаш рет айтылады. Парсылар мен скифтердің арасындағы шайқаста савроматтар өздеріне туыстас скифтерге сенімді одақтас болған. Грек тарихшысы Геродот оларды «ержүрек», «мал соңынан шүйгін жайылым мен су іздеп көшіп жүретіндер» деп сипаттайды. Геродот савроматтар иелігінің шегарасын дәл анықтап, олардың амазонкалардың құпия тайпасынан тарайтындығы жайлы аңызды да баян етеді.

Рим тарихшысы Диодор: «Мидиядан шығып Танаис (Дон) өзенінің маңына қоныстанушылар *савроматтар* деп аталады» деп жазған.

?? Қалай ойлайсыңдар, Геродот неге савроматтарды «ержүрек», «мал соңынан шүйгін жайылым мен су іздеп көшіп жүретіндер» деп сипаттады?


Скифтер мен савроматтардың арасындағы достық қатынас б.з.б. IV ғасырға дейін созылды. Тарихшылар скифтер мен савроматтардың әскери жорықтарға бірге қатысқандары туралы айтады. Б.з.б. IV ғасырда скифтердің билігі құлаған соң, савроматтар Днепрге дейінгі жерлерді жаулап алған.

Савромат тайпалық бірлестігі мемлекеталды ұйымдасу сатысында болған. Гректер «басилевстер» деп атаған савромат билеушілері тарихтан белгілі. Гректер әдетте мемлекет басшыларын солай ұлықтаған. Савроматтардың көсемі Скопасис (Скопаса) б.з.б. 512 жылы Скифияны бағындырмақ болған Парсы еліне қарсы соғыста ерекше көзге түскен. Б.з.б. IV ғасырда ғылымда «ерте савроматтықтар» деп аталған тайпалар савроматтарды Солтүстік Кавказ даласына ығыстырды. Сол жерде олар ыдырап кетті.

Савромат мәдениеті. Савроматтардың шығу тегін ғалымдар қима және андрон



Савроматтар



Савроматтың ақсүйек әйелі

мәдениеттерімен байланыстырады, өйткені онда мәйітті өртеу ғұрпы, қабір үстіне тас қою, қыш ыдыстарға салынған жекелей өрнектер сияқты екі мәдениеттің дәстүрлі белгілері сақталған.

Батыс Қазақстанда зерттелген савромат ескерткіштерінің анағұрлым айшықты деректері Елек өзенінің бойындағы обалардан табылды. Бұл жерде бүкіл Батыс Қазақстанның тайпа көсемдері, әскери ақсүйектер жерленген. Савроматтардың ескерткіштері қорым түрінде кездеседі. Олар биік төбешіктерге орналасқан.

Ру мүшесі қайтыс болғаннан кейін оның қауымдағы орнына орай қабір шұңқыры дайындалған. Жерленген адамды ұзынынан жатқызып, қасына сиыр, жылқы, қой еттері салынған қыш ыдыстар қойылған. Өлікті киіндіріп, қаруымен, ат әбзелдерімен бірге жерлеген. Қабірдің үстіне көлденең бөренелер жабылған. Кейде құрылыс тұрғызылып, жерлеу дәстүрі кезінде өртелген. Құрылыс жанып біткен соң тайпа мүшелері оба үйіндісін тұрғызған. Қайтыс болған адамның дәрежесі жоғары болған сайын үйінді де биіктей түскен. Оба топырақтан үйілген. Ол үшін тайпа адамдары топырақты қапқа жинап, қабір үстіне төккен. Сондықтан савроматтардың алып обалары бір жағына еңіс болып келеді. Кейбір обалардың биіктігі 16 метрге дейін жетеді.



Савроматтардың жауынгерлік бұйымдары

Көсем обаларының маңында қауым мүшелерінің обалары да орналасқан. Бір қабір шұңқырына төрт мәйітке дейін жерленген, яғни топтап жерлеу де кездеседі.

Ежелгі адамдар өлген адамды «ұйқыға кетті, басқа өмірге өтті» деп түсініп, оның жаңа жерге орнығуына мүмкіндік беру қажет деп ойлады. Сондықтан қайтыс болған адамға о дүниеде қажет болатын азығын, садағы мен жебесін, құдайға қызмет етуі үшін қару-жарағын қоса көмген.

Археологиялық деректер савроматтар қоғамында әйелдің орны жоғары болғанын көрсетеді. Ақсүйек әйел де қару-жарақ, ат әбзелдерімен қоса жерленген.

Абыз әйелдің мәйіті жанынан құрбандық үстелі, бояу езетін ыдысы т.б. заттар табылған.

Археологиялық қазбалар мен жазба деректердегі массагеттер. Массагеттердің мал өсіруші тайпалары б.з.б. VIII–IV ғасырларда солтүстік Аралдың бойын мекендеген. Тарих ғылымында бұл тайпалар сақтар мен савроматтардан бөлек қарастырылады. Геродоттың жазуынша, «массагеттердің киімі мен өмір сүру дағдысы скифтерге ұқсас. Олар ат үстінде және жаяу да соғыса береді. Найза, қылышпен қаруланған және әскери балта ұстаған. Барлық бұйымдары алтын мен мыстан жасалған. Олар найзаның, жебенің, әскери балтаның металл бөлігін мыстан жасаған. Баскиімдері мен белдіктерін, ер-тұрмандарын алтынмен әшекейлеген. Сонымен қатар олар аттардың сауытын да мыстан жасаған. Ауыздық, жүген, өмілдірігін алтынмен зерлеген. Темір мен күмісті пайдаланбайды, себебі бұл металдар олардың елінде кездеспейді. Есесіне алтын мен мыс өте көп. Олар егін екпейді, мал еті мен балықты азық еткен, сонымен бірге сүт ішкен».



Қола жүгеннің бөлігі



Алтын бұйымдар



Алтын алқа, салпыншақтар



Ауыздықтың қоладан жасалған бөлігі

Әшекей түрлері

Массагеттер күн бейнесіндегі құдайға табынған. Күнге арнап олар жылқыны құрбандыққа шалған. Күн-құдай аспан күмбезінің бойымен күймеге мініп қозғалады деп сенген. Массагеттер күн-құдайға ғана табынды деген Геродоттың пікірі дұрыс емес. Массагет одағына бірлескен тайпалар ата-баба аруағына, табиғат күштеріне де сиынған.

Рим тарихшысы, географ Страбон да массагеттер Қазақстан аумағындағы ең ежелгі тайпалық одақты құрған деп есептейді. Массагеттер қола дәуірінің соңында тайпалық одаққа бірігіп, парсы билеушілері Кир мен Дарий кезінде ыдырап кеткен. Ыдыраған массагет қоғамынан *алан, аорс, дах, қаңлы* т.б. тайпалар шыққан. Сырдарияның төменгі бойындағы ірі массагет қорымдары Ұйғарақ пен Түгіскенде орналасқан. Қазба жұмыстары олардың б.з.б. VII–V ғасырларға жататынын, яғни массагеттер материалдық мәдениетінің шарықтап дамыған кезеңінде салынғанын айғақтайды.

Ұйғарақ қорымында ақсүйек массагеттер жерленген. Қазба барысында көптеген бағалы бұйымдар: көзе шарығымен жасалған саз ыдыс, керамика, тас құрбандық ыдыстары және қайрақтар табылған. Тағы бір жерлеу орнынан ағаш сабында қасқыр бейнелі қаптырмасы бар темір қылыш, ат әбзелдерінің бөліктері, айылбасы бар ауыздық шықты.

Сондай-ақ қолданбалы өнердің бұйымдары: бұғы, киік, жылқы, таутеке, арыстан, барыс, жыртқыш құстар бейнеленген алтын салпыншақтар көп кездеседі.

Массагеттер мәдениеті б.з.б. 1 мыңжылдықтың ортасында шарықтау шегіне жетті. Осы кезде Арал бойында ертедегі Хорезм мемлекеті қалыптасқан еді. Отырықшы аудандар мен даланың арасында экономикалық, мәдени байланыстар дамыды. Хорезмдіктер мен парсылардың әсерімен массагеттерде отырықшы қоныс, қалалар пайда болды. Оларға археологтер тапқан *Шірік-*



Шірік-Рабат қаласы

Рабат, Бәбіш-молда (Жаңадария) және Іңкәрдариядағы Баланды қалашықтарын жатқызуға болады. Қалашықтардың қасынан ежелгі суару жүйесінің қалдықтары табылды.



1. Геродот Қазақстан аумағындағы савромат тайпаларын қалай сипаттаған?
2. Савроматтардың қоғамдық бөлінісі туралы әңгімелендер.
3. Геродоттың деректерін пайдаланып, массагеттердің негізгі кәсіптерін атаңдар.
4. Массагет мәдениеті қай кезде ерекше гүлденген еді? Негізгі мәдени ескерткіштерді атаңдар.
5. «Савроматтар мен массагеттердің тарихы туралы жазба деректер» атты сызбаны толтырыңдар.

Автор	Қандай дерек қалдырды?



Жүп болып талқылаңдар.

Савроматтар мен массагеттердің археологиялық ескерткіштерін салыстырыңдар.



Қосымша тапсырма

Савроматтар мен массагеттердің тарихына қатысты қосымша ақпарат тауып, таныстырылым әзірлеңдер.

Мультимедиалық таныстырылымға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпқа сәйкестігі;
2. Көркем безендірілуі;
3. Мәтіннің нақтылығы;
4. Түрлі деректермен жұмыс жасау білігі.

Рәсімделуі:

1. Таныстырылым үйлесімді, эстетикалық талапқа сай безендірілуі мазмұнына сәйкес келуі керек.
2. Таныстырылымның бейнеленуі тартымды, қызықты әрі мәтіннен ауытқымауы тиіс.
3. Мәтін жеңіл оқылатын және слайдтар соған сәйкес келуі керек.
4. Тізім, кесте, диаграмма мен сызбалар таныстырылымда ретімен орналастырылғаны жөн.

Таныстырылымды қорғау:

1. Таныстырылым материалын мүмкіндігінше толық меңгеру.
2. Анық және түсінікті етіп жеткізе білу.
3. Аудиториямен еркін қарым-қатынас орнату (қызықтыра білу, сұраққа сауатты жауап беру).
4. Регламент сақтау.



§31. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мал шаруашылығының қалыптасуы. Сақ, савромат, массагет тайпалары өмір сүрген кезең мал шаруашылығының жаңа түрі – жайылымдық немесе көшпелі мал шаруашылығы *номадизмнің* қалыптасуымен байланысты. Номадизм атауы «номад» – «көшпелі» сөзінен шыққан. Өздері отырықшы-егіншілік аймақтарда тұратын ежелгі авторлар бұл тайпаларға «егінші емес көшпелілер» деп біржақты баға береді. Ерте темір дәуірінде жайылымдық мал бағудың толық қалыптасуы далалық аймақта отырықшы қауымның ыдырауына әкелді. Отырықшы-егінші қауымдар ірі өзендердің аңғарындағы алқаптарда сақталып қалды. Егіншілік мал өсірушілер үшін шаруашылықтың қосымша түрі болды.

Жайылымдық мал бағуда бақташылар жер жағдайына байланысты балық аулау, қолөнер, кен өндіру кәсіпшілігімен де айналысты. Кәсіпшілік көбінесе тұз өндіру, кен ісі және әртүрлі металл қоспасы бар кен өндіру мен өңдеу еді. Өткен параграфтарда сақтар мен массагет т.б. тайпа ақсүйектерінің қазынасы туралы айтқан едік. Табылған бұйымдар қолөнердің ерекше дамығанын, халықаралық сауда мен сауда жолдарының қалыптасқанын көрсетеді. Егіншілікті кәсіп еткен Орта Азия, Парсы елі және Үндістан мал өнімдері мен қолөнер бұйымдарына мұқтаж болды. Мал өсірушілер астық өнімдерін, ақсүйектер сән-салтанат заттарын қажет етті.

Жайылымдық мал бағу (көшпелі мал шаруашылығы) ұзақ уақыт бойына қалыптасты. Бұл үрдіс қола дәуірінің соңында аяқталды.

Қола дәуірінің тайпалары жабайы аңдардың көктемде оңтүстіктен солтүстікке кетіп, күзде қайта оралатынын білді. Жануарлардың жеткілікті мөлшерде азық іздеуі мал шаруашылығы жаңа түрінің қалыптасуына түрткі болды.



Қытай, парсы, грек, рим халықтары үшін шаруашылықтың бұл түрі қарапайым әрі жұпыны көрінді. Мал өсірушілер туралы олар «тек шөбі шүйгін, суы мол жерлерге малмен бірге көшіп-қонып жүреді» деген тұжырым жасады. Шын мәнінде, ол шаруашылықтың күрделі түрі еді.

Қазақстанның оңтүстік облыстарында қыс тез өтеді. Қатты аяз бен қалың қар болмайды. Мұндай жағдайда төрт түлік мал жаздан қалған шөпті қар астынан тұяғымен аршып, тебіндеп жайыла алады. Олардың топтанып (үйір, табын, отар) жайылатыны да малшылар үшін қолайлы еді.

?? Жайылымдық бақташылықты реттеу не үшін қажет болды?

Көшпелілікті реттеу үрдісі. Қола дәуірінің бақташы, егінші, отырықшы қауымы үшін үлкен аймақтың қажеті болмады. Бүкіл шаруашылық өзен-көлдердің бойында өтті. Қыстыгүні малды қорада бағу үшін шөп шапты.

Б.з.б. VIII ғасырда сақ, савромат, массагет тайпаларында жайылымдық мал бағу толық қалыптасқан соң, олар кең-байтақ далалық аймақты өзара бөлісті. Бүкіл дала ру-тайпалардың шаруашылық аумағына бөлінді.

Жаңа қауымдардың малы көбейіп, ондаған мыңға жетті. Далалық жайылымда шөп жетіспеді. Күннің ысып кетуіне байланысты далада көктемнің соңына қарай шөп қурап қалатын. Жаздың аптап ыстығында өртеніп те кететін. Ондаған, жүздеген мал басын азықпен қамтамасыз ету үшін көшпелі мал шаруашылығын реттеу қажет болды. Рулар мен қауымдар көктемгі, жазғы, күзгі жайылымдарын бөлісуі керек еді.

Мал бағымы үш деңгейде реттелді.

?? Қалай ойлайсыңдар, мал бағу үрдісін реттеу не себепті үш деңгейден тұрды?

Ең жоғарғы деңгейде мал өсірушілердің ру-тайпа көсемдері жиналып, тайпалардың аумағын шаруашылық өрістерге бөлді. Олар жайылымдықтарды пайдалану тәртібін келісті. Қосымша қорда сақталатын жайылымды анықтады, тағы басқа мәселелерді шешті.

Келесі деңгейдегі реттеу ісін қауым мен қауымдық топтардың басшылары *ақсақалдар* атқарды. Олар көш бағытындағы өз қауымдарына бөлінген жайылымды тиімді пайдалануды ұйымдастырды. Малшылар жайылымды бірінші болып иеленуге тырысты. Кім қолайлы жайылымға бұрын келсе, сол жердің уақытша иесі саналды.





Тайпа көсемі

Малды маусымдық жаю үрдісінің әсерінен көшпелілерде рулар мен қауым-дастарды біріктіретін орталықтандырылған билік пайда болды.

?? «Билік» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Орталықтандырылған билік дегеніміз не?

Бұған сақ, савромат ақсүйектерінің обалары айғақ бола алады. Жайылымдықтар мен малды сақтау үшін әскери-саяси билік пен ұйым құрылды. Олар көшпелілердің мемлекет қалыптастыруына, ұлан-байтақ жерді жаулап алып, отырықшы-егінші қауымнан басым түсуіне мүмкіндік берді.

Қола дәуірінде барлық адамдар тең еді. Жер қауымның меншігі саналды. Мал өсірушілерде жекеменшік малға қатысты болды. Бұл қауым, бүкіл қоғамның жікке бөлінуін туғызды. Байлар және кедейлер пайда болды. Адамдар: *көсем, абыз, жауынгер, қатардағы қауым мүшесі* болып топқа бөлінді. Алайда мал өсірушілерде бұл айырмашылық көп қайшылық тудырмады. Байлар мен кедейлер, көсемдер мен қатардағы қауым мүшелері өзара жауласпады.



1. «Тебіндеу» сөзіне анықтама беріңдер.
2. Оқулық мәтінін пайдаланып, темір дәуірі көшпелі тайпалардың көшіп-қонған жерін көрсетіңдер.
3. Қазақстан аумағындағы көшпелі мал шаруашылығының ерекшелігін атап өтіңдер.
4. Неліктен отырықшы халыққа қарағанда көшпелілерде орталықтандырылған билік ерте пайда болды?
5. Ерте темір дәуіріндегі мал өсірушілердің қоғамдық құрылысында қандай өзгерістер орын алды?



Жұп болып талқылаңдар.

Отырықшы-егінші халықтан шыққан авторлардың «дала тайпалары малмен бірге шөбі шүйгін, суы мол жерлерге көшіп-қонып жүреді» деген тұжырымымен келісесіңдер ме? Өз пікірлеріңді дәлелдеңдер.



Қосымша тапсырма

Қазақстандағы ерте темір дәуіріндегі жайылымдық мал бағуды сипаттаңдар.

Жазбаша тапсырмаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпты ашуда маңызды ақпарат пен деректерді іріктеп алу.
2. Тақырыпты жүйелі түрде баяндау (қорытынды жасау).
3. Қосымша материалдарды пайдалану.
4. Жұмыстың дербес орындалуы.

§32. ДАЛА ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Қыс пен көктемгі көші-қон. Қыста мал өсірушілер оңтүстікте өздерінің қысқы жайылымдарында тұрды. Мысалы, массагеттер Үстіртте және Сырдарияның төменгі ағысынан Әмударияға, яғни ежелгі Хорезм шегарасына дейінгі алқапты; сақ-исседондар Сырдарияның төменгі ағысы мен Шу, Талас аралығын; савроматтар Ырғыз, Жем өзендерінің төменгі бойын мекендеді.

Ру-тайпалар шағын қауымдарға бөлініп, бір-бірінен алшақ қоныстануға тырысты. Бұл аймақтарда қыстаған малға шөп көктемге дейін жетуі тиіс болды.

Көктем шығып, жер көктегенде малшылар қыстаудан көктеуге көшеді. Көктеуде тайпа көсемдері жиылып, рулар мен қауымдардың жаз мерзімінде қай бағытпен көшетіндерін анықтайтын. Мал өсірушілер «көш» деп аталған қауым құрды.

Малы аз болғандықтан кей отбасылар қауымдастыққа қосылмады. Олар орындарында қалып қойды немесе жаз бойы көктемгі жайылым маңында көшіп-қонып жүрді және қысқа шөп дайындады. Сондықтан сақ, савромат, массагет және басқа мал өсіруші тайпалар мен халықтарды толық «көшпелі» дей алмаймыз. Жекелеген малшылар қолөнермен, балық аулау, кен өндіру, суармалы егіншілікпен айналысты.

Археологиялық қазба жұмыстарынан біз савроматтар жер жыртып, егіншілікпен айналысқанын және өз қыстауларының қасына тары еккенін білеміз. Тиграхауда сақтары мен массагеттер Сырдария, Жетісудың өзендері бойында суармалы егіншілікпен шұғылданды.

Жазғы, күзгі көші-қон. Жазғы жайылымға бет алған малшылар шөлге, сортаң жерлерде немесе шөбі күйіп кеткен далада қалмас үшін алдын ала анықталған бағыт бойынша жүрді. Шөбі шүйгін, табиғи су көзі жеткілікті жайылымды іздеп табу басты



Жер жырту

міндет еді. Олар кез келген жайылымға емес, шөбі кемінде 10–15 күнге жететін жерге тоқтап отырды. Малшылар жаз кезінде маусымдық көштің бағытымен ондаған жайылымды ауыстырып отыратын. Оларды картаға түсірсек, оңтүстіктен солтүстікке бағытталған жердің ұзын ендігі шығар еді.

Жыл сайын қауым қысқы жайылымына қайтып оралатын. Олар күзеуге жеткен кезде жазғы қауымдастық ыдырайды. Қыстық жайылымда тұрақты қоныстар – жеркепе, жартылай жеркепе мен тұрғын үйлер салынды. Үй салу үшін көбінесе балшық, күйдірілмеген кірпіш қолданылды. Тау ішіндегі мал өсірушілер үйді тастан қаласа, ағашты жердегі тайпалар бөренеден салды.

Жаздыгүні үндіран мал өсірушілері киіз үйде тұрды. Киіз үй – ағаш қаңқасы бар киізбен жабылған жиналмалы-құрастырмалы баспана.

Қыз-келіншектер де ерлермен бірдей атқа мініп, садақ, жебе, ақинақпен қаруланды, малды жаудан қорғады.

Дала тайпаларында жайылымдық мал бағудың көптеген түрі қалыптасты.

?? *Жайылымдық мал бағудың түрін таңдау үшін әр аймақта қандай жағдайлар ескерілгенін ойлап көріңдер.*

Савроматтар жазық далада мал өсірді. Жаздыгүні олар ұзақ қашықтықта жайылымның бойымен көшіп жүрді. Шаруашылықтың бұл түрі исседондарға да тән. Тиграхауда сақтары малын тауда өсірді. Олар мұздықтардан бастау алатын өзендерден суарылатын оты мол жайылымға тау арасындағы қиын жолмен жететін.



Қыстау маңы

Үстірттегі массагеттердің *дах* т.б. рулары қыста да бір жайылымнан екінші жайылымға ауысып жүрді. Олар жайылымдарда адам мен мал су ішетін құдық қазды. Жаздыгүні массагет тайпалары Жем және Ырғыз бойына дейін көшті.

Мал бағу. Қолөнермен, егін шаруашылығымен айналысатын кедей қауым мүшелерінің де малы болды. Бірақ малдары аз еді, сондықтан олар үй маңындағы бақташылықпен айналысты. Олар қоймен бірге сиыр да ұстады. Ол үшін қысқа шөп дайындау қажет еді. Кедей мал өсірушілердің негізгі тамағы сүт пен сүт өнімдері болды.

Үндіран тайпалары жылқы өсірді. Жылқының екі түрін: *қазанат* пен *жабыны* ажырата білуіміз керек. Жабы көбінесе еті үшін өсірілді, ал қазанат жауынгердің серігі болды. Қазанаттың құлынын ерекше күтімге алып, баптаған. Мал өсірушілер жылқының тұқымын жақсартуға тырысып, іріктеп отырған.

Археологиялық қазба жұмыстары кезінде Орталық Қазақстаннан табылған сүйектерге қарап жылқының екі түрі болғаны анықталды. Бірінші түрі – аласа бойлы, басы мен денесі ірі жылқылар. Екіншісі – тұрқы биік, жарау, мініс жылқылары. Жайылымдық мал бағуда жылқыға ерекше мән берілді.

?? *Қалай ойлайсыңдар, неге?*

Алайда түліктің негізгі түрі ет, жүн, сүт беретін қой көп өсірілді.

?? *Жайылымдық мал шаруашылығында не себепті қой көп өсірілгені туралы ойланыңдар.*



Қой тез көбейеді, азық талғамайды. Қазба жұмыстары савроматтарда қойдың тұмсықты келген ірі тұқымы болғанын айғақтайды. Ол қазақтың қазіргі құйрықты қойларына ұқсас келген. Қоймен бірге Батыс және Оңтүстік Қазақстанның далалық аудандарында түйе өсіру дамыды. Түйе мінуге және жүк артуға пайдаланылды. Одан жүн, ет, сүт алынды.



1. Жылқыны қолға үйретудің әлемдік өркениетке қосқан үлесін анықтаңдар.
2. Түліктің түрлерін атаңдар.
3. Мал өсірушілердің шаруашылық көші-қон бағытын анықтаңдар.
4. Неліктен сақ, савромат, массагеттер, басқа да мал өсіруші тайпаларды толық көшпелі деу қате пікір?
5. Жайылымдық мал шаруашылығы көп білім мен тәжірибені талап ететін күрделі іс екенін дәлелдеңдер.



Жүп болып талқылаңдар.

Тұрақты тұрғын үйлер не себепті қысқы жайылым аумағында салынды?



Қосымша тапсырма

Венн диаграммасын қолданып қысқы-көктемгі, жазғы-күзгі көші-қон бағытын салыстырыңдар. Олардың айырмашылығы мен ұқсастығы неде?

§33. МАЛ ӨСІРУШІ ТАЙПАЛАРДЫҢ ҚОЛӨНЕРІ МЕН САУДАСЫ

Қолөнер. Сақ, массагет тайпаларында металды өндіру, қорыту ғана емес, оны өңдеу мен құюда да зор шеберлікке қол жеткізді. Олар қоладан қазандар, құрбандық ыдыстарын, қанжар, найза, жебе ұштары сияқты қару-жарақ түрлерін, ауыздық, жүген т.б. ат әбзелдерін, нағыз өнер туындылары саналатын алуан түрлі әшекей, зергерлік бұйымдар жасады. Олардың аң стиліндегі алтынмен құйылып, зерленген бұйымдары әлі күнге таңғалдырумен келеді.

Жетісудың Іле аңғары мен Ыстықкөл маңынан қазандар мен құрбандық заттары көптеп табылды. Қазанның бүйірі шы-



ғыңқы, тұтқалары ілгек тәрізді, кейбіреуінің шеті жануар бейнесімен өрнектелген. Құрбандық ыдыстар дөңгелек үстел тәрізді, жиегі шығыңқы табақтар түрінде болды. Оларды діни жоралғыларда пайдаланған. Құрбандық ыдыстарын ру-тайпалар маусымдық жайылымдарда өздерімен бірге алып жүрді, діни дәстүрлерді орындады.

Алматы жерінде табылған құрбандық табағы сирек кездесетін жәдігер. Конус тәрізді тұғырда, шетіне 15 бұқа мүсіні бейнеленген дөңгелек табақ орнатылған. Табақта атқа мінген садақшы қырын қарап бұқаларды көздеп тұр, қасына білте салатын түтік орнатылған.

Тағы бір тамаша жәдігер – «жетісулық құрбандық ыдыс». Ол төртбұрышты келген, ұстайтын құлақшалар орнатылған. Табақ жануардың сирағы тәрізді төрт тұғырға қойылған. Үстелдің шетіне қанатты жыртқыштардың мүсіндері бар. Савроматтар да осы тәрізді жануар сирағы бейнеленген құрбандық табақтарын пайдаланған.

Тасмолалықтардың қолданбалы өнерінде жолбарыстың алтын, таутекенің қола мүсіндері кездеседі. Қола айнаға бедерленіп салынған қабан мен бұланның мүсіндері, бұратылып жатқан қабан түріндегі сүйек пен мүйізден жасалған тоғалар табылды. Сақтарда «зоологиялық шытырман» стиліндегі көп мүсінді көріністер шыға бастады.

Кейінгі дәуірде тасмолалықтардың материалдық мәдениетінде өзгеріс пайда болды. Үшқырлы ұңғымалы садақ жебелерінің ұшы жасалды, темір кеңірек қолданыла бастады.

Зергерлердің ғажайып бұйымдары Есік обасынан табылды. Ондағы бұйымдар ақсүйек сақтардың киімі мен әшекейі, қару-жарағы туралы толық ақпарат береді.

Зергерлік өнерде ағаштан ойып жасаған бейнелер мен әшекей бұйымдарды алтынмен аптау ісі, түйіршіктеу мен зерлеу әдістері кең тарайды.

Сақтарда ағаш өңдеудің дамығанын ыдыстар, аңдардың мүсіндері мен әртүрлі ілгектер айғақтайды. Сонымен қатар ілгек,



Қола қазан



Құрбандық табағы





Айырбас

тоға, түйме сияқты заттар жасайтын сүйек өңдеу де дамыды.

Мал өсірушілерде зергерлік өнері ерекше жетілді. Шеберлер құю ісімен, алтын қалыпқа түсірумен таныс болды. Олар әшекейлерді, киімді сәндідейтін бұйымдарды, ат өззелдерін, тұрмыстық заттарды нақыштап таңғаларлықтай етіп жасады. Бұлар – алқалар, әртүрлі сырғалар, алтынмен өрнектелген тоғалы белдіктер мен киімге тігілетін оқалар.

Зергерлер түрлі түсті асыл тастардан моншақ жасады.

Айырбас пен сауданың шығуы. Орталық Азияның далалық аймақтарында мал өсіруші тайпалар үстемдік құрса, Зеравшан, Тарым, Сырдария мен Өмудария өзендерінің бойында егіншілік мәдениеті гүлденді. Мал өсіруші мен егінші қауымның арасында еңбек өнімін айырбастау дамыды.

Шығыс пен батысты, Жерорта теңізі мен Қытайды байланыстырған халықаралық сауда қалыптаса бастады.

Б.з.б. I ғасырдың ортасында сән-салтанат бұйымдары мен қолөнер заттарын мал өсірушілер тұратын жерге жеткізетін дала жолы іске қосылды. Жол Қытайдың қолөнері дамыған, Хуанхе өзені бойынан басталды. Алтайдың шығыс, солтүстік сілемдерін, Қазақстан далаларын, Қара теңіз жағалауын басып өтіп, гректер мен этрускилер жеріне дейін жетті.

Геродоттың сипаттауынша, дала жолы Қара теңіз жағалауынан Донға өтіп, савроматтар жері арқылы Оралға бағыт алды. Одан әрі Алтайға, Ертіс бойындағы аргиппейлер еліне, Монғолия мен Қытайға жетті.

Бұл жолдың көп бөлігі Қазақстан арқылы өтті. Ол арқылы үндіран мал өсірушілеріне Қытай жібегі мен Иран кілемдері жеткізілді. Олардың қалдықтары Алтайдағы Пазырық обаларынан табылды.

Б.з.б. II ғасырдан бастап Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттары қалыптасты. Орталық Азияның мал өсіруші және егінші халықтары тауар мен мәдениет жетістіктері өзара алмасып отырды.



1. Темір дәуірі тұрғындарында қолөнердің қандай түрлері дамыды?

2. «Аң стилін» сипаттаңдар.
3. Тасмолалықтардың қолданбалы өнеріне не тән?
4. Кейінгі кезеңде тасмолалықтардың материалдық мәдениетінде қандай өзгерістер орын алды?



Жұп болып талқылаңдар.

Өзіндік жұмыс

Сыныптастарыңа 5 сұрақ әзірлеңдер (әр карточкаға 1 сұрақтан, сырт жағында жауабы болсын).

Карточкаларды басқа топпен алмастырыңдар.

Топ 4 адамнан тұрады.

- Топ басшысы берілген сұрақтарды оқиды. Топ мүшелері планшетке жауабын жазады да дайын болғанын білдіріп, бас бармағын көрсетеді.

- Топ басшысы белгі берген кезде бәрі жауапты жинайды. Түсініксіз сұрақтар талқыланады.



Қосымша тапсырма

Үндіран зергерлері туралы қосымша ақпарат тауып, 5 минуттық мультимедиялық слайдты таныстырылым әзірлеңдер.

Мультимедиялық таныстырылымға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпқа сәйкестігі;
2. Көркем безендірілуі;
3. Мәтіннің нақтылығы;
4. Түрлі деректермен жұмыс жасау білігі.

Рәсімделуі:

1. Таныстырылым үйлесімді, эстетикалық талапқа сай, безендірілуі мазмұнына сәйкес келуі керек.

2. Таныстырылымның бейнеленуі тартымды, қызықты әрі мәтіннен ауытқымауы тиіс.

3. Мәтін жеңіл оқылатын және слайдтар соған сәйкес келуі керек.

4. Тізім, кесте, диаграмма мен сызбалар таныстырылымда ретімен орналастырылғаны жөн.

Таныстырылымды қорғау:

1. Таныстырылым материалын мүмкіндігінше толық меңгеру.

2. Анық және түсінікті етіп жеткізе білу.

3. Аудиториямен еркін қарым-қатынас орнату (қызықтыра білу, сұраққа сауатты жауап беру).

4. Регламент сақтау.



§34–35. ДАЛА ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ДІНИ ТҮСІНІКТЕРІ

Дала тайпаларының қоғамы. Жазба деректерде дала тайпаларының қоғамдық құрылысы жайлы мәлімет аз кездеседі.

Рим тарихшысы Квинт Курций Руф дала тайпаларының көктен түскен сиқырлы сыйы туралы аңызды айтады. Аңыз бойынша, *соқа* мен *қамыт* егіншілерге, *найза* мен *садақ* жауынгерлерге, *тостаған* абыздарға арналған.

Бұған сүйенсек, қоғамда адамдардың үш тобы болған: *жауынгерлер* (жауынгерлерді «ратайштар» – «арбада тұрғандар» деп атаған). *Абыздардың* танымал белгілері тостаған мен ерекше баскиім. *Қатардағы қауым мүшелері*, «сегізаяқтылар», яғни соқаға жегетін қос өгізі барлар. Өрбір қоғамдық топтың өз түсі болған. Жауынгерлердікі қызыл, абыздардыкі ақ, негізгі қауым мүшелерінікі сары және көк түс.

Жауынгерлер мен билеушілердің белгісі *жебе* мен *садақ* болды. Билеуші садағын мұрагеріне қалдырды. Билеуші, ең алдымен, әскерді басқарды, садақ атуды, басқа соғыс қаруларын шебер игерді.

Көсем көктемде алғашқы соқа салу жұмысын жүргізді. Ол дәстүр бойынша көсем бақташының тәрбиеленушісі саналды, бұл билеушінің халықпен байланысын көрсетті.

Көсем құдайдың қалаулысы, аспан мен жердің арасындағы дәнекер есептелінді. Халықтың әл-ауқаты көсемнің күші мен рухани қуатына байланысты еді. Ол бүкіл халықтың жиынтық үлгісі еді, яғни қоғамдағы билікті білдірді. Ал билік мемлекеттің белгісі саналды.

Археологиялық деректер сақ, савромат қоғамдарының топқа бөлінгенін көрсетеді. Ол жерлеу обалары көлемінің әртүрлігінен байқалады. Бесшатыр қорымында алып обалар көсемдерге, орташа обалар жауынгерлерге, ұсақ обалар қатардағы қауым мүшелеріне тұрғызылған. Ұйғарақ қорымының ортасында садақ, жебе, әскери айбалтасымен жерленген көсемдер мен ақсүйек жауынгерлердің үлкен обалары орналасқан. Оның шығысында құрбандық ыдыстарымен бірге жерленген абыздардың, батыс бөлігінде қатардағы қауым мүшелерінің қабірлері табылды.



Ыдыстар, қобдиша



Алтын жапсырма

Савроматтардың қоғамдық құрылысында әйелдің рөлі жоғары болғанын барлық ежелгі тарихшылар атап көрсетеді. Шын мәнінде, савромат әйелдері жерлеу орнының ер адамдардың қабірінен көп айырмашылығы жоқ. Археологтер олардың қабірлерінен ерлердің қару жиынтығы мен ат әбзелдерін тапқан. Савромат жерлеу орнының б.з.б. IV ғасырына жататын қабірінен әйелдің сүйегі кездескен. Қабірден басқа жақтан әкелінген ыдыс-аяқ пен әшекейлер және найза, қылыш, қола, темір ұштары бар жебе салынған қорамсақ табылған. «Амазонкамен» бірге әбзелдерімен ат та көмілген.

Діни түсініктер, мифология. Савромат, сақ тайпалары басқа халықтар сияқты табиғат күштеріне күнге, жерге, найзағайға табынған. Олардың түсінігінше, мейірімді және зұлым құдайлар фантастикалық аң, құс, мысалы, қанатты пырақ, самұрық ат түрінде болады. Мифология мен фольклорда бұл бейнелердің кең таралуы Еуразия даласындағы өнерде ерекше «аң стилін» тудырды.

Сақ аңыздарында жылқы күн және отпен байланыстырылды. Әлемді жаратушы бас құдай Митра төрт ат жеккен күймен жүрген. Есік обасынан табылған билеушінің баскиімінде қанатты пырақтар бейнеленген. Күн бейнелі қанатты пырақ басқа халықтардың аңыздарында да кездеседі.

Жыртқыш бүркіт бейнесі де Күн құдайының символы есептелген. Дала тұрғындары Күнді төрт ат немесе төрт қыран алып ұшатын бір дөңгелекті күйме түрінде елестеткен.

Дала тайпаларында әлемнің құрылымы жайлы да түсінік қалыптасқан. Ғарыш туралы түсінігі Күн, Күн-күйменің қозғалысымен үндеседі.

Көшпелілер қоршаған ортаны үш дүниенің: төменгі – жерасты, орта – жерүсті және жоғарғы – көктің қабысуы ретінде қабылдаған. Дүниенің төрт – оң, сол, алдыңғы және артқы жағы болады деп есептеген.


Сақтардың ғарыш туралы түсінігінің мысалы Есік обасынан табылған сақ көсемінің баскиімі болып табылады. Баскиімнің

алдыңғы жағына бүкіл ғарыштың бейнесі ретінде күн – қанатты аттар мен төрт алтын жебе салынған. Бұл күннің өз жолында айналып шығатын үш әлем мен дүниенің төрт бұрышындағы билігінің ерекше белгісі саналады. Сақтар алдыңғы жақ деп дүниенің шығыс бөлігін, артқы жақ ретінде батысты есептеді. Баскиімнің жалпы мағынасы құдайдың көсемге бүкіл мифологиялық ғарыштағы билікті тапсыруын білдіреді. Көсем дүниенің кіндігі ретінде қабылданып, оның киіміндегі символдар сақтардың қоршаған орта туралы түсінігін көрсетті.

Жалпы алғанда, «аң стилі» үндіран тайпаларының дүниетанымы, ежелгі мал өсірушілердің ерекше белгісі ретінде қалыптасты.

Жауынгер тайпалардың діни түсінігі әскери мазмұны басым идеологиялық тұжырымдама түрінде сипатталады. Онда көсем мен әскербасылары ұлықталған. Алтын киімі мен төжіне қарасақ, Есік обасынан табылған көсем Күн құдайына теңестірілген. «Алтын киімді адамның» баскиіміндегі ою-өрнектің де өзіндік мәні бар. «Алтын таулар» мен «ағаштар» билеушіге бағынышты әлемді сипаттайды.

Сақтардың түсінігінше көсем де күн тәрізді әлемнің ортасында тұрып айналасын түгелдей бақылай алады. Сонымен бірге «Алтын киімді адам» – өзіне бағынышты дүниені қорғаушы жауынгер және абыз саналды. Сырт киіміндегі алтын қаптырмалар құстың қауырсынын еске салады. Қауырсындар кейінгі дәуірлердегі рухтар мен құдаймен тілдесе алатын бақсылардың қауырсындарына ұқсас келген.



«Алтын киімді адамның» баскиімі

Баскиімдегі ешкі мүйізді, арқасында алтын жебелер «өсіп тұрған» қанатты алтын қос пырақтың мәні зор. Бұл мифологиялық бейнелер: құс аспанды, жылқы жерді, ешкі жер астын, қанатты жебелер дүниенің төрт бұрышын білдіреді. Бұл жылқылар ғарыштың символы ғана емес, ол көсем билігінің, қоғамдық құрылыстың мінсіздігін де бейнелейді.

Жетісу сақтарында қасиетті орындар – от ғибадатханалары болды. Онда ғұрыптық заттар: құрбандық ыдыс орналасқан. Ғұрыптық бұйымдар табылған жерде мінажат орны жатты. Жетісулық үлкен құрбандық ыдыс, сондай орыннан табылған. Бұндай ғибадатханалар Тянь-Шань таулары баурайында,

жазғы жайылымда, ірі обалық қорымдар жанында орналасқан. Тау баурайында ата-баба аруағы үшін мерекелер өткізіліп, рәсімдер жасалған.



1. Квинт Курций Руфтың аңызын пайдалана отырып, сақ тайпаларының немен айналысқанын анықтаңдар. Қоғам қандай негізгі топтарға бөлінді?
2. Көсемнің көктемде бірінші болып соқа салуы нені білдіреді?
3. «Алтын киімді адамның» баскиімін қарап шығыңдар. Баскиімнің құрамдас бөліктері нені бейнеледі?
4. Дала тұрғындарының діни түсініктері мен мифологиясын сипаттаңдар.



Жүп болып талқылаңдар.

Сақ, савромат, массагеттер қоғамында әйелдердің құқықтары ерлермен бірдей болғанын, мемлекет белгілері байқалғанын қандай деректер көрсетеді?



Қосымша тапсырма

Үндіран тайпаларының дүниетанымын сипаттаңдар. Үндірандықтардың идеологиялық тұжырымдамасы қандай болды?

Жазбаша тапсырмаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпты ашуда маңызды ақпарат пен деректерді іріктеп алу.
2. Тақырыпты жүйелі түрде баяндау (қорытынды жасау).
3. Қосымша материалдарды пайдалану.
4. Жұмыстың дербес орындалуы.



IV тарау

ҮЙСІНДЕР МЕН ҚАҢЛЫЛАР

§36–37. ҮЙСІНДЕР ТАРИХЫ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Сақ, савромат және массагет тайпалық одақтары ыдыраған соң, олардың орнына бірнеше мемлекеттік бірлестіктер қалыптасты. Қытай мен Римнің жазба деректерінде олар: *үйсін*, *қаңлы*, *сармат* деп аталады.

Б.з.б. IV ғасырда тохарлардың тайпалық одағы *Юечжи* мемлекетіне айналды. Ғұндармен ұзақ соғыста иран тілді юечжилер талқандалды. Тохарлардың бір бөлігі ғұндарға бағынды, қалғандары қазіргі Ауғанстан мен Солтүстік Үндістанға қоныс аударып, Кушан мемлекетін құрды.

Осы оқиғаға дейін юечжилерден оларға бағынышты үйсін тайпалары бөлініп, Жетісу жеріне қоныс аударды да тұрақтап қалды. *Хань шудың* мәліметі бойынша, үйсіндер өз мемлекетін құрды. Бірақ археологиялық деректер көрсеткендей, үйсіндер сақтарды ығыстырып б.з.б. III ғасырдың өзінде Жетісуға қоныстана бастаған. Сыртқы бет әлпеті жағынан олар монғолоидтық нәсілдің азғана белгілері байқалатын азиялық еуропеоид өңдес келген.

Жазба және археологиялық деректер бойынша, үйсіндердің аумағы негізінен Іле алқабында орналасты. Батыс шегарасы Шу, Талас өзендері арқылы өтіп, қаңлы елімен шектескен. Шығысында ғұндармен, оңтүстігінде – Ферғанамен шегаралары ортақ жатты. Үйсін мемлекетінің билеушісі *гуньмо* өз билігін мұрагерлікке қалдырды. Қытай жылнамаларында гуньмодан басқа қызметшілердің болғаны айтылады.

Хань әулетінің елшілері үйсін халқы 630 мың әскер саны 288 мың екенін хабарлайды.

Үйсіндер батыста Шу өзенінен, шығыста Тянь-Шань сілемдеріне дейінгі, солтүстікте Балқаш көлінен, оңтүстікте Ыстықкөл жағалауына дейінгі аралықты жайлады. Үйсіндердің ордасы *Чегучэн* (Қызыл Аңғар) қаласы болды. Ол бұрын Ыстықкөл



Үйсін қыстауы

жағасында орналасқан, бірақ көлдің су деңгейі көтерілгенде су астында қалған. Жазба деректерде суреттелгендей, бұл жанында елді бірқатар мекендері бар бекініс-қала болған.

Үйсін мемлекеті сол кездегі дәстүр бойынша екі қанатқа бөлінген. Үйсіндерге бірқатар көрші тайпалар бағынған. Қытайдың Хань мемлекеті ғұндармен бәсекелесіп, Шығыс Түркістанның қала-мемлекеттерін, үйсіндер мен қаңлыларды бақылап отыруға тырысқан. Үйсіндердің тойтарыс беретін күші аз болғандықтан, олармен амалдау саясатын жүргізген.

Үйсін қоғамы біртекті болмады. Онда байлар, тайпа, ру басшылары, жауынгерлер, абыздар, малшылар мен егіншілердің қарапайым бұқарасы өмір сүрді. Үйсіндерде жекеменшіктің дамығанын қазба кезіндегі табылған қыштан, тастан жасалған мөрлер растайды. Кейбір үйсін әскербасылары мен билеушілердің алтын, мыс мөрлері туралы жазба деректерде айтылады.

Үйсіндерде малға ғана емес, жерге де жекеменшік орнықты. Бірқатар деректер қоғамның жоғары бөлігінде басқарудың жақсы жетілген жүйесі болғанын көрсетеді. Қоғамда қауымның еркін мүшелерінен басқа, негізінен тұтқындардан шыққан құлдар да болды.

Үйсіндердің шаруашылығы. Қытай деректерінде үйсіндер мал өсірушілер ретінде суреттеледі. Онда «Олар егін шаруашылығымен де, бақ өсірумен де айналыспайды. Тек шөбі шүйгін, сулы жерлерге малмен бірге көшіп-қонып жүреді» деп жазған.

Сақтардағы сияқты үйсіндердің өмірінде мал шаруашылығы басты рөл атқарды. Жетісудың табиғат жағдайы тау бөктерінде мал шаруашылығы және егіншілікпен айналысуға қолайлы еді. Ауқатты үйсіндер Мойынқұм құмдары мен Балқаш дала-

ларындағы қыстауларынан Алатаудың баурайындағы көгалды шалғындарына жаз айында малымен көшіп баратын. Мұнда мал тез қоңданып, семіретін. Жазғы және қысқы жайылымдардың арасы онша қашық емес еді. Тау мен тау бөліктеріндегі жайылымның ылғалы көп болғандықтан, шөбі шүйгін келді. Сондықтан үйсіндер жазғы және күзгі-көктемгі жайылымдарда ұзақ отыратын. Үйсіндер тау жазықтары мен қысқы жайылымдарда тас пен кірпіштен үй тұрғызып, жанына егін, бақша екті.

Сонымен, үйсіндердің шаруашылығы кешенді мал шаруашылығы мен егіншілік болды. Жылқы мен қой, ешкі, сиыр, түйе өсірді. Жайылымда жылқы мен қой басым болды. Деректерден ауқатты үйсіндердің 500-ге дейін жылқысы болғаны белгілі. Жылқылардың тұқымы өртүрлі, оның ішінде асыл тұқымды сәйгүліктер де бар еді. *Теңлік* обасынан табылған алтын қаптырмада салт атты адам ірі, биік жылқының үстінде бейнеленген.

Қолөнер мен сауда. Атақты адамдар жібек пен жүқа матадан тігілген киім киді, ал қарапайым адамдардың киімі қалың маталардан, теріден тігілді. Жібекті жылқыға айырбастап немесе сыйлық, алым есебінде Қытайдан әкелген. Үйсіндер қолдан тоқылған маталарды өздері дайындады. Жібек пен басқа материалдарды Қытай мен Үндістаннан алды.

Әйелдер қыш ыдыстарды саздан жасады, еркектер қайыңнан үстел-табақ, саба, қымыз құятын ожаулар ойды.

Тянь-Шань тауларында үйсін кәсіпшілері мыс пен қорғасын, қалайы өндірді. Олар темірді балқытып, одан пышақ, қылыш, қанжар, жебе ұштарын жасады. Темір бұйымдар ұста көрігінде қыздырып, соғу арқылы жасалды.



Үйсін қоғамы



Үйсіндердің зергерлік бұйымдары

Темірден орақ, пышақ, қылыш, жебелер дайындалды. Түрлі түсті тастар мен бағалы металдардан моншақ, сырға, киім әшекейлері әзірленді. Әшекей бұйымдарға ұсақ алтын түйіршіктерін жабыстырып, асыл тастармен безендірді. Үйсіндерде тоқу, иіру, тері өңдеумен бірге сүйек пен тастан заттар жасау ісі кең тарады. Дән ұғу үшін екі жалпақ тастан қол диірмен жасаған.

Үйсін қоғамы байлар мен кедейлерге бөлінді. Көсемдердің қолындағы орасан байлық қайтыс болған соң өзімен бірге жерленген. Үйсін көсемінің обасынан киімге тігілген алтын салпыншақ, сырғалар, темір күрзі, қола айна табылды. Осы қорымда қатардағы қарапайым үйсіндер де жерленген. Олардың қабірінен сүйекпен бірге қыш ыдыстар, темір пышақ, жебе ұштары шыққан.

Ыдыстары қыш пен ағаш, теріден жасалған. Үйсіндер қолөнері жалпы үйшілік сипатта дамыды. Тұрмыста жиі қолданылатын заттарды өздері жасаған.

Әшекейлер мен сапалы қолөнер бұйымдарын олар егінші халықтардан айырбастап алды. Сонымен бірге алыс жорықтардан әскери олжа ретінде әкелген.



1. Картадан үйсіндердің мекен еткен аумағын көрсетіңдер.
2. Қандай деректерде үйсіндер туралы айтылған?
3. Үйсіндердің қоғамдық құрылысын сипаттаңдар. Үйсін билеушілерінің лауазымы қалай аталды?
4. Үйсіндерде қолөнер көбіне тұрмыстық сипатта болғанын дәлелдендер.
5. «Үйсіндердің тарихы мен шаруашылығы» кестесін толтырыңдар.





Үйсіндер туралы деректер	
Үйсіндердің шығу тегі	
Аумағы	
Ордасы	
Халқының саны	
Бет бейнесі	
Қоғамдық құрылысы	
Кәсіптері	



Қосымша тапсырма

«Үйсіндердің саяси тарихы, қоғамдық құрылысы, шаруашылығы мен мәдениеті» тақырыбында хабарлама әзірлеңдер.

Ауызша хабарламаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыптың өзектілігін ашып көрсету.
2. Қойылған мақсат-міндеттерді айқындау.
3. Зерттеу ерекшелігіне тоқталу.
4. Негізгі түйіндерді тұжырымдау.

Хабарлама мына талапқа сай болуы тиіс:

1. Мазмұндылық, ойдың нақтылығы;
2. Баяндаудың дәлелділігі, өз пікіріне сенімділігі;
3. Сөйлеудің мәнерлілігі.

Хабарламаның негізгі мазмұнын ашатын слайдты таныстырылым дайындау қарастырылады.

§38. ҮЙСІНДЕРДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Үйсін обалары. Жетісу жеріндегі үйсіндердің оншақты обасы қазылды. Үйсіндердің қабірлері тау бөктері мен тау жазықтықтарында, өзен жағаларында орналасқан. Әдетте олар өзен бойымен созылып жатқан обалар тізбегі болып келеді.

Обалардың көпшілігінің диаметрі – 6–20 метр, биіктігі – 0,5–1,5 метр. Олар: топырақ, тас немесе тас-топырақ араласқан үйінділер. Үйсін қорымдарында басқаларынан үлкен, диаметрі 50–80 метр, биіктігі 8–12 метрлік обалар кездеседі.



Мұндай обалардан археологтер көптеген алтын әшекейлер – киім салпыншақтары, алтын сырғалар, қола айналар, ағаш қобдишалар тапқан. Олардың кейбірі тоналған.

Обалардың ерте тобы б.з.б. III–II ғасырларға жатады. Бұлар – III Қапшағай, III Өтеген, Қызылеспе, III Қызылауыз, Қызылқайнар обалары. Әрқайсысы 5–6-дан топтасып, солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеле орналасқан.

Келесі орта кезеңге б.з.б. I ғасыр мен б.з.-дың I ғасырына жататын обалар: I, II Өтеген, I Тайғақ, I Қарлақ, Алтынемел, Қаратұма, Талғар, Ақтас. Бұл кезеңдегі обалар жүйесіз орналасып, тізбекке үш обадан топтасқан. Үшінші, кейінгі кезеңге II–III ғасырдағы Қапшағай, Шолақжейде, IV Қалқан обалары жатады.

Қоныстар. Үйсіндерде адамдардың елеулі бөлігі тұрақты өмір салтына көшкен. Археологтер үйсін қоныстарында тұрғын үйдің екі түрін: балшықтан және тастан тұрғызылған үйлерді тапқан. Әрбір тұрғын үйде үлкен бөлме, ұсақ қосалқы жайлар және мал қамайтын қашалар болған. Бөлмелердің жер еденін балшықпен сылаған. Бөлмелердің еденінде айнала тас қаланған ашық, шаршы жерошақтар болған. Жерошақтар үйді жылыту, тамақ пісіру, жарық түсіру үшін пайдаланылған.

Үйсіндердің үйлері жайпақ әрі тегіс келген. Астына тіреу қойылған. Қыс кезінде үй тіршілігі ошақтың айналасында өткен. Бес-алты үй бір ауылды құраған. Мал шаруашылығымен айналысатын үйсіндер жазда ғана киіз үйде тұрды. Жиналмалы, жеңіл қаңқасы бар құрастырылмалы үй таудағы мал өсірушілерінің бірден-бір қолайлы жайы болды. Қыстығүні олар тұрақты мекенжайында тұрған.



Үйсіндердің қонысы

Үйсіндердің алғашқы қоныстары Шу алқабынан, Луговой ауылына жақын Қырғыз Алатауынан табылды. Тянь-Шаньның таулы аудандарында үйсін қоныстары тау шатқалдарынан көптеп кездеседі. Солардың бірі – Құрайлы өзенінің жағасындағы қазіргі Кеген ауылына жақын *Ақтас қонысы*. Бұл жерден тастан қаланған бес тұрғын үй және шаруашылық құрылыстары ашылған. Қоныстың жанынан арықпен суарылатын ежелгі егістіктің ізі анықталды. Ақтас қонысына жақын жерден каналдардың орны, егіншілік құралдары: тас кетпендер, қола орақтар мен дәнүккіш табылды. Шу мен Кеген өзендерінің аңғарынан үйсіндердің ескі қалаларының орны кездесті. Алматы маңындағы Қарғалы шатқалынан табылған, б.з.б. III–II ғасырларға жататын асыл тастармен көмкеріліп, таза алтыннан жасалған Қарғалы тәтісі үйсін қолөнерінің ғажайып туындысы саналады.

Үйсіндер ет пен сүт тағамдарын тұтынды, астықтан нан пісірді, бауларда жеміс-жидек өсірді. Үйсіндер өмір сүрген кезде Алмалы шатқалынан бүкіл әлемге әйгілі алма тұқымы тарады.



1. Үйсін обалары қайда орналасқан?
2. Әр кезеңдегі қорымдардың қандай ерекшелігі бар?
3. Үйсіндердің қоныстары қандай болды?
4. Үйсіндердің еңбек құралдарын атаңдар.



Жүп болып талқылаңдар.

Өзіндік жұмыс

Өз сыныптастарыңа 5 сұрақ әзірлеңдер (әр карточкаға 1 сұрақтан, сырт жағында жауабы болсын).

Карточкаларды басқа топпен алмастырыңдар.

Топ 4 адамнан тұрады.

- Топ басшысы берілген сұрақтарды оқиды. Топ мүшелері планшетке жауабын жазады, дайын болғанын білдіріп, бас бармағын көрсетеді.
- Топ басшысы белгі берген кезде бәрі жауаптарын жинайды. Түсініксіз сұрақтар талқыланады.



Қосымша тапсырма

«Қарғалы тәтісі» тақырыбына эссе жазыңдар.

Эсеге қойылатын талаптар:

1. Өз көзқарасын білдіру.
2. Пікірді дәлелдеу.

3. Терминдерді қолдану.
4. Үзінділер келтіру.
5. Өртүрлі көзқарастарды көрсету.
6. Дербестік, даралық таныту.
7. Салыстыру мен қорыту әдістерін пайдалану.
8. Сауатты жазу.

§39–40. ҚАҢЛЫЛАР

Жазба деректердегі қаңлылар. Қаңлылар туралы алғашқы деректер б.з.б. II ғасырдан бастап кездеседі. Қаңлылар үйсіндердің солтүстік-батысында орналасқан. Олар Отырар-Қаратау және Шаш алқаптарында өмір сүрді. Суармалы егіншілік, қолөнермен, кейін саудамен айналысты. Бірақ қоғамдағы билік Сырдарияның төменгі ағысында және Аралдың солтүстік-шығысында мекен еткен қаңлы мал өсірушілерінің қолында болды. Аралдың солтүстігінің қалған бөлігін *сармат* тайпалары жайлады.


Ертеректе қаңлылардың массагет тайпа одағының құрамында болғаны анық. Вас сүйектерді зерттеу барысы олардың қоңқақ мұрынды, шүңірек көзді азиялық европеоид нәсілінен екенін көрсетті.

Қаңлылардың біздің заманымыздың шегіндегі саяси тарихы жеткілікті зерттелмеген. Қаңлылар да үйсіндер тәрізді Хань және Ғұн мемлекеттерінің арасында амалдау саясатын жүргізуге мәжбүр болған.

Мемлекеттің билеушісі Тарбан (ежелгі Отырар, Қытай деректерінде – «Битянь») қаласында тұрған. Халқы 600 мың, 120 мың түтіннен құралды. Олар б.з.б. 46–36-жылдары солтүстік ғұндардың көсемі шаньюй *Чжичжиді* Қытайға қарсы күресінде қолдаған. Бірақ кейіннен үйсіндер мен қытайларға қосылып, олармен соғысқан.

Қаңлы елінің мәдениеті өркендеді. Мемлекеттегі билік ақсүйектерінің қолында болды. Елде қолөнер, зергерлік ісі, сыртқы сауда және қыш құмыра жасау, ғылым жоғары деңгейде дамыды. Мемлекеттің орталығы *Тарбанда* кітапхана болды. Кітапхананың болуы қаңлы ақсүйектерінің діни және ғылыми ақпаратты қажет еткенін көрсетеді. Қаңлылар елі әлемдегі өркениеттің елеулі бір ошағы деп есептеледі.

?? Қаңлылардың мәдениеті қалай дамыған?



Қыш құмыра

Қаңлылар Ұлы Жібек жолының Ферғанадан Хорезмге дейінгі бөлігін бақылауда ұстады. Бұл бағыт Сырдария өзені бойымен өтіп, осы аймақта көптеген қалалардың қалыптасуына әкелді. Қаңлылар өркениетінің экономикалық негізі сауданың дамуы еді. Бұл жерде отырықшы-егінші елдер мен далалық тайпа одақтары арасындағы делдалдық сауда жүріп жатты. Қаңлы көпестері жаңа сауда жолдарын ашты. Ұлы Жібек жолының Сырдариядан жоғары өрлей Кавказға, Қара теңіз жағалауына, Иран, Таяу Шығыс және Үндістанға қарай өтетін сілемдерінің салынуына себепші болды. Оны қалалар мен жерлеу орындарын қазғанда табылған заттар айғақтайды. Қаңлы жерінен қытай теңгелері мен айналары, үндістандық маржан-моншақтар, Еуропаның темір ілгектері, Иранның оймыш тастары табылды.

Қаңлылар кейін Түрік қағанатының құрамына қосылды.

Қаңлылардың материалдық мәдениеті. Қаңлылар Сырдария бойында көптеген ескерткіштер қалдырды. Олардың егінші Отырар-Қаратау, мал өсіруші Жетіасар археологиялық мәдениеті белгілі болып отыр.

Егіншілердің ескерткіштері Қаратау мен Сырдария өзенінің орта ағысында топтасқан. Қаңлылар өз қоныстарын біздің заманымыздың басында сала бастаған. Олардың барлығы дерлік ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихында ірі қалаларға айналды. Қаңлылар үйлерін онша биік емес төбелерге салған, егінді суару үшін арық-каналдар қазған. Шыршық өзенінің оң жағалауынан ұзындығы 20 шақырымдай *Зах* арығының жұрнағы табылған. Қоныстарда үйлер бір-екі бөлмеден



Ежелгі Зах арығы



тұрды. Өдеттегідей екінші бөлме шаруашылық мақсаттарына пайдаланылды. Үй балшық дуалмен қоршалып, шаруашылыққа жапсарлас жатты. Аулада астық сақтауға арналған ұра қазылған құрылыс орналасты.

Мал өсіруші қаңлылар Арал теңізінің солтүстік-шығысында өмір сүрді. Олар Жетіасар мәдениетіне жатады. Қаңлылардың бірқатар қорым-қоныстары зерттелді. Анағұрлым ірі бекіністер – Алтынасар (17 га жерді алып жатыр), Қурайлыасар, Қараасар, Базарасар, Томпақасар, Жалпақасар болды. Бекіністер жазықтан 2–10 метр биікте орналасқан. Бұл мәдениеттің қалашықтары Сырдария мен Ырғыз өзендерінің құрғап кеткен ежелгі салаларына жақын жатқан. Қалашықтың негізін екі-үш қабатты бекіністер құрайды. Бекіністің қабырғасын жағалай үйлер салынған. Тұрғындар суармалы егіншілік, мал шаруашылығымен, балық аулаумен айналысты. Мал өсіруші қаңлылардың жері арқылы Тянь-Шаньнан Еділ бойына дейінгі керуен жолы өтті.



1. Қаңлылар дегеніміз кімдер?
2. «Қаңлылар туралы тарихи ескерткіштер» сызбасын толтырыңдар.

Аумағы	
Саяси тарихы	
Орталығы	
Халықтың саны	
Мәдениеті	

3. Ұлы Жібек жолындағы қаңлылардың делдалдық саудасы туралы айтыңдар.
4. Қаңлылардың материалдық мәдениетін сипаттаңдар.
5. Отырар-Қаратау және Жетіасар мәдениетінің қандай айырмашылығы бар?



Жүп болып талқылаңдар.

Не себепті қаңлылардың «жері өркениеттің ошағы» атанды?





Қосымша тапсырма

Қосымша деректер мен интернет қорын пайдаланып, «Үйсіндер мен қаңлылар: ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктері» тақырыбында ауызша хабарлама әзірлеңдер.

Ауызша хабарламаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыптың өзектілігін ашып көрсету.
2. Қойылған мақсат-міндетті айқындау.
3. Зерттеу жұмысының ерекшелігіне тоқталу.
4. Негізгі түйіндерді тұжырымдау.
5. Ауызша хабарламаға берілетін уақыт – 7 минут.

Хабарлама мына талапқа сай болуы тиіс:

1. Мазмұндылық, ойдың нақтылығы;
2. Баяндаудың дәлелділігі, сенімділігі;
3. Сөйлеудің мәнерлілігі.

Хабарламаның негізгі мазмұнын ашатын слайдтармен көркем безендірілген таныстырылым дайындау қарастырылады.



§41–42. ЖАЗБА ЖӘНЕ
АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДЕГІ
САРМАТТАР

Сарматтар тарихы. Б.з.б. IV ғасырда Еділ мен Жем өзендерінің аралығын сармат тайпалары мекендеді. Сарматтар массагет тайпалары бір бөлігінің ыдырауынан құрылды.

?! *Савроматтар кім екенін естеріңе түсіріңдер.*

Сарматтардың ежелгі шыққан жерлері Үстірттің шетінен Жем өзеніне дейінгі аралық. Осы жерден жылжи отырып олар савроматтардың бір бөлігін бағындырып, қуғынға ұшыратты. Савроматтардың біразы скифтерге қосылды, қалған бөлігі сарматтардың құрамына енді. «Сармат» атауы антикалық деректерде б.з.б. III ғасырдан бастап кездеседі. Грек, Рим тарихшылары Диадордың, Плинийдің, Полибийдің еңбегінен сарматтардың құрамына: *роксалан, языг, аорс, сирак, алан (ас)* тайпалары енгені белгілі.

Ежелгі сарматтар Еділ бойынан Жем және Аралға дейінгі жерді иеленді. Сарматтардың бір тайпасы *аландар* көрші аумақтарды жаулап ала бастады. Б.з.б. II ғасырда Еділден өтіп, скифтерді жеңді және Понто-Каспий далаларына бақылау орнатты. Скифтер Қырым түбегінде шағын иелігін сақтап қалды.

Б.з.б. I ғасырда сарматтар Парфия билеушісі *Митридатпен* одақтасып, Риммен соғысқан. Осы соғыста римдіктер сарматтың бірқатар тайпаларын өз жағына шығарған. Римдіктер сармат тайпасы *аорстармен* бірігіп, екінші сармат тайпасы *сирактарды* жеңген.

Б.з.б. I ғасырда *аландар* Сырдарияның орта бойындағы алқаптарға, *роксаландар* Мидия шегараларына (Кіші Азия) дейін жетті.



Сарматтардың қола ыдыстары





Б.з.б. II ғасырда сарматтардың алан тайпасы Солтүстік ғұндармен бірге Батыс Қазақстанда мемлекет құрды.

V ғасырда сарматтар «Халықтардың ұлы қоныс аударуына» қатысты. Аландардың кейбір бөлігі Испанияға жетіп, Солтүстік Африка мен Үндістан жеріне енді.

Жерлеу дәстүрі. Сарматтар тарихы археологиялық деректерде жақсы зерттелген. Сарматтардың көп бөлігі өлікті өртемей жерлеген. Қарапайым қауым мүшелері қабірінің үстіне аласа оба тұрғызылды немесе өзге кезеңдегі үйінділерге жерледі. Обалық ескерткіштердің ішінде сарматтардың ежелгі жерлеу дәстүрі көп сақталған.

Орта сармат мәдениеті аландар мен ас тайпаларының батысқа жылжуынан басталды. Ол Батыс Қазақстанға ғұндардың келуіне дейін созылады.

Кейінгі сармат археологиялық мәдениеті Батыс Қазақстан аумағында *алан-ғұн* мемлекетінің өмір сүрген кезеңімен сәйкес келеді.

Сармат тайпалық одақтарының мәдениеті аталған кезеңде үлкен өзгерістерге ұшырай қойған жоқ. Олардың археологиялық мәдениеті өте ұқсас, сарматтар жалпы біркелкі жерлеу дәстүрін сақтап қалды. Олар өздерінен кейін тек обалар қалдырған. Батыс Қазақстан аумағындағы обалардың басым көпшілігі сармат тайпаларына жатады.

Сарматтар қайтыс болған марқұмды жерлер алдында жауынгер тәрізді киіндірген. Әйелдер де осы ғұрып бойынша жерленді. Мәйіттің қасына темір ақинақ қойылды. Ағаш садақ сақталмайды, бірақ қола жебенің ұштары барлық қабірден кездеседі. Сонымен бірге аттың жүгені, бас жағына қыш құмыра қойылды. Археологтер мәйіттің аяқ жағынан тамақ толтырылған тері қапты тапқан. Қапқа қой сүйектері салынған. Топырақпен қабір шұңқыры жабылған соң, сарматтар қайтыс болған адамның дәрежесіне сәйкес оба үйіндісін тұрғызды.

?? *Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесіне қарап сармат қоғамындағы әйелдердің орны туралы қандай қорытынды жасауға болады?*

Жерлеу орындарынан табылған заттар мен бұйымдар. Ерлер мен әйелдердің жерлеу орындарында бірқатар айырмашылықтар бар. Ер адамдардың қабірінен қару-жарақ көбірек ұшырасады. Ал әйелдер жауынгер тәрізді жерленгенмен, әшекей



бұйымдар, қола айналар, қыш, ыдыстар т.б. кездеседі. Сармат жерлеу орындарында қола айналарды күні бұрын сындырып салу дәстүрі байқалды. Айна сиқырлы зат есептелді. Қыш ыдыстар көзеші шарығында жасалмаған. Сармат әйелдері оны тарақ тісімен өрнектеп, өздері жасаған.

Қабірге қара көмір, қызыл бояу, сары күкірт, ақ бордың кішкене бөліктері салынған. Қара көмір оттың сиқырлы күшіне сенуді білдірді. Көмір қабірде, үйінде де кездеседі. Қабірге көмір салу жаппай орын алмаған.

Көптеген қабірлерге бор себілген немесе мәйіттің бас сүйегінің қасына тазалық символы ретінде қойылды. Әйел қабірлерінде бор тазалық бұйымы түрінде қолданылды. Қабірлерде күкірт сынықтары жиі кездеседі. Күкірт от жағу үшін пайдаланылды, сонымен бірге марқұмды аза тұтуды білдірген. Ерте кезден бастап сары түс қайғы мен мұңның түсі саналған.

Әйел қабірлерінен қызыл бояу табылды, ол далап ретінде пайдаланылған. Өйткені үнемі айналармен бірге кездеседі. Бір қабірден тоқылған сөмкенің ішінен бояу, бор, сүйек түйреуіш пен қола айна ұшырасқан. Бояуды сақтау үшін ірі теңіз қабыршақтары қолданылған. Мұндай қабыршақтарды далаға көпестер жеткізген.

Атырау облысы Жылыой ауданы *Аралтөбе* ескерткіші зерттелінген. Көптеген жерлеу орындарында мәйіт ұзынынан, қолы ішіне қойылып, басы оңтүстікке қаратылып жерленген. Бірақ



Аралтөбе обасы



кей қабірлерде сармат салт атты кейпінде, яғни тізесі көтеріңкі, атта отырғандай етіп жерленген.

Археологтер жасөспірімнің қабірінен, бала сүйегінің қасынан қызыл бояумен боялған 11 асық тапқан. Баланың ойыншықтарын бірге қойған ата-ананың әрекеті жан тебіренерлік. Олар о дүниеде өз туыстарын тауып, ойыншықтарымен ойнайды деп сенген.

Жас әйел қабірінде оның кеуде тұсына мысықтың баласы (марғау) қойылыпты. Туыстары әйелге сүйікті мысығы жақындарының орнын толтырса деп ойлаған. Ерекше жерлеу орындарының бірі Володарка (Батыс Қазақстан) ауылының жанынан табылған оба. 1980 жылы жауынгердің қабірінен *қос фалар* (аттың сәндік әбзелі) табылды. Оларда Барелефонт туралы грек аңызының сюжеті бейнеленген. Сарматтар фаларларды алыс жорықтардан әкелгені анық. Олар алтын мен күміс қоспасынан жасалған. Онын біреуі қазір Эрмитажда сақтаулы.



1. «Сарматтар туралы тарихи деректер» сызбасын толтырыңдар.

Сарматтар туралы қандай деректерден білеміз?	
Алғаш рет сарматтар туралы қашан айтылған?	
Сарматтар қай жерді мекендеген	
Бет пішіні	
Сармат тайпалық одағының құрамы	
Саяси тарихы	

2. Сарматтардың жерлеу ғұрыптарын сипаттаңдар. Әйелдер мен ерлердің жерлеу ғұрпында өзгешелік бар ма? Болса, қандай?
3. Сармат жерлеу орындарынан қандай қызықты жәдігерлер табылды?



Жұп болып талқылаңдар.

1980 жылы жауынгер қабірінен табылған Барелефонте туралы грек аңызын бейнелейтін фаларлар нені білдіреді?



Қосымша тапсырма

Сармат қоғамындағы әйелдің орны туралы баяндама әзірлеңдер.



Баяндамаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпқа сәйкестік және оны терең ашу.
2. Жоспардың болуы (мәтінді бөлімге, тақырыпшаларға бөлу)
3. Мәтіннің стилистикалық тұрғыдан сауатты дайындалуы.
4. Дәйектер мен сілтемелерді ретімен қолдана білу.
5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

§43–44. САРМАТТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРІ МЕН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Сармат ақсүйектерінің обалары. Сарматтардың алып обалары қоғамның ақсүйектер мен қарапайым қатардағыларға бөлінгенінің дәлелі болады. Екі метрден аспайтын біркелкі оба үйінділермен бірге жеті метрлік обалар да кездеседі. Қабірдің ішіне қойылған құрал-жабдықтардың, заттар мен бұйымдардың саны мен сапасы әркелкі келген. Бір қабірде қой сүйектері мен қыш ыдыстар болса, басқаларында алтын, күміс, қола әшекейлер мен тұрмыстық заттар қоса көмілген.

Жайық пен Елек өзендерінің арасында кездесетін ақсүйек көсемінің қабірі үстіне үлкен оба тұрғызылған. Ол «Филиппов» обасы деп аталады, атауы оған жақын ауылмен байланысты қойылған. Обаның биіктігі – 7 метр, диаметрі 100–120 метр. Қабірдің айналасын қоршап дуал тұрғызылған. Қабір шұңқырының үстіне қабырғасы жуан бөренелерден қаланған шатыр түріндегі құрылыс салынған.

Ертеде оба бірнеше рет тоналған. Беделді адамдарды жерлегендер обаның тоналатынын алдын ала білген. Сондықтан бағалы заттар арнайы құпия жанама шұңқырларға қойылған. Олар тереңдігі 1 метрге дейінгі жай шұңқыр түрінде қазылған. Екі құпия шұңқырдың үстінде жұқа алтын және күміс жапырақшалармен көмкерілген бұғылардың ағаш мүсіндері жатты. Қалған бөлігінде алтынмен зерленген ағаш ыдыстар қойылған. Бұл жерден күміс ыдыс та табылды. Екінші құпия бөлікке бұғы мүсіндерінен басқа алтын және күміс ыдыстар, алтын қаптырмалар жасырылған.

Өртенген ағаш құрылыстың қалдықтарынан қару-жарақ, ат әбзелдері табылды. Қабір шұңқырының оңы мен солында алтын жапырақшалармен апталған 5 ағаш бұғының мүсіні қойылған. Кіреберістегі орақ тәріздес 4 темір зат алтынмен қапталған,



Сармат көсемі. Киімі мен қару-жарағы. Аралтөбе

4 дөңгелек тоға түсті ұнтақтармен зерленген. Жерлеу бөлмесіндегі материалдың көпшілік бөлігі бағалы металдан, негізінен алтыннан жасалған. Олардың жалпы саны 600-дей. Бұл оба б.з.б. IV ғасырда салынған. Аралтөбе ескерткішінен сармат көсемінің қару-жарағы, әшекей бұйымдары табылған.

Б.з.-дың II ғасырындағы аландардың билік құра бастаған кезеңнің жерлеу ғұрпында өзгерістер болғанын байқаймыз. Аландардың қабірлері терең емес, тар келген. Оба үйінділері аласа, 1,5 метрден аспайды.

Мәйіттің қабірде орналасу жағдайы маңызды этникалық белгісі саналады. Ерте және орта сармат мәдениеттерінде мәйіттің басы оңтүстікке, соңғы сармат кезеңінде негізінен солтүстікке бағытталған. Бұл бас құдайдың ауысқанын білдіреді.

Аландардың қылыштары 70-тен 115 см-ге дейін жеткен, жебенің ұштары темірден жасалған.

Ақсүйек аландардың бас сүйек пішіні өзгеріске ұшыраған. Бұл дәстүрді олар ғұндардан алған. Баланың басына дөңгелек құрсау кигізілген. Өскен сайын баланың бас сүйегінің желке жағы өзгереді. Киілген құрсаудың әсерінен желке тегістелмей, жоғары көтерілген. Ересек ер адамдардың өзгерген бас сүйегінің бір бөлігіне ғана шаш қалдырған. Қалған бөлігін тақырлап қырып тастаған. Төбесінде қалған айдарды екі немесе бір бұрым етіп өріп қойған.

Шаруашылығы мен тұрмысы. Сарматтардың мал өсірушілер екенін Страбон өзінің «География» еңбегінде айтып өтеді. Сарматтардың мал шаруашылығында қой – түліктің негізгі түрі болды. Сүйек қалдықтары сарматтардың скифтерге қарағанда қойдың ірі тұқымын өсіргенін көрсетеді. Сарматтар қойдан басқа жылқы мен түйе өсірді. Орал қаласына жақын жердегі обадан сармат жауынгерінің аяқ жағына ешкінің тұтас сүйегі қойылған. Сарматтар малдарын жазық жайылымдарда баққан. Жайық бойында көшіп-қонатын сарматтар қыстыгүні қары аз Солтүстік Каспий құмдарында қыстады. Дах тайпалары ғана Маңғыстау шегінен ешқайда шықпады.

Қыстаулар төңірегінде сарматтар жер жыртып, тары екті.

?? Не себепті сарматтар тары екті? Бұл дақылдың қандай ерекшелігі бар?

Күзеуге келген соң олар қыстау жанындағы егінжайдан өнімін жинап алды.

Кейбір обалар үйіндісінде кездесетін ағаш дөңгелектер күйме жасайтын қолөнершілердің болғанын көрсетеді. Маусымдық жайылымға көшіп-қону мүмкіндігі бар сарматтар өз мүліктерін арбамен тасымалдады. Тоқтаған жерде жүк түсіріліп, күйме дөңгелектене қойылды. Сөйтіп, ол тұрғын үйге айналды. Ағаштан арба жасайтын қолөнерші отырықшы болуы қажет. Ағашты дайындау, кептіру, арнайы аспаппен өңдеу үшін көп уақыт кететін, сондықтан ағаш шеберлері мал өсірумен айналыспады.

Қыш ыдыстарға қымыз немесе шұбат құйылған. Бір қабірдегі ыдыстан қойдың ұсақ сүйектері табылды. Болжам бойынша, өліктің туыстары мәйіттің қасына сорпа қалдырған болуы керек. Сарматтардың келесі бір жерлеу орнында саз құмырада тарыдан жасалған ботқа қалдықтары сақталған.

Мереке кезінде әйелдер далап және басқа да бетті әрлейтін бұйымдар қолданған. Сарматтардың ру-тайпа көсемдері денелеріне сиқырлы қорғаныш және діни мазмұндағы таңбалар салған болуы керек.



Сармат ыдыстары

- ❓
1. Сарматтардың жерлеу дәстүрі туралы әңгімелеңдер.
 2. Аландар билігі орнағаннан кейін сарматтардың өмірінде қандай өзгерістер орын алды?
 3. Сармат тайпаларының негізгі кәсібін атаңдар. Неге кәсіптің осы түрі бұл жерде жақсы дамыды?
 4. Сарматтар мал өсіруден басқа немен айналысты?
 5. Сарматтардың шаруашылығы туралы қандай еңбекте айтылған?
 6. Діни мағыналық таңбалар не үшін салынған?

≡ Жұп болып талқылаңдар.

Блум таным деңгейіне сәйкес, қарапайымнан күрделіге өту арқылы «Сармат тайпалық одақтары, қоныстануы, шаруашылығы, қоғамдық құрылысы, мәдениеті» тақырыбы бойынша 10 сұрақ әзірлеңдер.

➡ Қосымша тапсырма

«Сармат әлемі» тақырыбына таныстырылым әзірлеңдер.



Мультимедиалық таныстырылымға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпқа сәйкестігі;
2. Көркем безендірілуі;
3. Мәтіннің нақтылығы;
4. Түрлі деректермен жұмыс жасау білігі.

Рәсімделуі:

1. Таныстырылым үйлесімді, эстетикалық талапқа сай, безендірілуі мазмұнына сәйкес келуі керек.
2. Таныстырылымның бейнеленуі тартымды, қызықты әрі мәтіннен ауытқымауы тиіс.
3. Мәтін жеңіл оқылатын және слайдтар соған сәйкес келуі керек.
4. Тізім, кесте, диаграмма мен сызбалар таныстырылымда ретімен орналастырылғаны жөн.

Таныстырылымды қорғау:

1. Таныстырылым материалын мүмкіндігінше толық меңгеру.
2. Анық және түсінікті етіп жеткізе білу.
3. Аудиториямен еркін қарым-қатынас орнату (қызықтыра білу, сұраққа сауатты жауап беру).
4. Регламент сақтау.



§45–46. ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ҒҰН
ТАЙПАЛАРЫ

Ертедегі тарихы. Б.з.б. 2 мыңжылдыққа қарай, түркі-монғол халықтарының ата-бабалары Алтай таулары, Батыс пен Ішкі Монғолияның далалық және орманды далалық аймақтарына дейін жеткен. Бұл халықтардың негізгі мәдениеті Оңтүстік Сібір мен Солтүстік Монғолияда қалыптасты. Оларда жайылымдық мал шаруашылығы, қола металлургиясы, кейіннен темір өндіру, түрлі қолөнершілік кәсібі жақсы дамыды. Б.з.б. 1 мыңжылдықта түркі-монғол халықтарының мәдени жетістіктері сақ, савромат және басқа тайпалармен бірдей дәрежеде болды. Ежелгі жылнамаларда Қытай мемлекетінің шегарасына шабуыл жасап тұратын түркі-монғол тайпалары жөнінде айтылған.

Түркі-монғол тайпалары тарихқа мал өсіруші тайпалар бірлестігі – *гун (хунну)* атауымен белгілі болды. Бет пішіні жөнінен ғұндар монғол нәсілді және түрік тілінің ежелгі диалектісінде сөйлеген. Бірқатар тарихшылар хуннуларды ғұндардан бөлек қарастырады. Ғұндардың билеушілері хуннулардан шыққан, бірақ этникалық және мәдени жағынан ұқсастығы аз болған.

Ғұндар қазіргі қазақ, монғол, түрік, татар халықтары ата-бабаларын құраған тайпалар. Олар Ішкі Азияда алғашқылардың бірі болып өз мемлекетін құрды. Шын мәнінде, ғұн тарихы бас-тапқы кезеңде Қазақстан аумағынан тыс жерде өтті. Бірақ Қазақстан жерінің тарихын ғұндардың қатысынсыз қарау мүмкін емес.

Ғұндар өздерінің ерекше өркениетін жасай білді және Орталық Азия мен Еуропада ерекше орын алды. Бұл халық Оңтүстік Сібір мен Солтүстік Монғолия аумағын мекен етті. Шаруашылықтың негізгі түрі бақташылық, бірақ егіншілік, қолөнер, аң аулаумен де айналысты. Қоныстары орман, далалық аймақтарда орналас-ты.

Ғұндардың бүкіл тарихын Хань әулетінің жылнамаларынан білеміз. Сондықтан көптеген ғұн билеушілерінің есімдері бізге қытай нұсқасында бұрмаланып жетті. Б.з.б. III ғасырда ғұн

мемлекеті қалыптасқанға дейін-ақ 24 түркі-монғол тайпаларынан тұратын одақ ұзақ уақыт салтанат құрды. Тіпті мұрагерлікпен берілетін жоғары билігі де болған.

Мөде шаньюй. Б.з.б. 209 жылы Ғұн мемлекетінде билеуші өзгерді. Жаңа көсем Мөде тайпалық бірлестіктің билігін өз қолына алды.

Мөде *шаньюй* лауазымын да иеленді. Ол көсем тағын тартып алып, орталық билікті нығайту үшін реформалар жасады. Мөде билікті күшейтті, шет аймақтарды басқару аппаратын құрды. Әскерді жаңа тұрғыда қайта жасақтады, рубасыларының бостандығын шектеп, ғұндардың орталық мемлекеттік ұйымын құрды.

Б.з.б. III ғасырда Ғұн мемлекеті қоғамда биліктің орталықтандырылуы нәтижесінде қалыптасты.

Б.з.б. 209 жылы ғұндар мен олардың шығыстағы көршісі монғол тілдес *дунхулардың* арасында шегаралас жайылымға талас туды. Бұл мәселені шешу үшін Мөде шабуылға шығып, дунхуларды талқандады. Осы оқиға Мөде мемлекеттік бірлестігінің нығая түсуіне жағдай жасады, оның беделі артты. Дунхуларды бағындыру маңызды іс еді. Тілдері бөлек, екі көшпелі халықтың ғасырлар бойғы бәсекелестігі тез әрі күтпеген жерден аяқталды.

Нәтижесінде ғұндар сыртқы саясатын табысты жүргізе бастады. Б.з.б. 203–202 жылдары ғұн жауынгерлері солтүстігі мен солтүстік-шығысындағы соғыста ерте түрік халықтары – *динлин* және *хакастарды* бағындырды.



Мөде

Жоларалық анықтамалық. Динлиндер ерте кезде Алтай аумағында өмір сүрген. Олар ежелгі түрік диалектінде сөйлеген. Сырт келбеті сопақша жүзді, қоңқақ мұрынды, көкшіл көзді, жирен шашты келген. Ел аузында қазақтардың ата-бабалары да көгілдір көзді, ақсары болғаны туралы айтылады.

Ғұндар оңтүстік-батыстағы көршілері – *юечжилермен* де соғысқан. Юечжилер бір орталықты билігі бар, Алтай мен Шығыс Түркістанның иран тілдес көшпелі халқы. Юечжилер өз тайпа одақтарын ғұндармен бір кезеңде, яғни б.з.б. IV ғасырда құрды. Бұл бірлестіктің

құрамына Алтай тауларында тұратын бірнеше ирантілдес тайпа енген. Олар осы аумақтағы туыстас тайпаларды ғана емес, үйсін және Тарым өзенінің маңайындағы иран тілдес отырықшы-егінші тайпаларды бағындырды.

Жоларалық анықтамалық. Тарым өзені Сырдария төрізді Тянь-Шань тауларынан басталады, оның оңтүстігінен бастау алып шығысқа қарай ағады. Өзен бойында ежелгі қоныстар мен қалалар тұрғызылған. XX ғасырға дейін Тарым өзені жағалауының тұрғындары Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстікшығысындағы халықтармен мәдени және туыстық байланыста болған.



Бас сүйегі өзгеріске ұшыраған ғұн жауынгері

Ғұндардың 30 жыл бойы жүргізген ауыр соғысы Мөденің ұлы *Лаушанның* кезінде аяқталды. Б.з.б. 165 жылы ғұндар юечжи тайпаларын біржолата жеңді. Олар Солтүстік Үндістан мен Ауғанстан жеріне қашуға мәжбүр болды.

Ғұндардың Қытаймен қарым-қатынасы. Ғұндар қытайдың Хань әулетінің солтүстік шегарасына бүтіндей иелік етті. Қытай императорларының оларды әскер күшімен тоқтатпақшы болған әрекеттерінен ештеңе шықпады. Қытайлардың көп санды жаяу әскері дала тұрғындарының тез қозғалатын атты әскеріне қарсы соғыса алмады. Ежелгі дәуірде дала көшпелілерінің шабуылына төтеп беру үшін «Ұлы қытай қорғаны» салынды. Бұл әскери құрылыс ежелгі қытайдың экономикасын тұралатты, берік қорған бола алмады. Ғұндар және басқа дала тайпалары қорғанды айналып өтіп, солтүстік аймақтарды ойрандады.

Б.з.б. 202 жылы Мөде шаньюй өз жерінде қытай әскерін жеңген соң алғаш рет бейбіт келісім жасалды. Император *У-Ди* мен *Мөде* шаньюй бұл құжатты «тыныштық пен туыстық туралы шарт» деп атады. Бұл келісім бойынша ғұндар қытайлардан салық алып тұрды. Қытайлар намыстанып, бұл салықты «көршілердің қатал ауа райына жандары ашығаннан» берілетін «сыйлық» деп атады. Шарт бойынша олар өз ханшайымын шаньюйге әйелдікке беруге міндеттенді. Қытайдың төңірегіндегі мемлекеттердің алдында ғұндардың беделі артты. Қытайлықтар Гоби шөлінің оңтүстігіндегі бірқатар аймақты беруге де көнді. Бұл аймақтар арқылы ғұндар Қытайдың солтүстігін бақылап

тұрды. Империяның шегаралық өңірлеріне үстемдік етіп, экономикалық маңызды орталықтарды бағынышты ұстауға мүмкіндік берді.

Б.з.б. II ғасырда Хань әулеті Шығыс Түркістанның қала мемлекеттері: Куча, Тұрфан, Хотан, Қашғар және басқа иеліктер үшін күрес жүргізді. Олар Ұлы Жібек жолының бөлігіне бақылау орнатуға тырысты.


Хань мемлекетінің әскері үйсіндердің қолдауымен Орта Азияға басып кірді. Қытайларға қаңлылар, осы аймақта қоныстанған ғұндар мен олардың одақтастары қатты қарсылық көрсетті. Соғыс б.з.б. 90 жылғы *Яньжан* шайқасына дейін созылды. Осы шайқаста қытайлар толық талқандалды және көп уақытқа дейін «Батыс өлкеге» дәмеленуден бас тартты.

Жоларалық анықтамалық. Бұл қытайлардың Қазақстан жеріне басып кіруінің алғашқысы және соңғы әрекеті еді. XVIII ғасырда Қытайдан біздің жерімізге жорық жасағандар – *маньчжурлар* болатын.

Ғұн империясының ыдырауы. Хань мемлекетінің билеушілері батыстағы жерлерді басып алуға ғұндардың бөгет болуымен келіскілері келмеді. Ғұндарға салық төлеу де ауыртпалық туғызды. Қытайлықтар ғұндарға қарсы көрші тайпалар және мемлекеттермен бірлесіп одақ құра бастады. Бұл әрекет жемісті өтті. Б.з.б. 71 жылы бір мезетте батыстан үйсіндер, шығыстан *ухуандар*, солтүстіктен *динлиндер* бір мезетте ғұн жеріне басып кірді. Ғұндардың 1/3 бөлігі қырылды, қалғандары ыдырап, бөлініп кетті.

Ғұндардың сыртқы саясаттағы сәтсіздіктері ішкі талас-тартысты туғызды. Соның салдарынан б.з.б. 52 жылы ғұндар *солтүстік* және *оңтүстік* болып екіге бөлінді. Оңтүстік ғұндар шаньюй *Хуханьенің* бастауымен император *Сюань-дидің* қолынан бағыныштылық туралы грамота алып, қытайдың шегара бекіністеріне таяу қоныстанды.

Чжичжи шаньюй бастаған солтүстік ғұндар өз орталығын Жоңғария жеріне көшірді. Олар сол аймақтағы қытайлардың одақтастары үйсіндермен соғысып, бөлініп қалған *хакастар* мен *динлиндерді* бағындырды. Б.з.б. I ғасырда солтүстік және оңтүстік ғұндардың өз мемлекеттілігін қалпына келтіре алатын жағдай туындады. Бірақ қайтадан іштей қырқыс басталды. Одан кейін де «Батыс өлкеге» бақылау орнату үшін солтүстік ғұндар мен Қытайдың арасында үздіксіз соғыс жүрді. Ғұн мемлекеті



Гүндардың ыдырауы

155 жылға дейін өмір сүрді. Сол жылы гүндар мекендеген аймақта монғол тілдес *Сяньби* мемлекеті құрылды.

Бірақ гүндар империясынан көптеген ұсақ мемлекеттер қалды. Соның бірі II–V ғасырлар аралығында Алтайда құрылған *Юэбань* мемлекеті. II ғасырда солтүстік гүндардың бір бөлігі Жайық бойына қоныс аударды. Олар Батыс Қазақстанда IV ғасырда, яғни Ұлы қоныс аудару басталғанға дейін аландармен бірге мемлекет құрды.



1. Гүн мемлекетінің тарихы бойынша хронологиялық кесте құрындар.
2. Гүндардың ерте тарихын өңгімелеңдер.
3. Гүн тарихының негізгі деректері қандай?
4. Мөде шаньюйдің қайраткерлік ісіне баға беріңдер.
5. Қытай мен гүндардың қарым-қатынасы қандай сипатта өрбіді, нәтижесі қандай болды?
6. «Ұлы қытай қорғаны» жайлы өңгімелеңдер (қосымша материал пайдалану).
7. Гүн мемлекеті қашан, не себепті ыдырап кетті?



**Жұп болып талқылаңдар.**

Ғұн өркениетінің ерекшелігі қандай? Ғұндар Орталық Азия мен Еуропа тарихында қандай орын алды?

**Қосымша тапсырма**

Мөдеге мінездеме жазыңдар.

Тарихи тұлғаға мінездеме беруге көмектесетін сұрақтар:

1. Тарихи тұлға қашан, қай елде тұрды?
2. Ол қоғамның қай тобына жатты?
3. Өз ісінде қандай мақсат көздеді?
4. Жеке басының қандай қасиеттері болды?
5. Ойлағанына жету үшін қандай амал қолданды?
6. Іс-әрекетін қалай бағалауға болады?

§47. ҒҰНДАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Шаруашылығы. Ғұндар жазық далада мал өсірді, қыста Гоби шөлінің солтүстігін мекендеді. Жазда Оңтүстік Сібір мен Алтай тауларының етегіне дейін жетті. Археологиялық және жазба деректер дәлелдегендей, ғұндарда мал шаруашылығынан басқа да кәсіп түрлері болды. Ғұн қоғамында қолөнер, егіншілік, әртүрлі кәсіпшіліктер дамыды. Олар бекіністі қалалар тұрғызды, мемлекеттің бақылауындағы егін шаруашылығымен айналысты. Онда қытайдың әскери тұтқындары мен қашқындары жұмыс істеді. Қытайдың әскери тұтқындарын ғұндар астық өсіруді ұйымдастыруға пайдаланған. Ғұн қалаларындағы қоймалар әскерді астықпен қамтамасыз етті. Қытай әскері Орталық Монғолияға басып кіргенде, көптеген ұсақ қалалар мен қоныстар бар еді.


Ғұндар өз елінің азық-түлік қауіпсіздігіне аса зор мән берген.

Оңтүстік Сібірдегі Иволга қаласының жұртын қазған кезде ғұндарды тек мал өсірушілер деп танитын түсінік түбірімен өзгерді. Қала мен оның айналасынан құрал-саймандар, егістік алқаптары табылды. Олар тары т.б. дақыл еккен және үй маңында мал өсірген. Егістік алқаптары Гоби шөлінің оңтүстігінде, кейін

ғұндар Қытайдан Ордос жеріндегі аумақты жаулап алғаннан кейін, солтүстігінде де орналасты.

Қоғамдық және мемлекеттік құрылымы. Ғұн қоғамы қалыптасар алдында 24 тайпадан тұрды. Мемлекет құрылған соң бұл тайпалардың жерлері 24 әкімшілік аумақ бірлігіне айналды. Мемлекеттің күш-қуаты артқанда ғұндарға жаңа тайпалар мен бүтіндей халықтар қосылды. Бірақ олар ғұн қоғамының толық мүшесі бола алмай, бодан (бағынышты) және одақтас мәртебесін алды.

Ғұн қоғамы мен мемлекетін басқаратын төрт ақсүйек ру бірлестіктің негізін құрады. Шаньюй осы рулардан әйел алуға міндетті еді, олардан мемлекеттік аппараттың басқару билігі түзілді. Олар ең жоғарғы лауазымдар мен қызметтерге тағайындалды, жауапты тапсырмаларды орындады. Мәде өзге рубасыларды мемлекет басқарудан шеттетіп, билікке өз отбасы мен төрт атақты рудың мүшелерін қойып отырды.



Ғұндардың қыш ыдыстары

Шаньюй қызметі ресми түрде сайланбалы болды. Бірақ жоғарғы қызметке үміткер тек билеушінің отбасынан шығуы тиіс еді. Қызметке орналасудың да өзіндік жүйесі құрылды. Шаньюй отбасында билік жасына қарай, үлкен ағадан інісіне өтіп отырды. Мемлекеттік билік пен жоғарғы қызметті ұйымдастырудың мұндай жүйесі *үлестік-сатылы жүйе* деп аталды.

Шаньюй атқару, заң шығару сот билігін өз қолына алды. Бірақ оның билігі шексіз емес еді. Шаньюй қоғамның рухани басшысы *бас абыз* саналды. Тәңірге табыну мемлекеттік дін еді. Дегенмен ақсүйектер арасында әсіресе оңтүстік ғұндарда кейінгі дәуірде Қытайдың әсерімен *конфуцийлік* ағымы таралады. Дипломатиялық қатынас хаттарда шаньюй өзін *Көктің (тәңірі) ұлы* деп атады. Ал Лаушан шаньюй кезінде бұл лауазым «көк пен жерден туған, ай мен күннің еркімен тағайындалған ғұндардың ұлы шаньюйі» аталды.

Ғұн әскері аумақтық белгі бойынша құрылды. Әр 24 әкімшілік аймақ белгілі бір әскер санын шығарды. Әскер аумақтық белгісі бойынша *батыс және шығыс* қанаттарға, ал сандық жүйе бойынша *ондық, жүздік, мыңдық түменге* бөлінді.



Ғүн бекзадасы

Әскердің орталық бөлігін билеушінің руынан шыққан кәсіби жасақ құрды. Батыс бөлігіне қарағанда шығыс бөлігі басымырақ әрі үлкен болды.

Шаньюй руының мүшелері, басқа ру өкілдері тәрізді, мемлекеттен мұраға тұрақты жер үлесін алмады. Олар қызметі жоғарылаған кезде лауазымына сәйкес жаңа үлес алып отырды.

Мемлекеттік билік жүйесінде маңызды мәселелер бойынша ұжымдық шешім қабылдайтын ежелгі дәстүр сақталды. Жылына үш рет белгілі бір уақытта ғұндар көк рухы – *Тәңірге* құрбандық шалып, діни салтанаттар өткізді. Бұл жиын *халық жиналысының* (кеңес) міндетін атқарды. Онда ғұндардың өміріндегі маңызды мәселелер талқыланып, шешімін тапты. Сонымен бірге ат, түйе жарыстары өткізілді, жауынгерлер күш сынасты. Барлық мереке жайылымдық мал шаруашылығының белгілі бір кезеңіне сәйкес өткізілді.

Билік жүйесінде ру көсемдері – ақсақалдар айрықша құқыққа ие болды. Бірақ Мөдеге дейінгі кезеңмен салыстырғанда, олардың билігіне шектеу қойылды. Өзара қырқысулар кезінде шаньюй аймақ ақсақалдарына бүлік шығарған басшыны өлтіруге бұйрық берген.



1. Ғұндар шаруашылықтың қай түрімен айналысты?
2. Ғұндардың қоғамдық және мемлекеттік құрылымына сипаттама беріңдер.
3. Ғүн билеушісінің жоғарғы лауазымын, оның негізгі атқаратын қызметін атаңдар.
4. Ғүн әскері қалай ұйымдастырылды?



Жүп болып талқылаңдар.

Ғүн қоғамының экономикасы қарапайым болды деген пікірмен келісесіңдер ме? Өз пікірлеріңді деректермен дәлелдендер.



Қосымша тапсырма

Венн диаграммасын қолданып, ғүн мен сарматтардың шаруашылығы, қоғамдық және мемлекеттік құрылымын салыстырыңдар.

§48–49. ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ ҚОНЫС АУДАРУЫ

«Халықтардың ұлы қоныс аударуы» тақырыбын зерттеген тарихшылардың ортақ көзқарасы әлі де толық қалыптаса қоймады. Бірақ халықтардың батысқа қоныс аударуына ғұндар әсер еткенін барлығы мойындайды. Бұл қоныс аударуды «Бірінші қоныс аудару» деп те атайды, өйткені орта ғасырларда екінші рет қоныс аудару үрдісі өткен.

Ғұндар мен олардың ұрпақтары саналатын түркі-монғол халықтары алғашында Солтүстік Монғолия мен Оңтүстік Сібірді мекендеген. Ал б.з.-дың 2 ғасырында бүкіл Шығыс Түркістанға, Алтай, Тарбағатай аймағына, Орта Азияның шығысы мен Оңтүстік Қазақстанға таралып қоныстанды. Кейбір бірлестіктер Батыс Қазақстанда да қалыптасты. Жаңа жерлерде олар жергілікті иран тілдес тайпалардың бір бөлігін ығыстырды. Қалған бөлігін бағындырды. Бағынышты халықтар біртіндеп түркі тілдес халыққа айналды. Сырт әлпетінде монғолоидтық нәсіл белгілері басым болды. Ал жерінен қуылған халықтар басқаларды ығыстырды. Ішкі Азияда осы кезеңнен бастап азиялық еуропеоидтердің монғолоидтармен араласу үрдісі басталды. Кейінгі ғасырларда Монғолия мен Маньчжуриядан Еуразияның далалық бөлігіне қоныстанушылар көбейді. Бұл үрдістер Ұлы Дала белдеуін мекендеген адамдардың сыртқы әлпетінің қалыптасуына әсер етті.

Ауғанстан мен Солтүстік Үндістан жеріндегі юечжилерді ғұн тайпаларының ығыстыруы «*Халықтардың ұлы қоныс аударуының*» басы саналады. Тохарлар үнді, дравид тайпаларын оңтүстікке қарай көшуге мәжбүр етті. Орта ғасырларға дейін Солтүстік Ауғанстан жері «Тохарстан» деп аталды. Бұл бірінші этникалық дүмпу еді. Б.з.-дың 2 ғасырында алан-ғұн бірлестігінің қалыптасуы оның жалғасына айналды.

Бірқатар тарихшы ғалымдардың *хунну* мен *ғұндар* тарихын бөліп қарайтынын айттық. Хуннулардың мәдениеті өркендеп, мал шаруашылығы, егіншілік, сауда және өнер үйлесімді да-



Жеңіл қаруланған ғұн жауынгері



мыды. Өзіндік жазуы да болды. Сол кездегі бірқатар елдермен дипломатиялық хат алмасулар жүргізді.

Жоларалық анықтамалық. Ортағасырлық деректерде «ғұндар» деп Еуразияның басқа бөлігіндегі әфталит (ақ ғұндар), қидарит (қара ғұндар), Орта Азия мен Үндістандағы хионит және т.б. мал өсіруші бірлестіктерді атаған. Византиялық және латын деректерінде «ғұн» этнонимі көшпелілердің жалпы атауына айналды және Қара теңіз жағалауындағы халықтарға қатысты айтылды. Мысалы, аварлар, венгрлер және басқалар. Еуропалық ғұндарды азиялық хуннулардан айыру үшін 1926 жылы тарихшы К.А. Иностранцев «ғұн» атауын ғылыми айналымға енгізді.

Еуропаға қоныс аударудың басталуы. 375 жылы ғұндар Дон арқылы өтіп, шығыс готтардың тайпалық одағына күйрете соққы берді. Готтардың билеушісі Эрманарих өзін-өзі өлтірді. Ғұндар солтүстік Қара теңіз бойындағы отырықшы халықты тонады.

Батыс готтар ғұндардан ығысып, Балқан түбегінің солтүстік бөлігіне, Шығыс Рим империясының алыс шет аймақтарына қоныс аударған. Олар өз кезегінде жергілікті тайпаларды батысқа қарай жылжуға мәжбүр етті. Ғұндар Дунай өзенінің бойындағы далалық аймақтарға – Паннонияға (қазіргі Венгрия және Румыния жері) қоныстанды. Бұл жер Ғұн мемлекетінің орталығына айналды. Сөйтіп, германдық гот тайпаларының шығысқа жылжуы тоқтатылды. Готтар көп, жақсы ұйымдасқан ғұндарға төтеп бере алмай, жергілікті герман тайпаларын ығыстырып, батысқа жылжи түсті. Герман босқындары Римнің шет аймақтарынан қорғаныш іздеп, сол кездегі Еуропаның адам аз қоныстанған жерлеріне жайғаса бастаған.

395 жылы ғұндар Константинополь қаласына жетеді. Император оларға сыйлық беріп, жыл сайын алым төлеуге уәде етті. Сол жылы ғұндардың кейбір жасақтары Оңтүстік Кавказ арқылы Тигр мен Евфрат аралығына басып кірді.

Атила (Еділ). 434 жылы әкелері Мұңзықтың орнына ағайынды Бледа мен Атила билік басына келеді. 445 жылы Бледа қайтыс болған соң, Атила дербес билеушіге айналды.

?? Бұл тарихи тұлға жөнінде не білесіңдер? Бұл есім сендерге қалай әсер етеді?

Жоларалық анықтамалық. Атила (Еділ) шамамен 400 жылы туған. Әкесі Мұңзық ғұн билеушілерінің өулетінен шыққан. Атила Оқтар мен Руа дейтін ағаларынан кейін билік еткен. Бұл ғұндарда

биліктің үлестік-сатылы жүйесі сақталғанын көрсетеді.

Бізге тарихтан Аттиланың Шығыс Рим империясына қарсы 441 және 447 жылдары жасаған екі соғысы белгілі. Екінші соғыста ол 200 мың әскермен Балқан түбегіне басып кіріп, Грекияның 60-қа жуық қаласын жаулап алған. Батыс және Шығыс Рим императорлары Аттилаға салық төледі, ал империяның солтүстік провинциялары ғұндарға бағынышты болған. Мұның бәрі Атиллаға осы күнгі Франция жерінде орналасқан Галлияға қарай жол ашты.



Аттила (Еділ)
бейнеленген медальон

Бірқатар герман тайпалары ғұндардан ығысып, Еуропаның орталығынан батысқа ағылды. Олар Пиреней түбегіне дейінгі аумаққа қоныстанды. Ғұндардың әскери қосындары бүкіл Еуропаны бойлай жорықтар жасады.

Герман және галл тайпаларының көсемдері өздерін қорғау үшін Риммен келісімге келіп, одақ құрды. 451 жылы біріккен герман-рим әскерлері ғұндарға қарсы шабуылға шықты. *Катауна* даласында өткен шайқаста екі жақтың да күші тең түсті. Бұл соғыс тарихта «*халықтар шайқасы*» деген атпен қалды.

Римдіктер осы шайқастан соң ғұндар шекараға жақындамайды деп ойлады. Бірақ Аттила 452 жылы солтүстік Италияға басып кіріп, Римге жақын келді. Император қаладан қашып кетті. Рим папасы бастаған қала ақсүйектері Аттиланы ерекше құрметпен қарсы алды. Рим қаласы қираудан аман қалды.

453 жылы Аттила қайтыс болып, оның мемлекеті ұлдары арасында бөліске түсті.

Еуразия тарихындағы ғұндардың орны. Ғұндар қалыптасқан кезде Еділ-Жайық бойын жайлаған тайпаларды біріктірді. Сол кезеңнің тарихи деректері көрсеткендей, ғұн ақсүйектері хуннулардан тарап, жергілікті алан, түрік финн-угор тайпаларымен одақ құрған. Еуропада оларға тағы бірқатар тайпалар қосылды. Сөйтіп, ғұндар өзіндік мәдениет қалыптастырған.

Ғұндардың атты әскері өте қуатты еді. Ғұн жауынгерлері әдейі кейін шегініп, дұшпанын тосқауылға тап қылатын скифтердің соғыс әдісін шебер пайдаланған. Бекіністерді алу үшін қамал бұзғыш құрылғыларды қолданды. Ғұн әскерлері тез арада ұйымдасып, бекіністерді оңай басып алатын.

Ғұндардың құрамындағы тайпалар венгр халқының этникалық бір бөлігіне айналды, олар өздерін ғұндар деп атады.





Ғұндар Римнің Еуропадағы үстемдігін жойды. Олардың жо-рығынан кейін еуропа халықтары қазіргі қоныстанған жерле-рін тұрақты мекенге айналдырды. Ғұн шапқыншылығы Рим империясының құрылысын түбегейлі өзгертті, еуропалық қоғам-ның әлеуметтік қатынастарын жетілдірді. Қоныс аударған гер-ман тайпалары Солтүстік Италияның роман тілдес халықтарын ығыстырды. Герман, галл тайпаларында ерте ортағасырлық мемлекет құру үрдісі басталды.



1. «Хунну» және «ғұн» атауларының қандай айырмашылығы бар?
2. «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» қашан басталды?
3. Халықтардың ұлы қоныс аударуының түйінді мәселесі неде?
4. Этникалық ығысуға қай халық себепкер болды?
5. Ғұндардың Еуропаға қоныс аударуы туралы әңгімелеңдер.
6. Атиллаға, оның билігіне баға беріңдер.



Жүп болып талқылаңдар.

Ғұндар Қазақстан мен дүниежүзінің тарихында қандай орын ала-ды? Кластер құрыңдар.



Қосымша тапсырма

«Атилла («Құдайдың қаһары») – ғұндардың көсемі» атты эссе жазыңдар.

Жазбаша тапсырмаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпты ашу үшін маңызды деректерді таңдап алу.
2. Түрлі суреттермен көркем безендіру.
3. Негізгі ойды жүйелі түрде, нақты жеткізу.

Эссені бағалау өлшемі.

- Мәселенің мазмұнын ашу – 1 балл.
- Өз пікірін жеткізіп, оны дәлелдеу – 1 балл.
- Келтірілген дәлелінің нақтылығы – 3 балл.
- Жоғары балл – 5.



§50–51. ЕЖЕЛГІ ТАЙПАЛАРДЫҢ
МӘДЕНИЕТІ

Діни көзқарастар. Ру-тайпа одақтары кезінде көсемнің билігі едәуір өзгерді. Қола дәуірінде ол сайланып қойылса, кейінгі кезеңде жағдай жаңаша сипат алды. Жеке адамның қолына малдың шоғырлануы, қоғамның бай мен кедейге бөлінуі ұйымдасқан күшті билікті қажет етті. Мал шаруашылығы адамның ұжымдық еңбегін қалыптастырды. Сондықтан Еуразияның далалық аймағында, егіншілік аймақпен салыстырғанда тайпалық одақтар мен мемлекеттер ертерек пайда болды. Сақ, массагет және савроматтар кең-байтақ жайылымдарын қорғау үшін алғашқылардың бірі болып тайпа одақтарын құрды.

Сақ жауынгерлері жебелі садақ, шабу мен түйреуге ыңғайлы қанжар – *ақинақ*, ұзын семсер, найза, әртүрлі айбалталармен қаруланды. Сауыт-сайманы, қола дулығасы мен қалқаны болды.

Көсем билігінің маңызы ерекше еді. Сақтар мен савромат көсемдері қоғамда өз билігін арттыруға ұмтылды. Абыздар би-



Сақ жауынгерлері. А. Дүзелхановтың суреті

лікті көсемдерге халқына қамқорлық жасау үшін құдай береді деп түсіндірді.

Тиграхауда, савромат және ғұн көсемдері обаларының көлеміне қарағанда олардың байлығы мол болғанын аңғарамыз.

Көсемдерге оба, дала пирамидалары тұрғызылып, қасына орасан көп қазына қою арқылы оларға ерекше құрмет көрсетілді. Үйілген обаның үлкендігі адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайын, құдайлар әлеміне жақындығын білдірді. Үндіран тайпаларының түсінігінше, билікті көсемдерге шығыстан батысқа күймемен күнделікті саяхат жасайтын Күн құдайы береді. Ғұндарда бұл көк құдайы *Тәңірі* саналды. Шаньюй өзін Тәңірінің ұлымын деп атады. Сол арқылы ол өз билігінің шексіз, құдайдың сыйы екенін атап көрсетті. Сақтар мен ғұндар ата-бабаларының аруағына сиынған. Қайтыс болғандардың көпшілігі өртелді, таңдаулы «құдіретті адамдар» ғана обаға жерленді.

Ғұн тайпаларының қабірлері үйіндісіз тұрғызылды. Бірақ мемлекеттің құрылу кезінде ғұн билеушілері оба тұрғызу дәстүрін енгізген. Шаньюйлер қабірінің үстіне биік обалар тұрғызған. Сонымен қатар ежелгі тұрғындар арасында *тотемизм* мен *фетишизмге* байланысты да көне сенімдер сақталған.

Жоларалық анықтамалық. Тотемизм австралия аборигендерінің «тотем» сөзінен шыққан. Адамның шығу тегін аңдармен байланыстырып, соған сиынуды білдіреді.

Фетишизм, ағылшынның «фетиш» – зат деген сөзінен шыққан. Кейбір рулар мен тайпалар жансыз заттарға: қасиетті жартасқа, бақыт әкелетін найзаға, алтын жебеге т.б. табынған.



Сақ қанжары – ақинақ

Өнер. Аң стилі. «Аң стилі» ескерткіштерінде қиял-ғажайып тіршілік иелері, аң аулау көріністері бейнеленген. «Аң стилінің» жарқын үлгілері Тува жеріндегі Аржан обасынан кездесті. Обаның диаметрі 120, биіктігі – 3 м. Жергілікті тайпа көсемінің қабірінен әлемдегі ең үлкен бүктеліп жатқан қабылан бейнесіндегі айылбас, таутекелердің мүсіндері, қабан кейпіндегі сабы бар қанжар, алтын тұмар, жебе ұштары табылған. Оба б.з.б. 8 ғасырға жатады. Табылған үндіран өнерінің бұйымдары ежелгі болып есептеледі. Бұған қарап, скиф-сақ «аң стилі» Азия далаларында б.з.б. 1 мыңжылдықта қалыптасып, Ұлы

Далаға тараған деуге болады. Археологтер Алтай өңірін осы өнердің бастау алған жері деп есептейді.

Қола дәуірінде-ақ жергілікті шеберлер аң мүсіндерін жасаған. Жартастарға бұғы мен бұқаның т.б. аңдардың суреттерін салды. Суретшілер жартастарға аң аулау көріністерін, адамдардың тұрмысын бейнелеген. Жартастағы суреттерде көбінесе мүйізі иілген таутеке, бұғы, жылқы, садақ ұстаған адам жиі кездеседі.

«Аң стилі» өнері үлгілерімен тұран тайпалары Алдыңғы Азия мен Иранға жасаған жорықтарында танысқан. Осы жерлерден сақтарға арыстан бейнесі, самұрық, «өмір ағашы» бейнелері тараған. Бұлар уақыт өте келе жергілікті жануарлар бұғы, қой мен түйе, қар барысы, жолбарыс, бүркіт бейнелеріне ауысқан.

«Аң стилінің» қолданбалық маңызы зор. Суреттер күнделікті тұрмыста пайдаланылатын бұйымдарға салынған. Сонымен бірге кейбір аңдар мифтік кейіпте бейнеленген.

Полихромдық стиль. 3–5 ғасырларда «полихромдық стиль» өнері дамыды. Оның таралуы ғұндармен байланыстырылады. Негізгі қолданылатын шикізат алтын мен қола болды. Бұл әшекейлер екі материалдан құралады. Біріншісі – негізгі, одан бұйым жасалады. Екіншісі – алтын, күміс, олар бұйымның үстіне жұқа етіліп жабыстырылған. Зергер басқа металды қосу арқылы әшекейді қымбат алтын немесе күміс етіп көрсетуге тырысқан.

Полихромдық стильге бұйымды әшекейлеудің әр алуан әдістері тән. Соның бірі – түрлі түсті асыл тас орнату. Мұнда алтын бұйымға асыл және жартылай асыл тастар жапсырылады. Түрлі алтын түйіршіктері немесе жіңішке сымдар бекітіледі. Сымды нәзік етіп өріп, зат бетіндегі ойықтарды арнайы жарқырауық әшекеймен көмкеру әдісі де *полихромдық стильге* жатады.

Б.з.б. 1 мыңжылдықтың басында шыққан полихромдық стиль біртіндеп аң стилін алмастырды. Б.з.б. 8–1 ғасырларда Қазақстанда полихромдық стильдің *зерлеу* мен *түйіршіктеу*



Ғұндардың әшекей бұйымдары



әдісі белгілі болды. Осылай әшекейленген заттар Ертістің жоғарғы жағынан (Шілікті), Орталық (Жыланды) және Батыс Қазақстан (Бесоба) қорымдарынан, Алакөл ойпатындағы қабірлерден табылған.

Б.з.б. 1 мыңжылдықтың басында Алдыңғы Азия мен Шығыс Жерорта теңізінен тараған бұл күрделі де нәзік өнер Жетісу аумағына дейін жетіп, ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде қалып отырды. Бұл стильді зергерлер әлі күнге дейін қолданып келеді.



1. Қола дәуірімен салыстырғанда темір дәуірінде адамдардың діни дүниетанымында қандай өзгерістер орын алды?
2. «Аң стилі» қашан және қайда пайда болды?
3. Полихромдық стильге не жатады? Сол кезеңнің өнер туындыларына сипаттама беріңдер.
4. Сызбаны толтырыңдар.

Сұрақтар	Аң стилі	Полихром стилі
Таралған уақыты		
Кім жасады		
Негізгі материалы		
Қолдану аясы		
Белгілі ескерткіштері		



Жүп болып талқылаңдар.

Полихром стилін қазіргі заманның зергерлері не себепті әлі де қолданып келеді? Мысал келтіріңдер.



Қосымша тапсырма

Аң және полихром стилінде жасалынған темір дәуірінің атақты ескерткіштері туралы 7–8 минуттық таныстырылым әзірлеңдер.

Мультимедиалық таныстырылымға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпқа сәйкестігі;
2. Көркем безендірілуі;
3. Мәтіннің нақтылығы;
4. Түрлі деректермен жұмыс жасау білігі.

Рәсімделуі:

1. Таныстырылым үйлесімді, эстетикалық талапқа сай, безендірілуі мазмұнына сәйкес келуі керек.



2. Таныстырылымның бейнеленуі тартымды, қызықты болуы, мәтіннен ауытқымауы тиіс.
3. Мәтін жеңіл оқылатын және слайдтар соған сәйкес келуі керек.
4. Тізім, кесте, диаграмма мен сызбалар таныстырылымда ретімен орналастырылғаны жөн.

Таныстырылымды қорғау:

1. Таныстырылым материалын мүмкіндігінше толық меңгеру.
2. Анық әрі түсінікті етіп жеткізе білу.
3. Аудиториямен еркін қарым-қатынас орнату (қызықтыра білу, сұраққа сауатты жауап беру).
4. Регламент сақтау.

§52. ЕЖЕЛГІ ЗАМАНДАҒЫ КЕРУЕН ЖОЛЫ

Сендер Ұлы Жібек жолы туралы естіген боларсыңдар. Қазір Еуразия құрлығындағы Жібек жолын жандандыру үшін оның бағытымен жаңа жолдар салынып, көптеген археологиялық ескерткіштер қалпына келтірілуде.

?? *Ұлы Жібек жолы туралы не білесіңдер?*

Ұлы сауда жолының бастаулары. Қазіргі археологиялық деректерге қарағанда б.з.б. 3 мыңжылдықтың өзінде «лазурит жолы» болған. Бұл жолмен Памир жоталарынан Таяу Шығыс (Ур, Лагаш) және Үндістан (Хараппа, Мохенджо-Даро) елдеріне сол кездің аса бағалы тасы *лазурит (көктас)* тасымалданған. Б.з.б. 2 мыңжылдықта «нефрит жолы» іске қосылды. Бұл минералды Қытай императорлары ерекше қастерлеген. Ол Шығыс Түркістаннан Кунь-Лунь ауданында өндірілген, Қытайда жібекке айырбасталған.

Б.з.б. 1 мыңжылдықтың ортасында осы екі керуен жолы (нефрит және лазурит) біріге бастайды. Бадахшанның көктасы Қытайға жетіп, Парсы елі мен Үнді алқабына Қытай жібегінен тігілген киімдер тарайды.

Б.з.б. 138 жылы Қытай елшісі *Чжан Цянь* ғұндардан жеңіліп, Солтүстік Үндістанға қоныс аударған тохар-юечжийлер тайпасына елшілікке аттанады. Ол бұл тайпаларды Қытайдың Хань



Мыс және
күміс теңгелер

әулетімен ғұндарға қарсы одақ құруға көндірмекші болады. Чжан Цянь Орта Азиядағы Соғды мен Бактрия елдерінде болған алғашқы қытайлық еді. Сол жерлерде ол Қытай тауарына сұраныс көп екенін білді және қытайлықтарға таныс емес заттарды көрді. Әсіресе оны Ферғананың асыл тұқымды жылқылары таңғалдырады. Б.з.б. 126 жылы Қытайға оралған елші императорға Хань мемлекетімен Орта Азия елдерінің тікелей саудасынан түсетін пайда мол екенін жеткізеді. Халықаралық сауданың тиімділігін түсінген қытайлар Шығыс Түркістан, Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан

аймақтарын осы тұрғыда біріктіруге күш салады. Б.з.б. 121 жылы Қытайдан Ферғана алқабына жібек пен қола айналар артқан алғашқы керуен жол тартты.

Орталық Азияда Жібек жолының жұмыс істеуі адамдар мен қалалар санының артуына да әсер етті. Үндіран тайпаларында отырықшы-егіншілік пен қолөнер өнімдері сұраныстан артылып қалатын. Қола дәуірінде-ақ олар артық өнімдерін айырбастай бастаған. Ежелгі қалалар мен қоныстарда сауда орталық алаңда өткізілді. Уақыт өте келе ол жерлер арнайы сауда үшін жабдықталған базарларға айналды. Артық тауарлар көрші қалалар мен қоныстарға шығарылды. Қолөнерші, тоқымашылар, көзеші, етікші, зергерлер мен ұсталар егіншілермен өз өнімдерін алмастыра бастады.

Орталық Азияда сауда жолының тораптары пайда болып, Қытайдан Иранға, одан әрі Византия, Таяу Шығыс және Солтүстік Африкаға дейінгі халықаралық сауда жолы қалыптасты. Б.з.б. 2 ғасырдағы Хань императоры мен Қытай көпестерінің мүддесі Орталық Азиядағы қолөнер мен сауданың дамуына ықпал етті.

Жібек жолының бағыттары. Ұлы Жібек жолы Қытайдың қиыр батысындағы Гансу аймағының *Дуньхуан* қаласынан басталды. Бұл қала буддизм орталығы ретінде белгілі. Осы жерден жол оңтүстік және солтүстік болып екі айрыққа бөлінеді. Оңтүстік бөлігі Солтүстік Қытайдан Орта Азия арқылы, Таяу Шығыс пен Солтүстік Үндістанға жетті. Солтүстік бөлігі Қытайдың солтүстігінен Памир, Арал бойы арқылы төменгі Еділ мен Қара теңіз жағалауына барды. Ыстықкөл тұсында жолдың екі тармағы бір-біріне біршама жақындайды. Солтүстік жол мен оңтүстік жол көлді екі жағынан айналып өтеді.



Оңтүстік жол Сирия арқылы Византия мен Солтүстік Африкаға дейін жетті. Солтүстік жол оңтүстік сілемінде Қырым жағалауын, солтүстік сілемінде Каспий теңізін байланыстырды. Бірақ осы тармақтың Солтүстік Кавказ жағы қауіпті болып жиі тоқтап қалатын. Алтын Орта билігі кезінде ғана бұл жол қауіпсіз болды. Ұлы Жібек жолын Қытай үкіметі Мин әулеті билікке келгеннен кейін ресми түрде жапты. Осы кезде теңіз сауда жолдары дами бастаған еді. Шығынына қарамастан, теңіз жолы тиімді болды. Ұлы Жібек жолы бір ғана бағытта болмаған еді. Шын мәнінде, сауда жолы бірнеше қатар тораптар мен тармақтардан тұрды.



1. Ұлы Жібек жолына сипаттама беріңдер.
2. Ұлы Жібек жолы қай қаладан басталды?
3. Ұлы Жібек жолының қандай бағыттарын білесіңдер? Сипаттаңдар.
4. Картаға Жібек жолының бағыттарын түсіріңдер.



Жүп болып талқылаңдар.

Қазақстан тарихында Ұлы Жібек жолы қандай рөл атқарды?



Қосымша тапсырма

«Ұлы Жібек жолы – адамзаттың ұлы жетістігі» тақырыбында ауызша хабарлама дайындаңдар.

Ауызша хабарламаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыптың өзектілігін ашып көрсету.
2. Қойылған мақсат-міндеттерді айқындау.
3. Зерттеу ерекшелігіне тоқталу.
4. Негізгі түйіндерді тұжырымдау.

Хабарлама мына талапқа сай болуы тиіс:

1. Мазмұндылық, ойдың нақтылығы;
2. Баяндаудың дәлелділігі, сенімділігі;
3. Сөйлеудің мәнерлілігі.

Хабарламаның негізгі мазмұнын ашатын слайдты таныстырылым дайындау қарастырылады.



§53. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫ

Құрметті оқушылар! Сендер Қазақстанның ежелгі тарихын оқып бітірдіңдер. Осы сыныпта адам жаратылысынан бастап біздің жеріміздегі халықтардың арғы ата-бабаларының қалыптасып, дамуына дейінгі кезеңмен таныстыңдар.

Адамның пайда болуы мен өмірі. Ежелгі Африка ең алғашқы адам мен саналы адамның бесігі, адамзаттың отаны болды. Қазақстан жеріне қоныстану осыдан 1 млн жыл бұрын басталды. Қаратау тауларынан осы кезеңде өмір сүрген адамдар – *питекантроптардың* қоныстары табылды. Кейінгі палеолит пен мезолиттің аралығында Қазақстан аумағында «саналы» адам, оның ішінде палеоазиат қалыптасты.

Неолит дәуірінде адамдар табиғатпен үйлесімді өмір сүрді. Бұрынғысынша табиғаттың дайын өнімін пайдаланды, яғни терімшілікпен айналысты. Енді бір бөлігі табиғаттың байлығын өз пайдасына жарата бастады. Екіншілік (өсімдік өсіру) және мал шаруашылығы (қолда мал ұстау), қолөнер, оның ішінде қарапайым металл өңдеу пайда болды. Мұндай шаруашылық *«өндіруші шаруашылық»* немесе *«неолит төңкерісі»* деп аталды. Адамдардың екі түрлі шаруашылықты қатар пайдаланып, дамытуын тарихшылар адамзаттың ірі жетістігі санайды. Бір тайпалар табиғатпен үйлесімде қалса, екіншілері табиғатты бағындырып, тұрмысын жақсартта түсті. Өндіруші шаруашылық ғаламшарымыздағы табиғи қорлардың азаюына әкелді. Қазір өлемдегі экологиялық қозғалыс аясында табиғи қорларды болашақ ұрпаққа жеткізу, балама қуат көздерін табу үшін күрес жүргізілуде.

Ата-бабаларымыз айналысқан шаруашылықтың алғашқы түрін ғалымдар «аграрлық экономикаға» жатқызады.

?? «Аграрлық экономика» деген не? «Аграрлық экономиканың» тиімді және тиімсіз жақтарын ойластырып көріңдер.

Шаруашылықтың бұл түрі табиғатқа тәуелді болды. Көп жылғы құрғақшылықтан адамдарға ашығу және жойылып кету қаупі төніп отырды. Өндіргіш шаруашылықтың шығуы адамдардың табиғатқа тәуелділігін ішінара азайтты. Екіншілер



бір жолғы құрғақшылыққа шыдай алды, бірақ оның қайталануы аштық пен қоғамның күйзелісіне әкелер еді. Сондықтан адамдар табиғат құбылысына тәуелділіктен шығудың, қауымды азық қорымен қамтамасыз етудің жаңа жолдарын іздеді. Ежелгі дүние үшін бұл – «агротехниканы» жетілдіру, яғни соқа, темір түреннің, суландыру жүйесінің ойлап табылуы еді. Адамдар канал, арықтар қазды, жердің ылғалын сақтау үшін танапты қопсытты, кей бөлігін бір-екі жылға тынығуға қалдырды. Мал өсірушілерде малды сұрыптау жүрді. Ежелгі авторлар сармат, сақ, скиф тайпаларының жергілікті табиғат ерекшелігіне сай әртүрлі жылқы және қой тұқымдарын өсіргенін айтады.

?? *Ежелгі дәуірде қой мен жылқының жаңа тұқымын қалай өсіргені туралы не білесіңдер?*

Бірақ адамдардың тұрмысын жақсартудың тиімді әдісі сауда болып шықты. Ол ежелгі халықтар мен мемлекеттер арасын жақындастырды.

?? *Қалай ойлайсыңдар, не себепті сауда адамдардың тұрмысын жақсартудың тиімді жолы болды?*

Отырықшы қоныстар мен қалаларда саудаға негізделген қолөнер түрлері қалыптасты. Адамдар ойлап тапқан жаңа дүниелерімен өзара алмасты. Осының бәрі ғаламшарымызда, оның ішінде Қазақстанда қоғамның дамуын тездетті. Қазақстан ежелгі өркениеттің бір орталығына айналды.

Этникалық үрдістер. Алғашқы кезде Қазақстан жерін палеоазиаттар немесе ежелгі азиат тайпалары мекендеді. Далалық, жартылай шөлейт және шөлді табиғи орта олардың сыртқы әлпетіне монголоидтік тұрпат берді. Бұл тайпалар мезолиттік шаруашылықпен айналысты, олардың өмірі су жағасында өтті. Өзен-көлдер тамақ табу үшін қолайлы еді. Ең алдымен, бұл балық аулауға, суат маңында топталып жүретін қабан, жолбарыс тағы басқа аңдарды және су құстарын аулауға мүмкіндік берді.

«Неолит төңкерісі» адам санының тез өсуіне әкелді және ежелгі халықтардың қоныс аударуына себепші болды.

?? *Неолитте адамның тез көбейіп, қоныс аударуы не себепті жедел жүрді?*





Қола заманындағы әйел мүсіні (қайта қалпына келтірілген)

Б.з.б. 5 мыңжылдықтан бастап, Қазақстан мен Орталық Азияға арий, үндіран тайпалары біртіндеп қоныстана бастады. Олардың сырт әлпеті еуропеоид өңдес еді. Б.з.б. 2 мыңжылдықта үндірандықтар Алтай, Батыс Монғолия, Тұрфан мен Тарым өзендерінің жағалауына жетті. Тарым өзені бойындағы жерлеу орындарынан ақсары өңді, сары шашты, үндірандықтардың мумиялары табылған. Олар «тарым мумиялары» деген атпен белгілі. Бұлар ежелгі дала тұрғындарының арғы ата-бабалары. Б.з.б. 165 жылы ғұндардың жеңісі үндіран және алтай тайпаларының көп ғасырлық аражігін бұзды. Осы кезден бастап түркі-монғол халықтарының Қазақстан аумағы мен Орталық Азияға қоныстануы белсенді түрде жүрді. Адамдардың екі тұрпатының: азиялық еуропеоид (тұрандық) және ішкі азиялық монғолоидтардың араласуынан «оңтүстік сібірлік» физикалық түр қалыптасты. Қазақстан мен Батыс Сібірдің халықтары осы физикалық түрге жатады. Араласу үрдісі ежелгі дүниеде басталып, келесі ғасырларда жалғаса берді. Тарихта «таза» нәсіл мен халықтар болмайтыны осыдан-ақ түсінікті.

XX ғасырдың 80-жылдары генетик ғалымдар Жер бетіндегі қазіргі адамдар бір анадан тарағанын анықтады. Біз бір ғаламшардың тұрғындарымыз және Жер бетіне баянды бейбітшілікті сақтауға міндеттіміз.



1. Палеолит пен мезолит аралығында адамдардың қандай түрі қалыптасты?
2. Ежелгі ата-бабаларымыз жүргізген шаруашылық түрін сипаттаңдар. Оның тиімді, тиімсіз жағы қандай еді?
3. Сауда адам қоғамының дамуына қалай әсер етті?
4. «Оңтүстік сібірлік» физикалық түр қалай қалыптасты?



Жүп болып талқылаңдар.

«Таза» нәсіл мен халықтар болмайды деген пікірге көзқарастарыңды білдіріңдер.

Топпен жұмыс

I топ – 5-сыныптың оқу материалы бойынша тест тапсырмаларын құрастыру. Тапсырмада маңызды даталар, оқиғалар, тұлғалар, терминдер мен түсініктер қамтылуы тиіс.

II топ – «Қазақстан ежелгі дәуірде» тақырыбына ақпараттық плакат әзірлеу.

III топ – «Қазақстан ерте темір дәуірінде» атымен ақпараттық плакат әзірлеу.

IV топ – «Қазақстан кейінгі темір дәуірінде» атты ақпараттық плакат әзірлеу.

Ақпараттық плакатты бағалау өлшемі:

1. Көлемі;
2. Ақпараттың ауқымдылығы;
3. Тақырыпқа сәйкестігі;
4. Материалды білуі;
5. Безендірілуі.

**Қосымша тапсырма**

«Ежелгі Қазақстан тарихындағы ең маңызды оқиға» тақырыбына хабарлама әзірлеу.

Жазбаша тапсырмаға қойылатын талаптар:

1. Тақырыпты ашуда маңызды ақпарат пен деректерді іріктеп алу.
2. Тақырыпты жүйелі түрде баяндау (қорытынды жасау).
3. Қосымша материалдарды пайдалану.
4. Жұмыстың дербес орындалуы.



АНЫҚТАМАЛЫҚ СӨЗДІК

Ақинақ (арх. термин) – біздің заманымыздың бас кезінде пайдаланылған қысқа қылыш.

Археолог – адамзаттың өткен тарихын заттай деректер бойынша зерттейтін ғалым.

Археология – тарих ғылымының көне дәуір мен орта ғасырдағы адамзат қоғамы дамуының заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін зерттейтін саласы.

Археологиялық мәдениет (арх. термин) – ортақ аумағы мен белгілері бар бір кезеңнің материалдық ескерткіштері. Археологиялық ескерткіштер белгілі бір ерекшеліктеріне сәйкес жіктеледі.

Жерлеу ғұрпы (арх. термин) – мәйітті жерлеу дәстүрі.

Қабір шұңқыры (арх. термин) – қайтыс болған адамды жерлейтін орын.

Магия – діни сенімнің түрі.

Мәдениет – жекелеген қоғамның қол жеткен табыстар жиынтығы (оқулық бойынша).

Миграция – бір жерден екінші жерге қоныс аудару.

Оба (арх. термин) – ежелгі жерлеу орнының үстіндегі үйінді.

Өркениет – мәдени жетістіктер (оқулық бойынша).

Ру – бірге шаруашылық жүргізетін туыстас отбасылардың бірлестігі.

Тайпа – мемлекетке дейінгі рулар бірлестігі.

Тотем – табиғи нысандарға, көбінесе жануарларға табыну.

Тұрақ (арх. термин) – ежелгі адамдардың қоныстары.

Этнолог – қазіргі халықтардың ертеде өмір сүрген көне этностық топтарының шығу тегін, өзіндік ерекшеліктерін зерттейтін ғалым.

Этнология – тайпалар мен халықтарды зерттейтін қоғамдық ғылымдар саласы.

Этнологиялық дерек – тайпалар мен халықтар жайлы жинақталған мәлімет.

Тарихи география

Алтай – еліміздің солтүстік-шығысындағы таулы өңір.

Есіл бойы – Есіл өзенінің жағалауы (Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облысы).

Ертіс бойы – Ертіс өзенінің жағалауы (Шығыс Қазақстан мен Павлодар облысы).

Орталық Азия – Қазақстан мен Орта Азия елдерінің аумағы.

Орта Сырдария – Сырдария өзенінің орта ағысы (Оңтүстік Қазақстан өңірі).

Памир – Тәжікстандағы тау.

Паннония – Шығыс Еуропаның далалық бөлігі.

Парсы (Иран) – Каспий теңізінің оңтүстігіндегі ежелгі ел.

Понто-Каспий далалары – Солтүстік Каспийден (Қазақстанның Атырау облысы) Қара теңіздің солтүстігіне дейінгі аймақ.

Соғды – ежелгі Тәжікстан.

Солтүстік Арал бойы – Арал теңізінің солтүстік жағындағы аумақ (Қызылорда облысының солтүстігі мен Ақтөбе облысының оңтүстігіндегі өңір).

Солтүстік Қара теңіз жағалауы – Қара теңіздің солтүстік бөлігіндегі далалар.

Тарбағатай – еліміздің шығысындағы таулы өлке.

Тобыл – Тобыл өзенінің жағалауы.

Төменгі Сырдария – Сырдария өзенінің төменгі ағысы (Қызылорда облысы).

Үстірт – екі теңіз аралығындағы геологиялық аймақ (Маңғыстау облысы).

Шығыс Түркістан – қазіргі ҚХР-дағы Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының аумағы.

Хорезм – Өмудария өзенінің төменгі ағысында орналасқан ел.

Ішкі Азия – Монғолияның қазіргі аумағы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Ақышев К.А.* Есік қорғаны. – Мәскеу, 1978 (орыс тілінде).
- Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.К., Жұмағанбетов Т.С.* Қазақстан археологиясы. – Алматы, 1994 (орыс тілінде).
- Бернштам А.* Ғұндар тарихының очеркі. – Ленинград, 1951 (орыс тілінде).
- Гумилев Л.Н.* Хунну. Ежелгі замандағы Орта Азия. – Мәскеу, 1960 (орыс тілінде).
- Жданко Т.А.* Орта Азия мен Қазақстандағы номадизм. – Мәскеу, 1968 (орыс тілінде).
- Жұмағанбетов Т.С.* Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарихына арналған жаттығу сабағы: оқу құралы. – Алматы, 2000 (орыс тілінде).
- Жұмағанбетов Т.С.* Ежелгі түркілердің шаруашылық жүргізуінің номадтық әдісі туралы//Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы. Тарих сериясы. – Алматы, 2002, №3 (орыс тілінде).
- Зайберт В. Ф.* Ботай мәдениеті. – Алматы, 2009 (орыс тілінде).
- Зайберт В. Ф.* Орал – Ертіс аралығындағы энеолит. – Петропавловск, 1993 (орыс тілінде).
- Қадырбаев М.К., Құрманқұлов Ж.* Ежелгі Сарыарқа бақташылары мен металлургтерінің мәдениеті. – Алматы, 1992 (орыс тілінде).
- Қазақстан тарихы* (көне заманнан бүгінге дейін). 1-том. – Алматы, 1996.
- Қазақтар* (көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық). – 1-том. – Алматы, 2003.
- Марғұлан Ә.Х., Ақышев К.А., Қадырбаев М.К., Оразбаев Ә.М.* Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті. – Алматы, 1998 (орыс тілінде).
- Өтенияз С.* Аттила. – Алматы, 2000.
- Сейдімбеков А.* Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Алматы, 1997.
- Смағұлов О.* Қола дәуірінен қазіргі кезге дейінгі Қазақстан тұрғындары: палеоантропологиялық зерттеулер. – Алматы, 1970 (орыс тілінде).
- Смирнов К.Ф.* Савроматтар. – Мәскеу, 1964 (орыс тілінде).
- Таймағамбетов Ж.К.* Қазақстандағы ежелгі тас дәуірі (негізгі мәселелер). – Новосибирск, 1993 (орыс тілінде).
- Ұлы дала мемлекеттері.* – Алматы, 2010.
- Хазанов А.* Көшпелілер мен сыртқы әлем. – Алматы, 2000 (орыс тілінде).

МАЗМУНЫ

Қымбатты оқушылар!	3
Кіріспе	4

I тарау. Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі

§1. «Тарих» пәні туралы	6
§2. Қазақстан тарихын зерттеуші отандық тарихшылар	8
§3–4. Адамзаттың пайда болуы	12
§5–6. Палеолит. Ежелгі тас дәуірі	16
§7. Адамзат қоғамының қалыптасуы	22
§8. Палеолит адамдарының кәсібі	26
§9. Мезолит. Орта тас дәуірі (б.з.б. 12–5 мыңжылдықтар)	30
§10. Неолит. Жаңа тас дәуірі (б.з.б. 5–3 мыңжылдықтар).....	34
§11. Неолит адамдары өміріндегі өзгерістер	38
§12–13. Қазақстан аумағындағы энеолит	41
§14–15. Қола дәуірі (б.з.б. 2–1 мыңжылдықтар)	44
§16–17. Ерте металл дәуіріндегі тайпалардың шаруашылығы	49
§18–19. Ерте металл дәуіріндегі тайпалардың діни түсінігі... 53	

II тарау. Ерте Темір дәуірі. Сақтар

§20–21. Дәуірдің негізгі сипаттамасы	57
§22–23. Сақтар туралы жазба деректер	60
§24. Далалық тайпалар бірлестіктері мен олардың қоныстануы	64
§25–26. Солтүстік және Шығыс Қазақстанның мал өсірушілері.....	67
§27–28. Оңтүстік және Орталық Қазақстан сақтары.....	72
§29–30. Савроматтар мен массагеттер	77

III тарау. Ежелгі көшпелілер

§31. Қазақстан аумағында мал шаруашылығының қалыптасуы	82
§32. Дала тайпаларының шаруашылығы.....	85
§33. Мал өсіруші тайпалардың қолөнері мен саудасы.....	88
§34–35. Дала тайпаларының қоғамдық құрылысы мен діни түсініктері	92



IV тарау. Үйсіндер мен қаңлылар

§36–37. Үйсіндер тарихы және олардың шаруашылығы	96
§38. Үйсіндердің материалдық мәдениеті	100
§39–40. Қаңлылар	103

V тарау. Сарматтар

§41–42. Жазба және археологиялық деректердегі сарматтар	107
§43–44. Сарматтардың қоғамдық өмірі мен шаруашылығы	111

VI тарау. Ғұндар

§45–46. Жазба деректердегі ғұн тайпалары	115
§47. Ғұндардың шаруашылығы, қоғамдық және мемлекеттік құрылымы	120
§48–49. Халықтардың ұлы қоныс аударуы.....	123

VII тарау. Ежелгі Қазақстан тарихына шолу

§50–51. Ежелгі тайпалардың мәдениеті	127
§52. Ежелгі замандағы керуен жолы	131
§53. Қазақстанның ежелгі тарихына қысқаша қорытынды	134
Анықтамалық сөздік.....	138



О қ у б а с ы л ы м ы

Көмеков Болат Ешмұхамбетұлы
Жұмағанбетов Талғат Смағұлұлы
Игілікова Клара Сәрсенбайқызы

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық

Редакция меңгерушісі *Ө. Пірманов*
Редакторы *Ү. Зәуірбекова*
Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*
Корректоры *Ү. Бахова*
Компьютерде беттеген *Д. Развинавичюс*

ИБ № 057

Теруге 19.02.2017 берілді. Басуға 22.06.2017 қол қойылды. Пішімі 70×100 ¹/₁₆.
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік». Шартты баспа табағы 11,7.
Есептік баспа табағы 9,06. Таралымы 120 000 дана. Тапсырыс № 2533.
«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.